

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ: 37.013.43:808.5

Қолжазба құқығында

АЙТУАРОВА АЗИЗА МАЛДЫБАЕВНА

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚЫРМАНДЫҚ
МӘДЕНИЕТІН ДАМУ**

6D010300 - Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
п.ғ. д., профессор
Абсатова М.А.

Шет елдік кеңесші
философия докторы (PhD),
профессор
MeHmet Korkmaz (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚЫРМАНДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	16
1.1 Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесінің ғылыми еңбектерде зерделенуі.....	16
1.2 «Оқырмандық мәдениет» ұғымының мәні мен құрылымы.....	30
1.3 Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары.....	46
2 ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚЫРМАНДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ЖҮЙЕСІ.....	58
2.1 Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту бойынша отандық және шетелдік тәжірибелердің мазмұны.....	58
2.2 Интернет дәуірінде оқылымның трансформациясы және студенттердің оқырмандық мәдениетінің дамуына зияткерлік пен ақпараттық қажеттіліктердің ықпалы.....	68
2.3 Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	86
3 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚЫРМАНДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ.....	102
3.1 Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың анықтау эксперименті.....	102
3.2 Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту әдістемесінің мазмұны.....	123
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері мен болашағы.....	137
ҚОРЫТЫНДЫ.....	146
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	148
ҚОСЫМШАЛАР.....	162

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Астана, 16.11.2009ж. ҚРБЖҒМ №521 бұйрығы

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы, Астана.14.12.2012ж.

Педагогтың кәсіби стандарты, «Атамекен» Қазақстан республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, 8 мауысым 2017 жыл. https://atameken.kz/uploads/content/files/%D0%9F%D0%A1%20%D0%9F%D0%B5%D0%B4%D0%B0%D0%B3%D0%BE%D0%B3_%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым -Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің жүйелі негізі» Қазақстан халқына Жолдауы, 2021 жылдың 1 қыркүйек.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы, 2021 жылдың 12 қазанында Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған.

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жоба, Қазақстан республикасының Үкіметінің қаулысымен 2021жылдың 15 қазанында бекітілген.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Мәдениет – бұл адамның өмір сүру формасы мен тәсілі, адамзаттың барлық қызмет салаларында: өндірістік, әлеуметтік, рухани болсын, қол жеткізген жетістіктерінің жиынтығы; мұның бәрі адамдардың физикалық және ақыл-ой еңбегінің арқасында жасалған.

Оқу – бұл мәдениеттің өмірлік функциясы. Бұл қоғамдағы интеллектуалдық өндірісті көбейту технологиясы. Бұл қарым-қатынастық делдал, замандастарымен және өмірден өткен адамдармен тікелей диалог.

Оқу мәдениеті – бұл белгілі бір кеңістік, жеке тұлғаның моральдық және интеллектуалдық үйлесімділігі үшін оқу құбылысы тудыратын тұтас орта.

Оқырмандық мәдениет – адами құндылықтарды игеруге, дамытуға және құруға бағытталған құндылықтар мен өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекетінің динамикалық жүйесі болып табылатын кумулятивтік сипаттама (рационалды оқу, шоғарланған ақпаратты жылдам бағдарлау ресурстары, кәсіби және жалпы оқудың оңтайлы қатынасы, баспа жұмыстарына ұқыпты қарау және т.б.).

Оқырмандық қызығушылық – қандай-да бір аспект бойынша эмоционалды түрде тартымды немесе маңызды болып табылатын баспа шығармаларын оқуға оқырманның таңдамалы және жағымды көзқарасы ретінде анықталады. «Оқырман бағыты» және «оқырман көзқарасы» сияқты ұғымдар оқырман қызығушылығы ұғымымен тығыз байланысты.

Оқырмандық бағыт – жеке тұлғаның, топтың немесе қоғамның баспа шығармаларын оқуға қатынасының динамикалық жүйесі, ол оқырман белсенділігінің селективтілігін анықтайды және оқу, оқырман мүдделері мен көзқарастары, тұрақты оқу мотивтері қажеттілігінде көрінеді.

Оқырман көзқарасы – оқырман бағдарының компоненті, баспа шығармаларына белгілі бір жолмен жауап беруге дайын екендігінде көрінетін тұлғаның (топтың, қоғамның) тұтас психологиялық жағдайы: таңдау, оқу, оларды белгілі бір көзқараспен бағалау.

Оқу мотивтері – оқырман бағдарының құрамдас бөлігі – баспа жұмыстарының белгілі бір қасиеттері туралы ықтимал идея түрінде әрекет ететін оқырманның ішкі мотивтері.

Оқу қажеттілігі – әлеуметтік субъектінің (жеке тұлғаның, топтың, қоғамның) коммуникативті, танымдық, күнделікті, адамгершілік және басқа да қажеттіліктер нақты қанағаттандырылатын өмірлік маңызды қызмет ретінде оқуға қатынасы.

Оқу сауаттылығы – бұл «жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау, олардың мазмұнын әртүрлі мақсаттарға жету үшін пайдалану мүмкіндігі..

Сандық оқу - өркениеттік оқу эволюциясының табиғи кезеңі.

Виртуалды кітап - бұл кітаптың қағаз целлюлозасынан бөлінген ақыл-ой формасы

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Абай атындағы ҚазҰПУ	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ЖОО	Жоғары оқу орны
ПжП	Педагогика және психология
ӘпжӨ	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
БТ	Бақылау тобы
ЭТ	Эксперименттік топ
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
PISA	Programme for International Student Assessment
PIRLS	The Progress in International Reading Literacy Study
CABAR.asia	Central Asian Bureau for Analytical Reporting – Орталық Азия бойынша өңірлік талдамалық, ақпараттық және білім беру платформасы
ЕҰУ	Еуразиялық Ұлттық университеті

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. ХХІ ғасырдағы мәдени құлдыраудың жалғасуымен, атап айтқанда, қалың бұқара арасында оқуға деген қызығушылықтың төмендеуімен ғана емес, жалпы оқырмандық мәдениеттің құлдырауымен сипатталады. Туындаған жағдай себептерінің бірі – өсіп келе жатқан ойын-сауық индустриясы. Ғылыми және педагогикалық қоғамдастық мойындағандай, жастар үшін кітапқа балама интернет жүйесінің болуы.

Қазіргі заманғы технологиялар жас пайдаланушыларды «көрнекі бұқаралық мәдениетке» баулиды, ал компьютермен жұмыс жасау (негізінен компьютерлік ойындар) мәдени ортаны қабылдаудың бөлшектік, үстірт, тұрақсыз сияқты «ерекшеліктерін» қалыптастырады. «Мәдени» оқырманға мәтіннің мазмұндық ерекшеліктеріне жайбарақат қарау, ойланбай оқуға көңіл бөлу әдетінің болмауы, сондай-ақ компьютерлік ойын-сауықты ұнататын пайдаланушылардың лексикалық қоры жұтаң болғандықтан, кітаптағы туындыны терең және саналы ұғуға қол жеткізу қиындай түседі, көп жағдайда автор меңзеген терең мағына жабулы күйде қалады.

Нәтижесінде сөз өнері адамның идеалы мен рухани құндылығын жоғалтады, ал оқырманның сөйлеу әрекеті эстетикалық ерекшеліктерін жояды.

Соңғы жылдары белсенді оқитын халық үлесінің төмендеуі қоғамдағы білім мен сындарлы идеялардың тапшылығының артуына әкеледі, еңбек ресурстарының сапасына, жалпы білім деңгейіне, адамгершілік және рухани құндылықтар мен бағдарлар жүйесінің қалыптасуына әсер етеді. Қоғамның аз білімді мүшелері әлеуметтік және мәдени қауіп тобын құрайды. Олардың біліксіздігі әлеуметтік маңызды шешімдердің, ойды дұрыс білдіре алмаудың, ана тіліндегі сөздердің мағынасын түсінбеудің және жазбаша дереккөздерде шоғырланған идеялардың мағынасын түсінбеудің салдарынан жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

2021 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің жүйелі негізі» Қазақстан халқына Жолдауының үшінші бағытында – сапалы білім беру деп нақтыланған: жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз [1].

2021 жылдың 12 қазанында ҚР Үкіметінің қабылдаған «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жоба мен ҚР ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының басты мақсаты: «Барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру» деп анықталған [2,3].

2021 жылдың 15 қазанында қабылданған Қазақстан республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының басты мақсаты: «Ұлттық мәдени бірегейлікті сақтау және мәдени өнімдерді ынталандыру, олардың сапасы мен әр алуандығын арттыру арқылы

әрбір қазақстандықтың көркемдік-шығармашылық әлеуетін іске асыру, сондай-ақ жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру». Ұлттық жобаның бірінші міндеті бойынша-Қазақстандық бірегейлік пен зияткерлікті дамыту негізгі көрсеткіш «Оқитын ұлт» жобасы шеңберінде халықтың кітап оқу белсенділігін арттыру. Іске асыру мерзімі 2021-2025 жылдар деп белгіленген [4].

Аталмыш мақсат пен міндеттерді шешудің, біздің ойымызша, бірден бір жолы бүгінгі жастар-студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту.

Сонымен қатар, PISA оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы дәлелдегендей, оқу сауаттылығы бойынша жалпы білім беру сапасын зерттеу нәтижелері бойынша біздің еліміз халықаралық зерттеуге қатысатын дамыған елдердің (ЭЫДҰ) көрсеткіштерінен едәуір артта қалып отырғандығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын халықаралық зерттеуге төрт рет қатысты. 2009 жылдан бастап мемлекет өсім көрсеткішіне ие болды, ал 2018 жылы төмендеу байқалды.

PISA-2018 өткен жылдардағы өз нәтижелерінен артта қалушылықты анықтады, олардың көрсеткіштері бағдарламаға қатысудың бірінші жылынан төмен болды. PISA-2015 және PISA-2018 арасындағы айырмашылық: математика бойынша – 37 балл, жаратылыстану бойынша – 59 балл және оқу сауаттылығы бойынша – 40 балл.

PISA-2018 нәтижелері бойынша Қазақстанда білімалушылардың 36%-ы оқуды меңгерудің екінші деңгейіне жетті, ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіш 77%-ға тең. Бұл деңгейде оқушылар ұзақтығы орташа мәтінде негізгі идеяны анықтай алады, анық, кейде күрделі өлшемдерге негізделген ақпаратты таба алады, олар нақты белгіленген кезде мәтіндердің мақсаты мен формасы туралы ойлана алады. Қазақстандық оқушылардың басым бөлігі 2-ші және одан төмен деңгейге жетті. Бұл 15 жастағы оқушылар оқыған мәтінді талдай және түсіне алмайтындығын білдіреді.

Оқу сауаттылығы деңгейінің көрсеткіші қазіргі білімалушының маңызды сипаттамасы болып табылады. PISA, PIRLS зерттеулері оқу сауаттылығының жоғары деңгейі адамның болашақ экономикалық әл-ауқатының ең сенімді көрсеткіші екенін атап көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті, SABAR.asia аналитика мектебінің қатысушысы Ж.Нұрбаев, кітап оқу және оқырмандық сауаттылықты арттыруды мемлекеттік деңгейде идеология дәрежесіне көтеру, азаматтардың бастамаларын қолдау, ауылдық мектептер мен балаларға кітап тарату бойынша волонтерлік қозғалыстар, ауылдық жерлерде кітапханалар, оқу орындарын ашу бойынша ұсыныстар береді [5].

Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесінің өзектілігі, сондай-ақ ақпараттық және зерттеу мәдениеті жоғары деңгейдегі, ашық диалог пен коммуникацияға ие маман даярлауда білім беру практикасының қажеттіліктерімен байланысты.

Жас ұрпақты оқу процесіне итермелеу, педагогикалық ойдың дамуының барлық кезеңдерінде жұмыстың негізгі мәні мен білім беру нәтижесін сипаттайтын категория болғанын атап өткен жөн. Барлық дерлік тарихи дәуірлерде білімнің сипаттамасы «оқу қабілетінен» басталды.

Қазіргі заманғы әлеуметтік жағдай Қазақстандық жастарының оқырмандық мәдениетінің жүйелік дағдарысы болып сипатталуы мүмкін.

Зерттеудің өзектілігі сонымен қатар жастардың оқырмандық даму деңгейімен байланысты қазіргі жағдайға жедел педагогикалық жауап беру қажеттілігімен, әсіресе оқу дағдыларын бағалау көрсеткіштерінде теріс динамика сақталғандығымен байланысты.

Бұл мәселе «оқырмандық мәдениеттің жүйелік дағдарысының» құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Мамандардың (психологтардың, педагогтардың, әлеуметтанушылардың) пікірінше, қазақстандық қоғамда білімнің, адамгершілік құндылықтардың, сындарлы идеялардың өсіп келе жатқан тапшылығы (басқа да өткір жалпы жүйелік мәселелер аясында) көбінесе оқуға деген қызығушылықтың төмендеуімен байланысты. Қазіргі уақытта ел оқуды елемей шегіне жетті деген қорқыныш бар.

Сонымен бірге, кәсіби қызметтің қазіргі заманғы шарттары жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарынан өз білімін үнемі кеңейте алатын, кәсіби қызметті сәтті жүзеге асыру үшін ақпараттық негіз құра алатын білікті мамандар даярлауды талап етеді. Ғылымды қажет ететін технологиялардың дамуымен қоғам өмірінің барлық деңгейінде және барлық салаларында ақпарат пен білімнің рөлі артып келе жатқанын атап өткен жөн. Білім мен біліктілік жұмыс беруші үшін де, маман үшін де басым құндылықтарға айналады.

Маманның кәсіби құзыреттілігін дамытудың ең тиімді әдісі – білім беру, зерттеу және кәсіби қызметте нақты және толық ақпараттық негіз құру мақсатында оқудың сөйлеу әрекетін жүзеге асыру. Әр түрлі авторлардың ақпараттық көздеріне үнемі жүгініп, оқырман ақпаратты жинай, жинақтай, жаңарта алады, ақпаратты салыстыра, талдай алады.

Қазіргі жағдай ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына қарамастан, жастарды оқуға және кітапқа жақындатпайды, керісінше тарих барысында адам жасаған материалдық және рухани құндылықтардан, ең алдымен мәдениет, ғылым және білім саласындағы жетістіктерден алыстатады. Сананың рационалды-тұтынушылық түрі қалыптасуда, алдыңғы ұрпақтар жасаған мәдени мұраны сақтауға және көбейтуге қабілетті адамгершілік тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай нашарлауда. Сондықтан деструктивті әлеуметтік құбылыстардың өсу қаупі алдында оқуды қорғау, оған деген қызығушылықты сақтау мемлекеттік маңызы бар бірқатар міндеттерге айналады.

Оқу қазіргі заманғы жас адамға қажет, оның рухани жолы ішкі ресурстарын өзін-өзі түсінуге, әсіресе ішкі әлемі мен жеке басын түсінуге, тарихтағы рөлі мен мақсатын, жақсылық пен жамандық тұрғысынан басқа адамдармен қарым-қатынасын түсінуге жұмылдыру қабілетінен басталады. Бұл шығармашылық ізденісте рухани дамыған тұлға қалыптасады, ол өзінің

тағдыры үшін ғана емес, жақындарының тағдыры үшін де, өзі өмір сүретін елдің тағдыры үшін де жауапкершілік ала алады.

Педагогикалық салада жеке тұлғаны оқырмандық дамыту тұжырымдамасын (В.А.Бородина) [6], үздіксіз және ашық білім беру жағдайында оқуға баулу (Т.Г.Браже [7], Т.Г.Галактионова [8]), оқуды оқытудың стратегиялық тәсілі (Г.Г.Гранник [9], О.В.Соболева[10], Н.Н. Сметанникова [11]) әзірленді.

Жоғары мектептің дидактикасында кәсіби-бағытталған оқу (Е.В.Крылова [12], Е.Ю.Панина [13], И.В. Перлова [14], Т.Е.Серова [15]), сондай-ақ студенттерді ғылыми және оқу мәтіндерін оқуға үйрету (И.Ф. Неволин [16], Е.К.Поздеева [17], В.А.Сластенин [18]) мәселелері зерделенді.

Ғылымда жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетін дамыту мәселелері бойынша маңызды материалдар жинақталған.

Сонымен, оқудың психологиялық табиғаты Л.С.Выготскийдің [19], Н.И.Жинкиннің [20], А.А.Леонтьевтің [21] және т.б. еңбектерінде қамтылған.

Оқу мен түсіну механизмдерінің мәнін анықтауға герменевтикалық көзқарас М.М.Бахтин [22], А.А.Брудный [23], А.Ф.Закированың [24] еңбектерінде ұсынылған.

Семиотикалық контексте оқудың маңызды ерекшеліктерін Т.М.Дридзе [25], Ю.М.Лотман [26] зерттеді. Оқудың әлеуметтік-мәдени функцияларын талдауды И.А.Бутенко [27], С.Н.Плотников [28], М.Г.Ханин [29] жүзеге асырды.

Қазақстандық зерттеушілер арасында Т.Қ.Жұмажанов [30] жұмыстарын атап өтуге болады, кітап оқуға дағдыландыру, оқырманның қызығушылығын қалыптастыру А.Тамаев [31], К.Г.Нұрахметова [32], Қ.Сүлейменова [33] студенттердің оқу мәдениетін қалыптастыру және тәрбиелеуді зерттейді.

Зерттеудің теориялық көздері – классикалық және заманауи зерттеулер, заманауи білім беруді дамытудың әдіснамалық тұжырымдамалары, В.И.Загвязинский [34], В.В.Краевский [35], И.Я.Лернер [36], М.Н.Скаткин [37]);

- іс-әрекеттің психологиялық теориясында жүзеге асырылған Л.С.Выготскийдің адам дамуының мәдени-тарихи тұжырымдамасы (А.Г.Асмолов [38], А.Н.Леонтьев [39], А.В.Петровский [40]);

- оқудың психологиялық аспектілерін зерттеу (Б.Г.Ананьев [41], А.А. Брудный [42], В.В.Давыдов [43], Л.П.Доблаев [44], Н.А.Рубакин [45], И.И.Тихомирова [46], Р.Л. Калимжанова [47]);

- әлеуметтанушылық аспектілер (П.Б.Бирюков [48], И.А.Бутенко [49], В.С.Крейденко [50], О.С.Либова [51] және т.б.);

- мәдениеттанушылық (В.Ф.Асмус [52], Р.Барт [53], М.Бахтин [54] және т.б.);

- оқу және тәрбие қызметінде оқуға қатысты педагогикалық жұмыстар (М.П.Воюшина [55], Е.И.Голубева [56], Л.Г.Жабицкая [57], Г.А.Иванова [58], М.Г.Качурин [59], В.А.Левидов [60]);

- өзін-өзі тәрбиелеу процесінде (Я.Л.Айзенберг [61], И.Г. Барсуков [62], А.К. Громцева [63], К.М.Левитан [64,65], Б.Ф.Райский [66], Н.А.Рубакин [67], Ю.А.Салмин [68], Г.Н.Сериков [69], Г.А.Амзеева [83]. және т.б.).

Педагогикалық ғылымда оқушыларды бастауыш мектепте оқуға үйрету (Т.С.Троицкая [70] және т.б.), әдеби білім беру процесінде оқуды дамыту (Н.М. Свирина [71], С.И.Тими́на [72] және т.б.) және өздігінен білім алу және т.б., оқырманды әлеуметтендіру (С.Қ Абдильдина [73], Н.А.Кабачек [74] т.б.) және оқу бағдарларының өрісін кеңейту (В.Е.Пугач [75], В.П.Чудинова [76] және т.б.), оқырманды тәрбиелеу туралы (Г.А.Иванова [77], И.И.Тихомирова [78] және т.б.), оқуға (В.Г.Маранцман [79] және т.б.), оқу мәдениеті мен оқу кітабын дамытудың дидактикалық мәселелері туралы (Р.У.Богданова [80], Е.И.Казакова [81], Н.Қ. Тоқсанбаева [82], Омарова Г.А. [83], Н.И.Роговцева [84] және т.б.).

Сонымен, қоғамның сауатты оқырманға әлеуметтік тұрғыдан негізделген қажеттілігі мен оқуға деген қызығушылықтың жеткіліксіз деңгейі; зерттелетін процесті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудегі білім беру практикасының қажеттілігі және бағдарламалық-әдістемелік материалдардың жеткіліксіз дамуы арасындағы қайшылықтар ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесі ретінде анықталды.

Бұл қарама-қайшылықтарды қарастыра келе, біз студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту қажеттілігіне байланысты тақырыбымызды «**Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту**» деп алып, аталған тақырыпты зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындадық.

Зерттеудің мақсаты: ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеу, кешенді бағдарламасын жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнындағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

Зерттеудің пәні: студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту.

Зерттеудің ғылыми болжамы:

егер, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың теориялық негіздері айқындалып, ЖОО-да оны дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, білім алушылардың оқырмандық мәдениетін дамытуға бағытталған мәдениеттанушылық, аксиологиялық, ақпараттық-цифрландырылған, синергетикалық тұғырларға негізделген кешенді бағдарламасы жүзеге асырылса, онда студенттердің оқырмандық мәдениетінің жоғары деңгейде дамуына мүмкіндік туады, өйткені білім алушылардың оқырмандық мәдениеті әдіснамалық, мазмұндық және нәтижелік тұрғыдан қамтамасыздандырылады.

Зерттеу міндеттері

- ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

- студенттердің «оқырмандық мәдениеті» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылау;

- ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасын әзірлеп, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту – тұлғаға зияткерлік қанағат әкеледі, қиялын байытады, адамға еркіндік пен жеке дамуға мүмкіндік береді, өмір сапасын жақсартуға ықпал ететін, мәдени мұраны сақтайтын және көбейтетін білім берудің маңызды нәтижесі болып табылады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері мәдениет пен білімнің өзара байланысы, тұлға теориясы, қызмет, қарым-қатынас туралы теориялық ережелер; оқырмандық мәдениетін дамытудың теориялық-әдістемелік аспектілері, педагогикалық жүйелерді жүйелік тәсілдеу және модельдеу ережелері; білім беру саласы мамандарын психологиялық-педагогикалық даярлаудың тұжырымдамалық идеялары болды.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Білім және ғылым министрлігінің үздіксіз педагогикалық білім беру жоғары білім беруге қатысты нормативтік құжаттары, мемлекеттік бағдарламалары; зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, әлеуметтанушы, саясаттанушы, психолог және педагогтердің еңбектері; шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері, мерзімді басылым материалдары, автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеу кезеңдері

Бірінші кезеңі (2018-2019 жж.) – проблемалық-аналитикалық зерттеудің теориялық-эмпирикалық базасын талдауды; қоғамдағы мәселенің жағдайын және жоғары оқу орны тәжірибесін біздің елімізде және шетелде зерттеуді қамтиды. Осы кезеңде зерттеудің өзектілігі, жұмыс болжамы, әдіснамалық негіздері анықталды; пилоттық топтардағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны мен нысандарын анықтау міндеттері шешілді; зерттеудің теориялық моделі құрылды.

Екінші кезең (2019-2020 жж.) – теориялық-жобалау – біздің елімізде және шетелде студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың қазіргі заманғы теориясы мен практикасын зерттеу нәтижелерін зерделеуді; ұғымдық аппаратты негіздеуді қамтыды. «Оқырмандық мәдениет» ұғымының мәні мен мазмұны анықталды, жоғары оқу орны студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың компоненттері, көрсеткіштері әзірленді. Осы кезеңде заманауи студенттердің оқуға деген көзқарасы туралы жаппай диагностикалық зерттеу жүргізілді.

Үшінші кезеңі (2020-2022 жж.) – эксперименттік-түзету, жалпылау – оның технологиялық құралдарын сынақтан өткізу процесінде жоғары оқу орны студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту тұжырымдамасының теориялық ережелерін іске асыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысты қамтыды. Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың

кешенді бағдарламасын жүзеге асыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар ұйымдастырылды.

Зерттеу әдістері: а) теориялық: психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, мәдениеттанушылық, лингвистикалық, әдебиетті пәнаралық талдау, нормативтік құжаттарды зерделеу, зерттеудің базалық анықтамаларын ұғымдық-терминологиялық талдау, модельдеу және жүйелік талдау; б) эмпирикалық: педагогикалық байқау, педагогикалық эксперимент, студенттерге сауалнама жүргізу, олардың дербес және бақылау жұмыстарын талдау; в) өңдеудің статистикалық әдістері және педагогикалық эксперимент нәтижелерін ұсынудың графикалық әдістері.

Зерттеу базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты. Экспериментке барлығы – 85 студент қатысты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы

- ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік ғалым зерттеушілер еңбектерін талдауымен айқындалды;

- «Студенттердің оқырмандық мәдениеті» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды;

- ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік арқылы дәлелденді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

- студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленді:

- «Оқырман шеберханасы» клубының жұмысы;

- «Кітап – табысқа апарар жол» пікірсайысы;

- Педагогика және психология БББ-дағы «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру» элективті пәніне енгізілген практикалық материалдар (семинар сабақтары мен СӨЖ).

Зерттеу нәтижелері студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуға бағытталған нақты әзірлемелер жоғары оқу орнындарында, педагогикалық колледждерде және педагогикалық мамандардың біліктіліктерін жоғарылату институты (БЖИ) тәжірибелерінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- Студенттердің оқырмандық мәдениеті – жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру мақсатында мағыналық ізденіс пен шығармашылық белсенділікті қамтамасыз ететін, құндылық бағдарын өз бетінше анықтаумен, мінез-құлық икемділігімен сипатталатын үздіксіз, тұтас жүйе.

- Жоғары оқу орны студенттерінің оқырмандық мәдениетінің құрылымы: оқу қажеттілігі, оқуға деген тұрақты қызығушылық, құндылық бағдарын өз

бетінше анықтау, мінез-құлықтың икемділігі, мағыналық ізденіс пен шығармашылық белсенділік, жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру.

- Әдіснамалық, мазмұндық және нәтижелік блоктарды қамтыған құрылымдық-мазмұндық модель құрылымы, олардың әрқайсысы функционалды интегративтілікпен органикалық түрде үйлесетін автономиямен сипатталады. Әдіснамалық блок мақсат, міндеттер, әдіснамалық тұғырлар мен принциптерді қамтиды. Мазмұндық блок мазмұн, әдіс-тәсілдер, формаларды қарастырады. Нәтижелік блок компоненттер, деңгейлер, диагностикалық құралдар және нәтижені анықтайды.

- Үш бағыттан тұратын «Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы: «Оқырман шеберханасы» клубы; «Кітап – табысқа апарар жол» пікірсайысы; «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру» элективті пәнінің мазмұны.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен; зерттеу әдістер кешенін пайдаланумен; алынған деректердің дәлелділігімен, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысының жоспарлы кезеңділігімен, бастапқы және соңғы көрсеткіштер нәтижелерінің тиімділігімен, олардың жоғары оқу орнының біртұтас педагогикалық үрдісіне кешенді бағдарлама әзірленіп, ендірілуімен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 14 ғылыми еңбек жарық көрді. Соның ішінде 1 Scopus базасына енген және 1 шетелдік журналда, 3 мақала ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 7 мақала халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 1 оқу-әдістемелік құрал және 1 әдістемелік құрал әзірленіп, 2 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды.

1. Студенттердің оқырмандық мәдениетінің құрылымы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. - Алматы, 2019. - №3(69). 73-77 бб.

2. Өзін-өзі ұйымдастыру студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың шарты ретінде. С.Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршысы. Педагогикалық сериясы. - Павлодар, 2019. 15-21 бб.

3. Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың жетекші қағидалары. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. - Алматы, 2019. - №4(64). 87-91 бб.

4. Студенттердің оқырмадық мәдениетін дамытудың кейбір ерекшеліктері. «Мұғалім бейнесі-ұлт мәртебесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мақалалар жинағы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. - Шымкент, 2019. 13-16 бб.

5. «Оқырмандық мәдениет» түсінігінің сипаттамасы. «Inn & Science Asia» ғылыми-білім беру орталығы. «Ақпараттық және экономикалық бірігу жағдайындағы білім берудің өзекті сауалдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. - Өскемен, 2019. 18-22 бб.

6. The ways for development of reading culture of students. «Психологиялық-педагогикалық білім берудің өзекті мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық қашықтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. Абай атындағы ҚазҰПУ. - Алматы, 2020. 223-226 бб.

7. Буккроссинг және флешмоб – білім алушылардың оқырмандық мәдениетін дамытудың мүмкіндіктері ретінде. «Білім беру, дене мәдениеті, туризм және спорттағы инновация» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Қазақ спорт және туризм академиясы. - Алматы, 2020. 39-41 бб.

8. ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың компоненттері мен көрсеткіштері. /«Al-Farabi-Balasağun-Abai: ғасырлар үндестігі» атты халықаралық онлайн форумның ғылыми мақалалар жинағы. Абай атындағы ҚазҰПУ. - Алматы, 2020. 296-299 бб.

9. Экспериментальное исследование и технологии развития читательской культуры студентов. «Жамбыл Жабаев және жаңа сын-қатерлер дәуіріндегі ұлттық тәрибе мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. Абай атындағы ҚазҰПУ. - Алматы, 2021. 346-349 бб.

10. The development of the university's readers' culture//Cypriot Journal of Educational Sciences, (2022), March. T.17, B. 3, C. 13.

11. Некоторые инновационные методы и формы развития читательской культуры личности// Международный центр научного сотрудничества «Наука и Просвещение». EUROPEAN RESEARCH: сборник статей XXXVI Международной научно-практической конференции. - Пенза, 2022. С. 85-88.

12. Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту бойынша жұмысты ұйымдастырудың шетелдік және Қазақстандық тәжірибесі/ «Білім берудегі инновациялар: тәжірибе, мәселелер және перспективалар» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. Абай атындағы ҚазҰПУ. - Алматы, 2022. 48-52 бб.

13. Жоғары оқу орны студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың негіздері// Оқу әдістемелік құрал, Алматы: ЭСПИ, 2022. 56 б.

14. Болашақ педагогтың оқырмандық мәдениетін дамыту. Элективті курс. (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Әдістемелік құрал, Алматы: ЭСПИ, 2022. 65 б.

Диссертацияның құрылымы: диссертация 178 беттен, кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, 264 әдебиет тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі дәлелденіп, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға

ұсынылатын негізгі қағидалары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі көрсетіледі.

«Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерге теориялық талдау жасалынып, контент-талдау әдісі негізінде «Оқырмандық мәдениет» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланып, студенттердің оқырмандық мәдениетінің құрылымы мен әдіснамалық тұғырлары анықталды.

- ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды;

- студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың үш бағыттан кешенді бағдарламасы әзірленді және тәжірибелік-эксперименттен өткізілді.

«Цифрландыру жағдайында жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың мазмұны мен жүйесі» атты екінші тарауда жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың цифрландыру жағдайындағы трансформациясы мен отандық және шетелдік тәжірибесі сипатталады, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың моделі ұсынылып, оның компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталады.

«Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары» атты үшінші тарауда студенттердің оқырмандық мәдениетін шынайы деңгейін анықтаудың педагогикалық-психологиялық диагностикалық құралдары нақтыланды, анықтаушы эксперимент нәтижелері беріледі, жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы әдістемесі ұсынылды: «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру» элективті пәні, «Оқырман шеберханасы» клубының жұмысы, «Кітап – табысқа апарар жол» пікірсайысы және т.б. эксперимент нәтижелері сапалық және сандық әдістермен қорытындыланды.

Қорытындыда теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ұсыныстар берілді, ұсыныстар мен студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесінің болашақтағы зерттелетін бағыттары көрсетілді.

Қосымшада зерттеудің тәжірибелік-эксперимент жұмысында қолданылған әдістемелер, студенттерге арналған сауалнамалар, диссертацияға енбеген басқада материалдар ұсынылады.

1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚЫРМАНДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесінің ғылыми әдебиеттерде зерделенуі

Бұл параграфтың мақсаты – студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесінің ғылыми әдебиеттерде зерделену жайына талдау жасау болып табылады. Мәдениет – бұл адам өмірінің пішіні мен тәсілі, адамзаттың барлық қызмет салаларында – өндірістік, әлеуметтік, рухани жетістіктерінің жиынтығы; бұл адамдардың физикалық және ақыл-ой еңбегінің арқасында жасалған барлық дүние екендігі баршаға мәлім. Онда адамзаттың табиғи, әлеуметтік және өзіндік мәдени әлемді дамытудағы тәжірибесі шоғырланған. Мәдениетті дамыту негізінде адами менталитеттің формалары қалыптасады, сақталады, жетілдіріледі әрі ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Екінші жағынан, мәдениет – бұл белгілі бір білім немесе қызмет саласын игеру кезінде қоғамның қол жеткізген жетілу дәрежесі.

Мәдениет (латын тілінен аударғанда «Cultura» – «өңдеу», «егу» деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген [85].

Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат». Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады [85, 199].

Мәдениет – әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып, қалыптасады.

Мәдениет – әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Адам, оның қызметімен өзара қатынасы бар жерде мәдениет бар. Бірақ, материалдық және рухани мәдениетті бір-бірінен ажырата білу қажет. Мәдениет материалдық және рухани: бірі – материалдық өндірістің, екіншісі – рухани өндірістің өнімі деп қаралады.

Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді. *Мәдениет* – адам қызметінің ерекше түрі ретінде қарастырылады (Ю.А.Жданов, М.С.Каган) [86,87], ал аксиологиялық тәсілді ұстанушылар мәдениетті адамзаттың құндылық жиынтығы ретінде анықтайды (Н.З.Чавчавадзе) [88]. Мәдениетті адамның жеке шығармашылық бағыты деп

есептеуші өкілдері (Н.С.Злобин, Л.Н.Каган) [89,90] мәдениетті адам шығармашылығының үдерісі ретінде қарастырады.

Мәдениетті зерттеу көне философиялық дәстүрлерді, атап айтқанда, XVII–XVIII ғ.ғ. С.Пуфендорф, Дж.Вико, Г.Х.Момджян, Б.Франклин, И.Кант, И.Гердер, [91-96] зерттеулеріндегі мәдениет мәні туралы ой-пікірлерді негіз етеді.

И.Гердер бойынша, мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі маңыздылары:

- мәдени әрекет;
- мәдени орта;
- мәдени игіліктер мен қажеттіліктер;
- мәдени ұйымдар мен ұжымдар.

И.Гердер мәдениетті кең тұрғыда талдайды. Ол мәдениеттің құрамдас бөліктері ретінде тіл, ғылым, кәсіп, өнер, жанұя, мемлекет, дінді ажыратады. Оның пікірінше бұл элементтердің өзара әрекеттенуі мен байланысуы мәдени дамудың таптырмайтын шарты деп есептеді. «Біз барлық нәрсенің бастауы адам санасы екенін көреміз, - деді. Ол – барлық жерде адамның ойлауы, пайымдауының ықпалы байқалады. Сондықтан мәдениет шынжыры барлық ұлтты бір сызық бойында бірлестіреді...» [96,с. 105].

Г.Ф.Гегельдің философиялық жүйесінде – мәдениеттің негізгі белгісі – шығармашылық саналады, яғни жаңалықты ашу, ескіні толықтыруды атап өтеді [97].

XX ғасырда мәдениеттің постклассикалық көзқарастары Г.Земмель, О.Шпенглер, В.Виндельбанд, М.Вебер және т.б. зерттеулерінде қарастырылған [98-101].

Л.Н.Каган [90, с. 108], В.Ю.Жариков [102] еңбектерінде мәдениет ұғымы оның тұтастығы мен жинақтылығында екені, оның тұтастығы мен жинақтылығынды, екені, оны жүзеге асырудың нақты түрлерімен қоса айтылады. Мұндай жанасу жеке тұлға жалпы мәдениеттің қалыптасу ерекшеліктері, адамгершілік мәдениетінің қалыптасу мәселелерін айқындайды.

Л.Н.Каганның көзқарасынша, «мәдениет» «Адамға тән барлық нәрсе мәдениет көрінісінде бейнеледі, оның өзі адам сияқты жан-жақты бай және қарама-қайшы мәнге ие» [90, с. 106].

Мәдениет құрамына мыналар енеді:

а) іс-әрекет субъекті көрінісіндегі адамның қасиеті, табиғи қасиеттер, яғни табиғаттан адамға берілетін мүмкіндіктер, адамзаттың дамуы барысында қалыптасады және индивид дамуында пайда болып отырады;

ә) іс-әрекет түрлері, генетикалық тұрғыдан берілетін, оқыту мен тәрбиелеу барысында жетілдіріледі де, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі;

б) материалдық және рухани заттарды алуан түрлілігі, іс-әрекет барысында заттанады;

в) адам – мәдениеттің бір бөлігі ретінде, заттану барысында өзгереді, дамиды.

Мәдениет – адамға өзінің жеке іс-әрекетін жетілдіруді дағдысын қалыптастырады. Қарым-қатынастың іс-әрекеттік сипатын белгілей отырып, Л.Н. Каган қарым-қатынасты мақсатты бағытталған, еркін таңдап алынатын, адам қажеттіліктерін іске асырудың практикалық және рухани түрлері субъект ретінде қарастырады [90,с. 107].

Жалпы алғанда, болмыстың «*Табиғат – қоғам – адам*» түрлерінің қатынасы қоғам заңдылықтарына орай, адам мен табиғат арасында мәдениеттің туындауына септігін тигізеді.

Әлеуметтанушылардың пікірінше, мәдениет – бұл кең мағынадағы адамның табиғатқа қарсы шыға алатын дүниесінің тілі, рәміздері арқылы бейнеленеді. Мәдениет – бұл белгілі бір аймақта өмір сүретін халық өмірінің бейнесі, мұнда осы аймақ пен халық тарихы да қамтылады [103].

Психология ғылымында «Мәдениет» ұғымы адамзат жүйесіндегі табиғи бастамаларды зерттеумен қоса қарастырылады [104].

Атап айтқанда, бұл мәселе З.Фрейдтің психоанализдік теориясымен және Ф.Ницшенің адамның құдіреттілік бейнесін түсіндіруші теориясымен өзара байланыста. Адам баламын жануарлар ішіндегі ең жоғары типі ретінде зерттей отырып, олар адамның діни және рухани тегін жоққа шығарады [105,106].

Сонымен қатар, З.Фрейд Ф.Ницше де, [105, 106]: «Адамның биологиялық табиғаты мен адам мәдениетін нақты түрде шектейді. Олар адам мәдениетін адамның биологиялық негізі мен жануарлардан бөліп тұратын белгі ретінде пайымдайды.

Мәдениет мәселесін зерттей отырып, М.Шабаяеваның пікірінше, зерттеушілерді мәдениет динамикасын талдауға итермелейтін басты себеп «мәдениет мазмұнының аса байлығында» екені көрсетіледі [107].

«Мәдениет» ұғымы мазмұнын талдай отырып, ол адамдардың қоғамдық-мәдени үлгілерге, құндылықтарға, нормаларға деген көзқарасын бөліп көрсетеді.

Жеке тұлға мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасының педагогикалық бағыттары, жеке тұлға мәдениетінің қалыптасуы туралы мәселелер Е.Н. Богданов, М.Я. Виленский, М.А. Верб, Н.Б. Крылов [108-111] және т.б. ғалымдар жағынан зерттелген.

Қ.Б.Жарықбаев, А.Сейдімбек, С.Қ.Қалиев, С.Ғаббасов, Ж.Ж.Наурызбай, С.А.Ұзақбаева, Қ.Ж.Қожахметова [112-117] және т.б. жұмыстарында тұлға мәдениетін қарастырудың ұлттық мәселелері қарастырылған.

Мәдениет өз кезегінде «іс-әрекеттің» жан-жақты сипаттамасы ретінде әлеуметтік-гумандық бағдар ұсынады және кез келген іс-әрекет бағытын, оның құнды психологиялық ерекшеліктері мен нәтижелерін анықтайды. Адамның өзін-өзі ұстау дәстүрі генетикалық жолмен берілмейді. Ол мәдени шарттарға өзінің ортасына байланысты бейімделеді. Мәдениетті игере отырып, өмірге еніп келе жатқан адам өзінің рухани мазмұнын табады, яғни адамгершілік көзқарастар, пайымдаулар, өзін-өзі басқару мен өзін-өзі сипаттау белгілерін, эстетикалық талғамдарын және т.б. анықтап алады.

Демек, оқырмандық мәдениет, оқу – бұл іс-әрекет болғандықтан, оқуға міндетті білім және оқырмандық қызметті меңгеру дәрежесі болып табылады [118].

Қол жетімді кітаби ортаға ұмтылып, оқырмандық көкжиегін кеңітіп, талғампаз қарым-қатынас жасау әдетін; оқырман қалауы мен қызығушылықтарын түсініп, оқу шеңберін қалыптастырмайынша оқырман іс-әрекетінің толыққанды қалыптасуы мүмкін емес. Ол өзін-өзі тану және қоршаған әлемді түсіну үшін оқырманда талғампаз қарым-қатынастың тұрақты қажеттілігін қалыптастырады.

Оқу құбылыс, қызмет ретінде және процесс ретінде көптеген ғылымдардың жүйесіне сәйкес зерттеледі: әлеуметтану және педагогика, психология және филология, герменевтика және лингвистика, тарих және әдебиеттану, философия және мәдениеттану, кітапханатану және кітаптану, журналистика және медицина. Бұл ғылымдардың әрқайсысы осы көп өлшемді құбылыстың жеке саласын зерттейді, оның тақырыбын құрайтын оқу қасиеттерін бөліп көрсетеді және түсіндіреді. Содан оқу мен оқырман туралы көзқарастар толығымен қалыптасқан ғылымның бірнеше салаларын атауға болады [119].

Педагогикада оқу адамның өмірге келуі, тұлғаны тәрбиелеу және дамыту (оның ішінде кәсіби), оның өзін-өзі анықтау әрекеті ретінде қарастырылады; оқудың әртүрлі жас топтарының, соның ішінде балалар мен ересектердің өмірінің әртүрлі аспектілеріне әсері зерттеледі. Зерттеудің маңызды бағыттарының бірі – жеке тұлғаның оқу мәдениетін анықтау және қалыптастыру.

Психологияда оқу мәтінді игеру және қабылдау процесі ретінде зерттеледі. Осы саладағы зерттеулердің негізгі мәселелері, ең алдымен, мәтінді түсіну, оқу техникасы, оқып үйрену сияқты жаһандық мәселелерді зерттеумен байланысты. Көптеген зерттеулердің міндеттері осы мәселелердің ішіне кіреді [120]. Осылайша, психологтар, мұғалімдер оқуды танымдық, шығармашылық тұлғаны қалыптастыратын іс-әрекет ретінде қарастырады. Әлеуметтануда білімнің арнайы саласы – оқу әлеуметтануы дамыды. Ғалымдар оқудың әртүрлі әлеуметтік топтардағы таралуы, оқырмандардың қалауы, әр түрлі оқырман санаттарының бос уақыт құрылымындағы оқу орны жайындағы әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде түсінік беретін маңызды материалдарды жинады.

Әдебиеттануда оқу мәселесі «оқырман» бейнесінің призмасы арқылы қарастырылады. Оқырман әдеби шығарманың толық бейнесі ретінде: «оқырман-әңгімелесуші»; «оқырман-кейіпкер»; «оқырман-сыншы» және т.б.; «оқырман бейнесі» теориясы: оқырман бейнесін шығарма құрылымының элементі ретінде зерттеу тұжырымдамасы ХХ ғасырдың 60-70-ші жылдарында батыста қалыптасты: «Үлгілі оқырман» тұжырымдамасы (У.Эко) [121]; «ақпараттандырылған оқырман» (С.Фиш) [122] және т.б.

Оқу – ерекше құбылыс болса да, осы күнге дейін оқырманның барлық аспектілерін көрсететін бірыңғай және жан-жақты анықтамасы жоқ негізгі ұғымдарының бірі.

«Академик» ақпарат көзіне сәйкес, бүгінде мамандандырылған сөздіктер мен энциклопедияларды, ғылыми еңбектерді, жарияланымдарды және т.б. қоспағанда, «оқу» ұғымын анықтаудың 30-ға жуық нұсқасы бар [123].

Оксфорд сөздігінде жалпылай алғанда оқу «жазбаша немесе баспа материалдарын үнсіз (іштей) немесе дауыстап оқу әрекеті немесе қабілеті» деп анықталған [124].

Философиялық сөздікте оқу мәтінді жасаушылар мен оқырмандар арасында баспа немесе қолжазба мәтіндерімен өзара әрекеттесу тәжірибесінің жиынтығы арқылы жанама қарым-қатынастың негізгі формаларының бірі ретінде көрсетілген [125].


Ю.М.Лотман мен М.М.Бахтин пайымдауларына сәйкес, мәтін мәдениет феномені ретінде – оның пайда болу уақыты мен орнынан тыс «жұмыс істеуге» (қызмет етуге) қабілетті және бағыттаулы, бұны жаратушы мұқият ойластырып, тексерістен өткен мағыналы сөйлеу әрекеті деп қарастырады [126].

О.Р.Тучина оқырмандық іс-әрекетті психологиялық тұрғыдан үш құрамдас бөлікке бөледі, сурет-1:

- 1) практикалық қызмет (мәтінмен өзара әрекеттесуді білдіреді);
- 2) мәтінді ойша өңдеу түріндегі теориялық іс-әрекет;
- 3) мазмұнды меңгеру және стратегия таңдау, ол зерттеуші түсінігінде шығармашылыққа жатады [127].

Н.Н.Светловскаяның философиялық ұстанымы бұл тезиске қайшы келмейді, ол оқырманды күрделі құрылымы бар, «оқуға дейін, оқу процесінде және оқудан кейін» үш негізгі кезеңнен тұратын интеллектуалды және эмоционалды әрекеттің тәуелсіз және өзіндік құнды түрі ретінде қарастырады [128].

Е.Г.Медведеваның филологиялық көзқарасы оқырман мен автордың, оқырман мен кейіпкердің арасындағы белсенді, мақсатты байланыстар, «интеллектуалдық даму үшін ғана емес, сонымен бірге жеке қажеттіліктерді (өзін-өзі түсіну, өз мүмкіндіктерін түсіну, өзін-өзі сомдау, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тану) іске асыру үшін семантикалық іздеу, семантикалық бағдарлау қызметіне қажеттілікке байланысты» оқу арасындағы қарым-қатынастың мәнін ашады (сурет 1) [129].



Сурет 1 - Оқырмандық іс-әрекеттің құрамдас бөліктері (психологиялық тұрғыда)

Сондықтан, оқырман қызметінің нәтижесі ретінде автор тұлғаның сапалы өзгерістерін атап көрсетеді.

Айта кету керек, кітап оқылған кезде ғана кәдеге асады. Қоғамдағы кітап мазмұнын игеру және оқу процестері өзара байланысты, ол «кітап – оқырман» күрделі жүйесін құрайды.

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, оқу – бұл баспа ақпаратының көмегімен адамның әртүрлі қажеттіліктерін (рухани, кәсіби, эстетикалық және т.б.) қанағаттандыруға бағытталған коммуникативті-танымдық іс-әрекеттің бір түрі.

Оқу – адамдардың қоғамдық санасы мен дүниетанымын қалыптастырудың, олардың саяси және моральдық сенімдерін тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі. Оқу кітаптың (автор, редактор) және оқырманның өзара әрекеттесу процесі ретінде қарастырылады, нәтижесінде олар қойылған міндеттерді орындайды.

Ғалымдар оқырмандардың мәтінді түсінуінің, кітаптың сапасына, оның типологиялық ерекшеліктеріне, тұтастай алғанда оның функционалды мәніне тәуелділігін басымдық ретінде көрсетіп, кітаптан тыс функционалды тәсілдерге назар аударды. Оларды қолдану кітапты біртұтас, күрделі функционалды жүйе ретінде оқуға мүмкіндік береді.

Кітап – қоғам мен адамның арасындағы маңызды фактор. Оқу мәдениеті, кітап пен оны оқуды насихаттау, оқуды тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуының құралы ретінде қарастыру, әдебиеттегі жаңа үрдістерді түсіндіру, қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы шығармашылық интелегенцияның рөлі, әлемге ұлттық әдебиетімізді насихаттау, жаһандану жағдайындағы кітапхана технологияларын трансформациялау, кітапханалық қызмет пен ақпараттық ресурстарды пайдаланудың қажеттілігі үлкен мәнге ие болып отыр.

Кітаптың функцияларын, шығарманың функцияларын (мәтіннің ішкі құрылымын) және оқырман мекен-жайын ескере отырып, шығарманы талдау қажеттілігін И.Е.Баренбаум [130], Ю.П.Мелентьева [131], және т.б. кітаптанушылар, редакторлар оқу нәтижелері оқырманның жеке қасиеттеріне ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік контекстке де байланысты екенін көрсетті (мәдени дәстүр, білім мен ғылымның жағдайы, әлеуметтік даму бағыттары, саяси және т. б.).

З.М.Клецкая, Л.И.Петровичеваның еңбектерінде алдыңғы зерттеулер негізінде жұмыстың функциялары, мәтіннің ішкі құрылымы, оның оқырманның шығарманы түсінуіне әсері қарастырылады [132,133].

Оны түсіну көбінесе ғалымдар келесі өзара байланысты процестер түрінде қарастырады:

- 1) оқырманның ағымдағы ақпаратты (мәліметтерді, фактілерді) игеруі;
- 2) оқырманның негізгі ақпаратты өз біліміне айналдыруы (оны талдау, синтездеу);
- 3) оқырмандар алған білімдерін сыни, шығармашылық пайдалану (мәтінді өзіндік эмоционалды бағалау, жаңа білім мен дағдыларды дамыту).

Түсіну нәтижесі ретінде үш тиісті деңгейді қарастырайық:

- ауызша (мәтіннің қоғамдық практикадан туындаған объективті мағынасын түсіну);
- мазмұнды-мәндік (оқырман мәтіннің мағынасын дұрыс қалпына келтіру);
- шығармашылық.

Авторлар мәтінді түсінудің әртүрлі деңгейлерін бөліп, зерттей отырып, оқу функцияларын (оқырман ақпаратты түсіну процесінде жүзеге асыратын қажеттіліктер, мақсаттар, көзқарастар), сондай-ақ оларды жүзеге асыруға әсер ететін факторларды зерттейді. Осы зерттеушілердің нәтижелері қажетті оқу нәтижесіне қол жеткізу тұрғысынан қарастырылатын түсіну мәселесін одан әрі дамытудың теориялық негізі болып табылады.

Л.И.Петровичева және И.А.Шомакова [134] оқудың келесі функцияларын ұсынды: оқырманның қызығушылығы, оқырмандық бағыт, оқырман көзқарасы, оқу мотивтері, оқу қажеттілігі (сурет 2).



Сурет 2 - Оқу функциялары

Аталған оқу функциялары мәтінді түсінудің әртүрлі деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді, олардың әрқайсысы, сонымен қатар оқырманға жұмысты игеруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты оқу функцияларын егжей-тегжейлі қарастыру қажет:

Оқырманның қызығушылығы қандай-да бір аспект бойынша эмоционалды түрде тартымды немесе маңызды болып табылатын баспа шығармаларын оқуға оқырманның таңдамалы және жағымды көзқарасы ретінде анықталады. «Оқырмандық бағыт» және «оқырман көзқарасы» сияқты ұғымдар оқырман қызығушылығы ұғымымен тығыз байланысты.

Оқырмандық бағыт – жеке тұлғаның, топтың немесе қоғамның баспа шығармаларын оқуға қатынасының динамикалық жүйесі, ол оқырман белсенділігінің селективтілігін анықтайды және оқу, оқырман мүдделері мен көзқарастары, тұрақты оқу мотивтері қажеттілігінде көрінеді.

Оқырман көзқарасы – оқырман бағдарының компоненті, баспа шығармаларына белгілі бір жолмен жауап беруге дайын екендігінде көрінетін тұлғаның (топтың, қоғамның) тұтас психологиялық жағдайы: таңдау, оқу, оларды белгілі бір көзқараспен бағалау.

Оқу мотивтері – оқырман бағдарының құрамдас бөлігі – баспа жұмыстарының белгілі бір қасиеттері туралы ықтимал идея түрінде әрекет ететін оқырманның ішкі мотивтері.

Оқу мақсаттары практикалық, танымдық, білім беру, ойын-сауық және т. б. болып бөлінеді.

Оқу қажеттілігі – әлеуметтік субъектінің (жеке тұлғаның, топтың, қоғамның) өмірлік маңызды қызмет ретінде оқуға қатынасы, ол арқылы коммуникативті, танымдық, күнделікті, адамгершілік және басқа қажеттіліктер нақты қанағаттандырылады. Кітаптың функцияларын жүзеге асыру оқудың тиімділігіне тікелей байланысты, яғни кітап авторы мен редакторының оқырман мекен-жайын қалай ескеретініне байланысты.

1970 жылдардың аяғы мен 1980 жылдардың басынан бастап, әсіресе қазіргі әлемнің дамыған елдерінде «оқу дағдарысы» мәселесін кеңінен талқылай бастайды, оның салдары ұлттың экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріне теріс әсер етуі мүмкін деп санайды. Мәдени, зияткерлік, саяси, іскерлік элиталардың өкілдері осыған мақсатты қарсы шаралардың тиімді тәсілдерін іздеуде. Сөйтіп, Францияда Кітап және оқу басқармасы құрылды, ол саясатын «кітап жолын» ескере отырып, анықтады – яғни автор оны құрған сәттен бастап, оқырмандарға ұсынуға дейін. АҚШ-та оқу саясаты мемлекеттік агенттіктің өкілеттіктері бар және Конгресс кітапханасының бөлігі болып табылатын Кітап орталығы арқылы жүзеге асырылады. Германияда Неміс оқу қоры (1988 ж.) жұмыс істейді, ол оқуға деген қызығушылықты оятқысы келетіндердің барлығына көмектесуге арналған «идеялар шеберханасы» болып табылады: мектептер, кітапханалар, кітап сату ұйымдары, балабақшалар мен отбасылар [134, с. 20].

В.А.Бородина оқырмандық дамудың мәнін оның барлық көпқырлылығы мен көпсатылылығында оқудың шыңына апаратын жол ретінде қарастырады [135]. Ғалым оқырманның жеке басын былай сипаттайды – адам сананың тасымалдаушысы ретінде, қоғамда белгілі бір оқырман мәртебесіне ие, оқырманның даму кезеңіне сәйкес әлеуметтік-психологиялық рөл атқарады, әртүрлі әдебиеттерді оқу арқылы өзінің әр түрлі өмірлік қажеттіліктерін саналы түрде қанағаттандырады.

Оқырманның жеке құрылымында бірнеше «бөлімдер» (қабаттар) бар:

- Әлеуметтанушылық құрылым: әлеуметтік-демографиялық деректер, әлеуметтік мәртебе және тұлғаның әлеуметтік ұстанымы;

- Әлеуметтік-психологиялық құрылым: бағыттың құрылымы, дүниетаным, нанымдар, идеалдар, құндылық бағдарлары, қажеттіліктер, мотивтер, мүдделер, көзқарастар;

- Социопсихологиялық-педагогикалық-тәжірибенің құрылымы: өмірлік және оқу тәжірибесі, жалпы және кәсіби білім, жалпы интеллектуалдық және

сөйлеу дағдылары, дағдылар, әдеттер; оқудың мазмұны мен мәдениеті; коммуникативтік шеберлік;

- Психологиялық-танымдық құрылым: психикалық құбылыстар, сезім, қабылдау, бейнелеу, күту, қиял, есте сақтау, ойлау, эмоционалды-ерік сипаттамалары, эмоциялар, көңіл-күй, сезім, назар, ерік;

- Биопсихикалық құрылым: темперамент, жыныстық және жас ерекшеліктері;

- Психофизиологиялық құрылым: жалпы денсаулық жағдайы, көру, әртүрлі анализаторлардың өзара әрекеттесуі;

- Психикалық қасиеттер құрылымы: алдыңғы құрылымдарға қолданылатын қабілеттер мен мінез-құлық.

Оқу, сауаттылық, жалпы мәдени дайындық, әртүрлі мәтіндермен жұмыс істей білу – адамдардың кәсіби, әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттесудің қажетті шарттары болып табылады. Өзіңізбен диалогтық режимде оқу – өзін-өзі танудың ең жоғары формасы.

Ең алдымен, «Оқу мәдениеті» ұғымын қарастырсақ, жалпы ғылымда «оқу мәдениеті» және «оқырмандық мәдениет» ұғымдары қалыптасқан.

Оқу мәдениетінің негізгі сипаттамалары бірқатар жұмыстарда қарастырылады. Сонымен, «Кітапханалық терминдер сөздігі» оны кітаппен жұмыс істеу дағдыларының жиынтығы ретінде анықтайды, оның ішінде [136]:

- оқу тақырыбын таңдауды түсіну;

- дереккөздерге, бірінші кезекте библиографиялық құралдар мен кітапханалық каталогтар жүйесінде бағдарлау;

- жүйелілік және оқу реті;

- оқуды терең түсіну және терең қабылдау мақсатында кітапты шарлай білу;

- әдебиеттен алынған ақпаратты тәжірибеде қолдана білу;

- оқылғанды бекіту мен пайдалануды қамтамасыз ететін техникалық тәсілдер (үзінділер, конспект, картотекаларды ұйымдастыру және т.б.).

С.А.Трубников «оқу мәдениетінің» тығыз байланысты үш бөлігін (жақтары немесе фазаларын) анықтайды: қарым-қатынасқа дейінгі (таңдау саласы), қарым-қатынастық (қабылдау саласы) және қарым-қатынастан кейінгі (бағалау саласы). Сонымен, автордың пікірінше, оқу мәдениеті өзара байланысты үш бөліктен тұрады: таңдау мәдениеті, қабылдау мәдениеті және меңгеру мәдениеті [137].

Қарым-қатынасқа дейінгі кезең – әдеби шығарманы таңдау – бірқатар факторларға, отбасындағы оқырмандардың қалауына, мектеп бағдарламасына, қоғамдық пікірге байланысты, мұнда жарнама мен оқу сәні үлкен рөл атқарады.

Қарым-қатынастық кезең қабылдау саласына қазіргі мәдениеттің ақпаратты қабылдаудың мозаикасы, гипермәтіндік, біржақты ойлау сияқты белгілері әсер етеді. Ақпаратты оқу және алу жылдамдығы маңызды рөл атқарады.

Қарым-қатынастан кейінгі кезең – бағалау саласы, жұмысты түсіну құндылықтардың басым жүйесіне және қоғамда болып жатқан өзгерістерді

оқырмандарға түсінуге, «әдемі» стереотиптерге сыни көзқараспен қарауға байланысты: әдемі өмір, саяхат, үлкен ақша, сиқыр мен сиқыршылыққа деген сенім.

Оқудың беделді әлеуметтанушысы С.Н.Плотников [138] оқитын адамның (Homo legens) оқымайтын адамнан интеллектуалды дамуындағы негізгі айырмашылықтарын атап өтті. Олар белсенді оқитын адамдар екендігінде көрінеді:

1) мәселелер санаттарында ойлауға, тұтас түсінуге және құбылыстардың қарама-қайшылықты қатынастарын анықтауға; жағдайды барабар бағалауға және дұрыс шешімдерді тез табуға қабілетті;

2) үлкен жады және белсенді шығармашылық қиял бары;

3) сөз байлығы кеңдеу: ол мәнерлі, ой жағынан қатал және сөз қоры жағынан бай;

4) ойы дәлірек тұжырымдалған және еркін жазылған;

5) байланысқа түсу оңай және қарым-қатынаста жағымды;

6) тәуелсіздік пен ішкі бостандыққа үлкен қажеттілікке ие, сыни, пайымдаулар мен мінез-құлықта тәуелсіз.

Осылайша, оқу дамыған және әлеуметтік құнды адами қасиеттерді қалыптастырады.

Ғалым көзқарасы бойынша, оқу – бұл мәдениеттің өмірлік функциясы. Бұл қоғамдағы интеллектуалдық өндірісті көбейту технологиясы. Бұл қарым-қатынастық делдал, замандастарымен және өмірден өткен адамдармен тікелей диалог.

Психологиялық, физиологиялық зерттеулерді талдау көрсеткендей, олардағы оқу танымдық процесс, сөздерді көру және тану процесі, ойлау және танымдық процестер, мағынаны алу және құру процесі, сөйлеу әрекетінің бір түрі ретінде қарастырылады.

Мұнда оқырманның жасына және жеке тұлғалық ерекшеліктеріне назар аударылады, бұл оқырманның жалпыланған бейнесі туралы идеяны зерттеу контекстінде нақтылауға, оны филологиялық, кітапханашылық еңбектердегі оқу мүмкіндіктері, тәжірибесі мен қалауы бойынша саралауға мүмкіндік берді. Ғалымдар оқуды мәтінмен, оқырманмен және контекстпен байланысты оқиға немесе құбылыс ретінде қарастырады. Оқу әдеби процестің қозғаушы күші және мазмұны ретінде қарастырылады.

Ю.Н.Столяровтың ұстанымы жоғарыда сипатталған ұстанымға ұқсас, ол оқу мәдениетін оның кең таралуы, оқу белсенділігі, лайықты оқу объектілерін таңдау, мәтінді шығармашылық қабылдау, кітапты рухани және материалдық құндылықтың қоспасы ретінде ұқыпты қарау ретінде сипаттайды [139].

В.Н.Зборовская диссертациялық зерттеуін аксиологиялық тұжырымдама тұрғысынан оқу мәдениеті адамның оқуға деген көзқарасын маңызды рухани құндылық ретінде сипаттайды: «Нақты ақпараттық мәселелерді анықтап, оларды шеше алатын дағдылар жиынтығы. Оқу мәдениетінің маңызды функцияларының бірі – оқырман тұлғаның құндылықтар жүйесін құру және оларды анықтайтын критерийлер». Осылайша, В.Н.Зборовская оқу мәдениетін

интеллектуалды мәдениеттің көрінісі және жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін жүзеге асыру тәсілі ретінде анықтайды [140].

Н.А.Следневаның ақпарат және коммуникативтік тұжырымдамасы тұрғысынан оқу мәдениеті кітапхана пайдаланушыларының «Егемен инфокванттармен» жұмыс істеу, қажетті ақпаратты алу және өңдеу, оның негізінде өзіндік семиотикалық жүйені құру тәсілдерінің жиынтығы болып табылады [141].

Әрі қарай біз жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесі бойынша ғылыми жұмыстарды жүйелеп, ұсынуға тырыстық (кесте 1).

Кесте 1 - Жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесі бойынша ғалымдардың ғылыми зерттеулері (филология, педагогика, мәдениеттану, психология ғылымдары салаларында, 1968-2018 жж.)

Авторлар	Жұмыстың атауы	Шыққан туралы
1	2	3
Губанова М.И.	Воспитание культуры чтения младших школьников в детской библиотеке	дис. канд. пед. наук / -Л., 1968.-318 с. Педагогика
Акбашева А.С.	Уроки внеклассного чтения как средство педагогического воздействия на самостоятельное чтение школьника-подростка	автореф. дис. канд. пед. наук- Л., 1975. 19 с.
Светловская Н.Н.	Теоретические основы читательской самостоятельности и их реализация в системе начального обучения.	дисс. ... д-ра пед. наук. М., 1977.
Брюховецкий В.С.	Специфика развития литературно-критической активности старших подростков в процессе руководства чтением	дис. .канд. пед. наук / JL, 1980. -211 с.
Вершинина Е.И.	Стимулирование читательской активности школьников в процессе изучения литературного произведения	дис. канд. пед. наук / . Л., 1984. - 209 с.
Аскарлова В.Я.	Изучение читательской моды как средство совершенствования руководства чтением художественной литературы	дис. ... канд. пед. наук. Л., 1984. 251 с.
Нурахметова К.Г.	Формирование и воспитание читательских интересов учащихся 4-8 классов	дис. ... канд.пед. наук. – Алма-Ата, 1986. – 155 с.
Андреева И.Л.	Обучение чтению на основе проблемно-индивидуализированного подхода (7-е классы)	автореф. дис. .канд. пед. наук / Л., 1991. - 16 с.
Збарский И.С.	Системное руководство чтением и формирование читательской самостоятельности учащихся средней школы: теоретические основы и практика	автореф. дисс. ... д-ра пед. наук. М., 1993. 56 с.
Макарова Т.К.	Развитие читательского интереса студентов технического вуза	дис. ... канд. пед. наук. Самара. 1994
Тамаев А.	Әдебиет сабақтарында жоғары класс оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру	пед.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 1995. – Б.170-174.

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Плотников С.Н.	Читательская культура в России	М.: 1999.- 272 с.
Сергеев М.В.	Формирование массового читателя второй половины XIX века (на примере петербургских городских газет)	дис. .канд. филол. наук / СПб., 1996. – 161с. Филология
Откидач Е. В.	Развитие читательской культуры студентов в условиях университетского комплекса	дисс. канд. пед. наук. Нижний Новгород, 2001. 162с.
Иншакова О.А.	Развитие читательской самостоятельности учащихся в процессе изучения русской литературы в 5 - 9 классах средней школы	дисс. ... канд. пед. наук. Москва 2001
Федорова Т.В.	Совершенствование читательской деятельности учащихся старших классов на уроках литературы	автореф. дис.канд. пед. наук / М., 2003. - 16 с.
Тучина О.Р.	Читательская деятельность как способ развития самопонимания	дис.. канд. психол. наук Краснодар, 2005.– 163 с. Психология
Орлова Л.И.	Выразительное чтение как метод воспитания и развития дошкольников, младших школьников творческими читателями	дисс. ... канд. пед. наук.2004
Бородина В.А.	Читательское развитие личности: теоретико-методологические аспекты	дисс. ... д-ра пед. наук. Санкт-Петербург 2007
Пономорева Н.В.	Формирование читательской культуры лидеров чтения юношества	дис. канд.пед.н. URL: http://www.mcbs.ru/about/
Зборовская В.Н.	Формирование культуры чтения в общедоступных библиотеках	дис.канд. п. н. URL: http://www.mcbs.ru/about/
Крупницкий Д.В.	Чтение старшеклассников и роль школьной библиотеки в его организации в современных социокультурных условиях	кандидат педагогических наук, 2008 год
Галактионова Т.Г.	Чтение школьников как социально-педагогический феномен открытого образования	дисс. ... д-ра пед. наук. Санкт-Петербург, 2008,
Жусупова Ж.А.	Оқу әрекеті барысында бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері	пед. ғыл. канд. ... автореф. / Атырау, 2010. – 24 б
Шулер И.В.	Развитие читательской культуры личности в условиях современной информационной среды (на материале обучения в вузе).	дисс. ... канд. пед. наук. Тюмень, 2011. 156 с
Чиндилова О.В.	Феноменология развития читательской культуры детей дошкольного возраста в контексте непрерывного литературного образования	дисс. ... д-ра пед. наук. Челябинск, 2011. 356 с.
Гаппоева Л.А.	Педагогические условия подготовки студентов университета – будущих учителей к формированию читательской культуры младших школьников	дисс. ... канд. пед. наук. URL: https://dvs.rsl.ru/BGPU_im_

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Русских Е.В.	Развитие читательской культуры студентов в условиях университетского комплекса	дис. ... канд. пед. наук. Киров, 2016
Ядровская Е.Р.	Развитие интерпретационной деятельности читателя-школьника в процессе литературного образования: 5-11 классы	дисс. ... д-ра пед. наук, 2012
Плетяго Т.Ю.	Совершенствование читательской компетентности студентов вуза на основе развивающего потенциала межкультурной коммуникации	дис. ... к.п.н., Тюмень 2013
Ставцева И.В.	Формирование читательской компетентности студента как базовой составляющей информационной культуры личности	дис. ... канд. пед. наук. Казань 2014
Хафизов Д.М.	Социокультурные практики повышения читательской активности молодежи: стимулирующие возможности моды	дисс...к.культурологии, Челябинск 2017 мәдениеттану
Сүлейменова Қ.Қ.	Эпикалық шығармаларды оқытуда оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту әдістемесі (10-11 сыныптар)	диссертация...доктора PhD, Алматы 2018 филология
Жукова И.Г.	Педагогическая система развития читательского интереса младших школьников средствами этнопедагогике	кандидат педагогических наук, 2004 год
Осипова И.В.	Развитие читательской культуры учащихся при изучении произведений И.С.Тургенева в 5-8 классах	дисс. ... канд. пед. наук. М., 2005.
Свечникова И.Н.	Развитие читательского самосознания старшеклассников в процессе изучения произведений русской литературы второй половины XIX века	кандидат педагогических наук, 2003 год
Омарова Г.А.	Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыруының педагогикалық негіздері	дис. ... канд. пед. наук. Түркістан. 2006.

Осылайша, кестеден оқырмандық мәдениетті дамыту мәселесіне арналған көптеген ғылыми зерттеулер бар екені көрінеді. Осы ғылыми жұмыстарды зерттеу бізге келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

Біздің ойымызша, оларды келесідей жіктеуге болады:

1. Оқу мәдениетін, оқу қызметін дамытуды ғалымдар білім беру сатылары тұрғысынан қарайды:

- мектеп жасына дейінгі балалардың оқуын дамыту (Чиндилова О.В., Орлова Л.И.);

- оқушылардың оқырмандық дамуы (Крупницкий Д.В., Галактионова Т.Г., Жукова И.Г., Осипова И.В.);

- студенттердің және оқушылардың оқырмандық мәдениеті (Хафизов Д.М., Русских Е.В., Плетяго Т.Ю., Ставцева И.В., Омарова Г.А.).

2. Оқырман мәдениетінің дамуын зерттеушілер әртүрлі ғылымдардың тоғысында ашады:

- мәдениеттану (Хафизов Д.М.);
- филология (Сергеев М.В., Сулейменова К.К.);
- педагогика (Гаппоева Л.А., Зборовская В.Н., Ядровская Е.Р және т.б.);
- психология (Тучина О.).

Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесінің ғылыми әдебиеттерде зерделену жайына талдау жасау бізге мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік берді:

- Мәдениет – адамзаттың өзі жасайтын және адамдардың рухани қажеттіктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтарының жиынтығы. Мәдениетті адамның табиғатты түрлендіруінің (барлық түрлерде) саналы қызметі және де материалдық және рухани сфераларда іске асырылған қызметінің нәтижесі болып табылады.

- Мәдениет мәселесі философия, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдарының зерттеу нысаны болғандықтан, өте күрделі, көп деңгейлі жүйе;

- Мәдениеттің маңызды түрі – рухани мәдениет. Рухани мәдениеттің функциялары – танымдық, аксиологиялық, шығармашылық, коммуникативтік болып табылады.

- Оқырмандық мәдениет – жеке адамның рухани мәдениеті дамуындағы танымдық, шығармашылық, коммуникативтік, аксиологиялық функцияларды жүзеге асыратын мақсатты саналы оқу үрдісі.

- Оқырмандық мәдениетті дамыту мәселесі шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде айрықша көрініс тапқан. Бұл мәселе 1968-2018 жж. аралығында филология, педагогика, мәдениеттану, психология ғылымдары салаларында ғылыми теориялық тұрғыдан зерделенген.

- Жаңа Қазақстан жағдайында ұлттық мәдени кодымызды оқу мәдениеті арқылы қалыптасады. Сондықтанда оқырмандық мәдениет – әлеуметтік қарым-қатынас формуласының бірі ретінде сипатталады. Оқырмандық мәдениет – қоғамның эволюциялық дамуының қажетті шарты, ұрпақтар сабақтастығындағы дәстүрлі мәдениеттің тұрақтылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған мәселелерді түйіндей келе, оқу – адамдардың қоғамдық санасы мен дүниетанымын қалыптастырудың, олардың саяси және моральдық сенімдерін тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі деп айта аламыз. Оқу кітаптың (автор, редактор) және оқырманның өзара әрекеттесу процесі ретінде қарастырылады, нәтижесінде олар қойылған міндеттерді орындайды. Оқудың функциялары нақты және оқу көпқырлы және көпсатылы ұғым.

Жаһандану жағдайында кітап оқуды насихаттаудың әлемдік тәжірибесін талдау, оқырмандардың мәдени құзыреттілігін жақсарту, интеллектуалдық әлеуетін арттыру, кітапханалардың әлеуметтік-мәдени мекеме ретінде қызметін

жетілдіру қажеттілігін арттыру қажет. Оқырмандық мәдениеті дамыған студент – баспадан жарық көрген кітаптың және цифрландырылған электронды кітаптардың ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі маңызын, бұқаралық ақпарат құралдарының басқа түрлерінің арасындағы орнын түсінуі, библиографиялық деректер көзімен жұмыс істей білуі, кітапханаларды пайдалана білуі, кітаптарды өзбетінше таңдай білуі тиіс. Оқырмандық мәдениетті дамыту арқылы болашақ ұрпаққа бүгінгі күн – тарих, ертеңгі күн рухани мұра болып қалатыны сөзсіз.

1.2 «Оқырмандық мәдениет» ұғымының мәні мен құрылымы

Бұл параграфтың мақсаты – студенттердің «оқырмандық мәдениеті» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылауға бағытталды. Оқырмандық мәдениет – жаһандану жағдайында ақпараттық кеңістікті басқару, әлемдік қоғамдастыққа ену, адами ресурстарды қалыптастыруда маңызды мәселе болып табылады. Ғылыми жұмыстарды талдау көрсеткендей, оқырмандық мәдениет ұғымымен қатар, оқырман қызметі, оқырман белсенділігі сияқты категорияларды ашу қажет. Бұл барлық қызметтің жүзеге асырылуы жеке тұлға оқумен айналысқан кезде ғана мүмкін болады.

Ғалым Т.Г. Галактионова мектеп оқушыларының оқуын әр түрлі оқу қажеттіліктеріне (рухани, ақпараттық, гедонистік, білім беру, әлеуметтік және ойын-сауық) және әлеуметтік-мәдени контекстке байланысты мәтіндердің иерархиялық жүйесінің бірлігі ретінде қарастырылады, оқырман тәжірибесінің жас және жеке басының ерекшеліктеріне сәйкес келетін мектеп оқушысы, сондай-ақ олар мәдени ортаға енгізілген қоғам шегінде қарастырады [142].

В.А. Бородин оқудың акмеологиялық тұжырымдамасын нейрофизиологиялық, психофизиологиялық, психологиялық, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық негіздерді қамтитын жүйелі психикалық құбылыс ретінде түсінеді. Оқудың психикалық механизмі – тұлғаның оқырмандық дамуында өзін-өзі көрсететін (аксиологиялық және шығармашылық) функцияны жүзеге асыруда бір психикалық деңгейден екінші деңгейге біртіндеп көшу. «Баспалдақ» принципі іс-әрекеттің бір деңгейінен екіншісіне ауысу қозғалысында ғана емес, «акме» деңгейіне жақындағанда ғана емес, сонымен бірге ақыл мен сезімнің диалектикасында оқитын адамның психикалық әлемін, эмоционалды және ұтымды, саналы және бейсаналық, тіл мен ойлауды актуализациялау кезінде де жүзеге асырылады [143].

Д.М. Хафизов оқырмандық белсенділікті өзінің негізгі критерийлері мен көрсеткіштерінің (мақсаттылық, оқу уәждері, оқу жиілігі, оқырмандық қызығушылықтар, эмоциялар және т.б.) қарқындылығымен, сондай-ақ бастамашылдық және жағдаяттық сияқты қасиеттердің болуымен сипатталатын оқырмандық қызметтің ерекше модусы ретінде түсіндіреді [144].

Біздің ойымызша, жоғары сапалы әдебиеттерді оқу оқырмандық мәдениетті дамытудың тиісті деңгейін талап етеді. Оның негізгі компоненттерінің ішінде И.В. Осипова оқу қажеттілігі мен оған деген тұрақты

қызығушылықты, әртүрлі әдеби шығармаларды қабылдау, оларды бағалау және түсіндіру, сөйлеу дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін атайды [145].

В.П.Синенко бойынша оқырмандық мәдениеттің белгілері ретінде, біріншіден, оқырманның көркем мәтінді эстетикалық объект ретінде қабылдау қабілеті, екіншіден, сюжетті эмоционалды түрде қабылдау қабілеті, үшіншіден, әртүрлі әдеби жанрларды бөліп көрсету және ажырату қабілеті, төртіншіден, мәнерлеп оқу дағдылары және бесіншіден, оқу қажеттілігін алға тартады. Зерттеуші ғалым мәдени тұлғаның басқа сипаттамалары арасында оқырмандық мәдениеттің маңыздылығын баса айтады. Мәдени тұлға, ең алдымен, «өз бетінше ойлайтын, кітапта ұсынылған алдыңғы ұрпақтардың әлеуметтік-тарихи, моральдық-этикалық, рухани-эстетикалық және ғылыми тәжірибесін іріктеп, өңдеп, игере алатын» болуы керек...» [146].

Адамда оқырмандық мәдениеттің болуы оған басқа адамдарды түсінуге, кәсіби қызметте неғұрлым кең маман болуға, басқа халықтар мен мемлекеттердің тарихы мен мәдениетіне қосылуға мүмкіндік береді. Жеке көзқарас әдеби әсерді зерттеуде өте тиімді, өйткені әр оқырман қабылдау мен ойлаудың жеке ерекшеліктеріне ие.

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде «оқырмандық мәдениет» ұғымы оқу мәдениетіне қарағанда барынша ауқымды, сан қырлы, көлемді болып табылатынын анықтадық. Кітапқа деген қатынасына, оны сақтауға, таратуға қатысты қызығушылық, оқылым деңгейінде көрінетін оқырмандық мәдениетті сипаттайды (сурет 3).



Сурет 3 - Оқырмандық мәдениеттің сипаты

Оқу мәдениеті оқырмандық мәдениеттің бір бөлігі, оның өзегі, өйткені ол оқу процесін қамтиды.

Аталмыш ұғымдардың арасында диалектикалық тұтастық, өзара байланыс бар (жалпы білім қоры әдеби мәтіндерді қабылдауға әсер етеді, ал ақпаратты қабылдау, меңгеру және оқудың жаңа тәсілдері оқырмандық мәдениетін байытады). Бұл ұғымдар арасындағы шекаралар біршама ерікті екенін ескеру қажет.

Белгілі болғандай, оқырмандық мәдениеттің жоғары деңгейі маманға басқа тұлға, басқа мәдениетті түсінуге мүмкіндік береді. Оқырмандық мәдениетке жеке дара да қосылуға болады, алғашқы мектептегі күндегідей арнайы оқу шарт емес. Бірақ, бұл ұзақ әрі бейрационалды жол. Үлкен

ойшылдармен толыққанды оқырмандық қарым-қатынастан айырылған адам негізінен догматик болады, рухани байытуға мүмкіндіктері мен қабілеттері болмайды, тек белгілі нәрсені биліктің көмегімен шоғырландырады [147].

Біздің мәселеміз бойынша көптеген жұмыстарды талдау О.Никифорованың тұжырымдамалық жұмысы әдебиетті қабылдау психологиясын зерттеуге ерекше назар аударуға лайық екенін көрсетеді [148]. Автордың зерттеуіне сәйкес, қабылдау процесі күрделі құрылым болып табылады және әртүрлі, бірақ, әрине, өзара байланысты бейнелі-эмоционалды және дерексіз-логикалық деңгейлерде жүреді.

Психологтың жұмысын егжей-тегжейлі талдау негізгі мектеп оқушыларының көркем әдебиетті қабылдау процесінде оқудың үш кезеңін бөлуге мүмкіндік берді:

1. *Тікелей қабылдау.* Бұл кезеңде мәтінге «ену», әдеби шығарманың бейнелерін көбейту және бастан кешіру (бұл кезеңде қиялға басымдық беріледі, оның барысында кескіннің ауызша-концептуалды формасы визуалды-сезімталға айналады, бейнелі жалпылау пайда болады), сондықтан біз бейнелі-эмоционалды қабылдау туралы айтып отырмыз.

2. *Оқылымды түсіну және жалпы бағалау.* Бұл кезеңде кері байланыс жасау процесі жүзеге асады – бейнелі-эмоционалды қабылдауды ұғымдар тіліне аудару, ойлау жетекші рөл атқарады. Бірақ ол эмоционалды қабылдауды теңестірмейді, керісінше оны тереңдетеді; тікелей қабылдау процестерімен және оқуды қарастыру процестерімен бірге жұмысты эстетикалық бағалау жүзеге асырылады, яғни біз қабылдаудың дерексіз-логикалық деңгейі туралы айтамыз.

3. *Шығарманы оқығаннан кейін көркем әдебиеттің оқырмандардың жеке басына әсері.* Бұл кезеңде оқудың белгіленген кезеңдері мектеп оқушыларының оқу қызметін бағалау критерийлерін әзірлеуді көздейді.

Біздің ойымызша, оқырмандық мәдениетті дамытудың негізгі факторы – оқу процесі мен практикасы болып табылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, тұлғаның оқырмандық мәдениетін дамыту сапалы оң өзгерістерді, оның ішінде оның компоненттерін (когнитивті, құндылыққа бағдарланған, тиімді-практикалық, шығармашылық) қамтиды. Ол үшін оқу процесінде студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетінде жеке маңызды оқуға деген ынтаны қалыптастыруға басты назар аудару керек.

И.В.Шулер жеке, белсенді және құндылық-семантикалық компоненттерді анықтайды және нәтиже оқу құзыреттілігін сипаттайды. Бұдан әрі автор оқырмандық құзыреттілік жазбаша дереккөздерде ұсынылған ақпаратты жеке және қоғамдық мақсаттарда таңдауға, түсіндіруге, ұйымдастыруға және тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылардың жиынтығы екенін нақтылайды [149].

Жеке тұлғаның оқырмандық мәдениеті ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде маңызды буын болып табылады. Жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетінің бірегейлігі мен әмбебаптығы оның анықтамаларында логикалық-ақпараттық және моральдық-эстетикалық тәрбие процесімен бірге ақылдың


«мәдениеттілігінің» көрсеткіші» ретінде көрінеді (Платон, Дж.Локк), «таным субъектісінің қасиеттері» (Л.П.Карсавин, П.А.Флоренский), «психикалық және тарихи қатынастардағы тіршіліктің объективтілігі» (Х.Г.Гадамер, В.Дилтей, П.Рикер, М.Хайдеггер), адамның әлеммен диалогы, «Басқамен кездесу орны» негізінде бөтен сөзді байыпты қабылдаудың бірлескен ұстанымы (М.М.Бахтин) әлеуметтік шындықтың мәдени «өкілі» ретінде (М.Фуко, У.Эко).

«Оқырмандық мәдениет» ұғымының алғашқы анықтамаларының бірін біз Н.Н.Светловскаяның жұмысында кездестіреміз [128,с. 36]. Бұл терминмен автор оқырманды ерекшелейтін білімнің, дағдылардың, кітапқа бағытталған, қол жетімді оқу шеңберімен байланысты және жеке тәуелсіз іс-әрекетте көрінетін көзқарастардың бірыңғай жүйесін түсінеді.

Е.В.Откидач «Университет кешені жағдайында студенттердің оқу мәдениетін дамыту» зерттеуінде [150] «оқырмандық мәдениет» терминін үздіксіз білім беру жүйесімен тығыз байланыста қарастырады және қазіргі заманғы маманның ақпараттық мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде оқырмандық мәдениетін ұсынады. Сонымен қатар, әдебиеттерде оқырмандық мәдениетті қалыптастыруда мәтінмен жұмыс жасау ерекшеліктері аталады. Мәтінді түсіндіру, оның жасырын мағынасын анықтау, студенттердің мәтіннен алынған ақпаратты салыстыруға және контрастауға, жасалған болжамдарды растауға дәлелдер табуына, белгілі бір тұжырымдар жасауға және мәтіннің авторлық ниеті немесе тұжырымдамалық идеясы туралы көзқарастарын тұжырымдау қажет болған жағдайда анықталуы мүмкін.

Мәтіннің мазмұнын көрсету қажет болған жағдайда, студенттің мәтіннен алынған ақпаратты басқа көздерден алған білімдерімен байланыстырып, әлем туралы өз идеяларына негізделген авторлардың қорытындыларын бағалауға, олардың көзқарасын қорғау үшін дәлелдерді табуды ұсынуға болады [151].

Ақпараттық мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі ретінде И.В.Ставцева бойынша оқырмандық құзыреттілік [152] студенттің жеке ақпараттық қажеттіліктеріне сәйкес дәстүрлі және компьютерлік құралдарды тиімді қолдана отырып, жаңа білімді алу, өңдеу, беру, түсіндіру және құру (сурет 4).



Сурет 4 - Оқырмандық құзыреттіліктің компоненттері (И.В. Ставцева)

М.Ю.Гудова бойынша коммуникативті тәсілге сәйкес жылдық оқу практикасы мәтінді көбейтудің белгілі бір технологиялары және мәтіндерді шығару, сақтау және тарату түрлері арқылы оның түрлерін құрайды [153].

Төменде қазіргі оқудың түрлерін жіктеп қарастыруға тырыстық (сурет 5) [154].



Сурет 5 - Қазіргі оқудың түрлері

Э.А.Орлова [155] оқырмандардың құзыреттілігінің белсенді мәніне сүйене отырып, оны әртүрлі әлеуметтік-мәдени кодтарда ұсынылған ақпаратты қамтитын жазбаша мәтіндерді таңдау және түсіну қабілеті ретінде анықтайды; жазбаша мәтіндермен жұмыс істеу дағдылары.

Жоғары оқу орны студентінің оқырмандық құзыреттілігін ақпаратты тиімді іздеу, іріктеу және ұйымдастыру стратегияларын меңгеру негізінде мәтінді қабылдау, түсіндіру, түсіну және жеке ұғыну процесінде жеке және кәсіби тәжірибені өзектендіруге, байытуға және түрлендіруге; әртүрлі әлеуметтік-мәдени кодтармен жұмыс істеуге; дәстүрлі және электрондық оқу технологияларының икемді үйлесімділігіне дайындығы мен қабілетін айқындайтын жеке қасиеттердің интегралдық сипаттамасы ретінде анықтауға болады.

Зерттеу үшін оқуды тұлғаның психикалық дамуы мен мәдени қалыптасуын анықтайтын адамның сөйлеу әрекетінің түрі ретінде түсіну маңызды (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев).

Дидактикада жеке тұлғаның оқырмандық мәдениет мәселесін зерттеу екі тәсіл аясында жүзеге асырылады.

Біріншісі мәтінді құрастырудың көп операциялық актісі ретінде оқу идеясын қамтиды (әріптердің буындарға, буындардың сөздерге, сөздердің сөйлемдерге қарапайым қосылуынан бастап), гипотезалармен, тұжырымдамалық схемалармен, жоспарлармен бірге бастапқы материалды қайта құру, яғни оқырманға жұмыстың мағынасын түсінуге мүмкіндік беретін ақыл-ой құралдарының барлық арсеналын белсендіру (Д.Б.Эльконин, А.Ф.Шанько және т. б.). Екінші тәсіл оқуды шығармашылық қызмет түрі ретінде қарастырады (В.Ф.Асмус, И.И.Тихомирова және т.б.).

Тұлғаның оқырмандық мәдениетін дамыту тәсілдерін толықтыру тұлғаның гносеологиялық, аксиологиялық, коммуникативті, шығармашылық, көркемдік әлеуетін өзектендіруді (анықтауды, байытуды және іске асыруды) қамтамасыз етеді. Біздің ойымызша, жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетінің маңызды сипаттамасы деп оның мәдени және делдалдық сипатын анықтайды. Жеке тұлғаның оқырмандық мәдениеті – бұл жазбаша ақпарат көздерінде ұсынылған мәдени тәжірибені студенттердің құндылық-семантикалық дамуы.

Жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетінің мазмұны оқуға деген құнды қатынасты, ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде жазбаша ақпаратты жеке және кәсіби мақсаттарда қабылдау, түсіндіру, қайта құру және қолдану бойынша білім, білік, дағды мен шығармашылық тәжірибені қамтиды.

Бұдан әрі біз жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесімен айналысқан шетелдік және қазақстандық ғалым-зерттеушілердің ғылыми зерттеулерін қорытындылауға тырыстық (кесте 2).

Кесте 2 - «Оқырмандық мәдениет» ұғымының ғалым-зерттеушілердің ғылыми еңбектеріндегі мәні (2011-2021ж.)

Авторлар	Дереккөз	Ұғымның мәні
1	2	3
Осипова И.В.	Развитие читательской культуры учащихся при изучении произведений И.С.Тургенева в 5-8 К.п.н., Москва 2005	Бірқатар оқу дағдылары мен дағдыларының қалыптасуының белгілі бір деңгейі: оқуға деген қажеттілік және оған тұрақты қызығушылық; оқырман эрудициясы; оқу дағдылары, мәнерлеп оқу дағдылары; түрлі әдеби шығармаларды қабылдау қабілеті, қарапайым библиографиялық білім.
Шулер И.В.	Развитие читательской культуры в условиях современной информационной среды. Автореферат дисс..к.п.н., Тюмень, 2011-26с.	Дәстүрлі және инновациялық ақпараттық технологиялар негізінде жазбаша ақпарат көздерінде ұсынылған мәдени тәжірибені игеру үшін адамның маңызды күштерін, оның қабілеттерін мен қабілеттерін дамыту және іске асыру дәрежесін сипаттайтын жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің ажырамас бөлігі.
Чиндилова О.В.	Феноменология развития читательской культуры детей дошкольного возраста в контексте непрерывного литературного образования дисс. ... д-ра пед. наук. Челябинск, 2011. 356 с	Баланың кітаппен қарым-қатынас мәдениетін дамытудың белгілі бір деңгейі (кітап туралы идеялардың болуы және оның мақсаты, кітапқа құндылық қатынасы, кітапты байқау, зерттеу, қызығушылық кітабын таңдау қабілеттерін дамыту); оқуды қабылдау мәдениеті.
Құлекенова Ж.Г.	Психологическая характеристика навыков чтения// Вестник КазНПУ, 2015	Оқу өнімдері: қорытынды, семантикалық мазмұнды түсіну; нәтижесі – оқырманға және оның сөйлеу немесе сөйлемей кезіндегі мінез-құлқына әсер ету. Бұл одан әрі оқуға мотивациялық дайындықты қалыптастырады.
Қадырова Г.Р.	Чтение научного текста как способ формирования профессиональной компетенции на занятиях по	оқудың әртүрлі түрлерін оқыту болашақ маманға өзінің кәсіби қызметі саласындағы жаңа ақпаратты уақытылы алуға мүмкіндік береді.

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
	русскому языку//Вестник КазНУ, 2014	
Түребекова Р.С., Кенжеева К.Т.	Совершенствование навыков чтения на занятиях русского языка в национальной аудитории// Вестник КазНУ 2014	Студенттік аудиторияда оқу дағдылары мен техникасын жетілдірудің мақсаты оқудың жоғары жылдамдығы және оқудың икемділігі, яғни сөйлеу жағдайына байланысты әртүрлі жылдамдықпен оқи білу сияқты елеулі ерекшеліктерімен ерекшеленетін жетілген оқуды үйрету болып табылады.
Русских Е.В.	Развитие читательской культуры юношества: эстетико-речевой аспект Автореферат дисс..к.п.н. Киров, 2016-25с.	көркем құралдармен көрсетілген мағынаның терең құрылымына еруге және кітап арқылы автормен қарым-қатынастан эстетикалық ләззат алуға мүмкіндік беретін жеке оқу дағдылары мен тәжірибесінің жиынтығы.
Түребекова Р.С.	О навыках чтения учебно-научных текстов на занятиях по русскому языку// Вестник КазНУ, 2016	студенттерді мәтінді оқуға үйрету керек, сондықтан оқу барысында олар мәтіннің танымдық мәнін көрсететін сұрақтар қойып, олардың көмегімен мәтіннің логикалық құрылымын түсініп, ондағы басты, негізгі нәрсені бөліп көрсетуі керек. Түпкі мақсат – студенттердің мәтінді жақсы түсінуге, оның мазмұнын түсінуге деген ұмтылысын ояту.
Хафизов Д.М.	Социокультурные практики повышения читательской активности молодежи: стимулирующие возможности моды Автореферат дисс..к.культурологии, Челябинск, 2017-26с.	белгілі бір оқу құзыреттіліктерінің болуымен көрінетін оқу іс-әрекетінің белгілі бір даму деңгейі: мәтінді таңдау, оқу және түсіну қабілеті; оқу тақырыбын таңдауды ұғыну; дереккөздерде бағдарлау (Кітапхана, интернет және т. б.); оқудың жүйелілігі мен жүйелілігі; оқылғанды барынша игеру және терең қабылдау мақсатында мәтінде бағдарлай білу.
Чумаченко О.В.	Инновационные подходы к развитию культуры чтения в республике Казахстан на примере работы общественных библиотек//Вестник Казахстанско-Американского Свободного Университета, Усть-Каменогорск, 2013	Қазіргі қазақстандық қоғамда мемлекеттік, әлеуметтік, жеке оқу мәдениетін дамытудың үш негізгі деңгейі бар, олар өз кезегінде қоғам мәдениетін қалыптастырудың негізі және сапалық көрсеткіштері болып табылады.

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
<p>Кекеева З. О., Абдираимова Э.К.</p>	<p>Формирование читательской культуры студентов – будущих педагогов в условиях цифров-изации образования в Казахстане// Вестник ВГУ, 2021, № 1 (139)http://vestnik43.ru/assets/mgr/docs/vyatsu/139(1)2021/kekeevaabdairaimova.pdf</p>	<p>Болашақ педагогтың оқырмандық мәдениеті-оқу, мәселелі-оқырмандық жағдаяттарды шешу түрлерін бірізділікпен меңгерудың үрдісі мен нәтижесі.</p>

Кестеден оқырмандық мәдениетті көп жағдайда ғалымдар адамның жалпы мәдениетінің бөлігі ретінде түсініліп, шығарманы оқу негізінде дамитынын көруге болады.

Сонымен қатар, З.О.Кекеева, Э.К.Абдираимова болашақ педагогтардың оқырмандық мәдениеті – оқу, мәселелі-оқырмандық жағдаяттарды шешу түрлерін бірізділікпен меңгерудың үрдісі мен нәтижесі деп түсіндіреді [156].


С.Е.Чушкина: оқырмандық мәдениет – оқу мәдениетіне қарағанда кеңірек, әртүрлі, көлемді. Ол оқырманның мәдениетін сипаттайды, ол өзінің мүддесінде, оқу деңгейінде, кітапты сақтауға, таратуға қатысты көрінеді. Оқу мәдениеті – бұл оқырмандық мәдениеттің бөлігі, оның өзегі, өйткені ол оқу процесін қамтиды. Бұл ұғымдардың арасында диалектикалық бірлік, өзара әсер бар (білімнің жалпы қоры әдеби мәтіндерді қабылдауға әсер етеді, ақпаратты қабылдау, ассимиляциялау және оқудың жаңа тәсілдері оқырман мәдениетін байытады). Біз бұл ұғымдардың арасындағы шекара біршама шартты екенін ескереміз, бірақ біз оны терең ғылыми дамыту үшін «оқырмандық мәдениет» ұғымын атап көрсетеміз [157].

И.В.Шулер зерттеуінде «оқырмандық мәдениет» ұғымын қазіргі қоғамның ақпараттық ортасының даму ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылады. Автор оларға жаһандану, виртуалдылық, мультимедиа, мозаика, гипермәтіндік, интерактивтілікті жатқызады. Жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетінің негізгі құраушы элементі-бірегей және әмбебап мәдени тәжірибе ретінде әрекет ететін нәрсе – оқу. Оқу мәдени тәжірибе ретінде екі мәдениеттің – «дәстүрлі», «кітаби» және «экрандық мәдениеттің» қиылысында орналасқан. Оқырмандық мәдениет – адамның маңызды күштерінің даму дәрежесін, оның дәстүрлі және инновациялық ақпараттық технологиялар негізінде жазбаша мәтіндердің мәдени әлеуетін игерудегі қабілеттері мен таланттарын сипаттайтын және қазіргі ақпараттық ортадағы тұлғаның әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттесуінің тиімділігін анықтайтын жалпы жеке мәдениеттің құрамдас бөлігі [158].

В.Г.Маранцман «оқырмандық мәдениет» ұғымын мәдениеттің кең және жалпы тұжырымдамасымен байланыстыра отырып, оқырманның белсенділігі мен эмоционалды реакцияның дәлдігі, көркем мәтінді түсіну тереңдігі,

оқырман қиялындағы әдеби образдарды нақтылау, шығарманың формасын эстетикалық тұрғыдан бағалау, оның авторын көркем әлемнің артында көру қабілеті қажет деп санайды [159].

И.С.Збарский оқырмандық мәдениетті «білім, білік және сезім жиынтығы» ретінде қарастырады, сондықтан үш деңгей келесідей сипатталатын үш өзара әрекеттесетін компонентті анықтайды: оқырман санасының деңгейі, оқырман мінез-құлқының деңгейі, оқырман сезімінің деңгейі (сурет 6).



Сурет 6 - Оқырмандық мәдениеттің деңгейлері

Аталмыш деңгейлерге тоқталсақ:

1. Оқырмандық сана, әдеби эрудиция деңгейі әдебиеттің «алтын қорының» нақты білім қорын (көркем шығармалармен практикалық танысу), әдебиеттің теориясы мен тарихы бойынша қажетті білім шеңберін алуды, туындыларды олардың тектік және жанрлық ерекшеліктерінде талдау логикасын игеруді қамтиды.

2. Оқырман сезімдерінің, бағалау бағдарларының деңгейі негізгі индикаторды қамтиды: белгілі бір шығармаларды қабылдау қабілеті – және одан кейінгі негізгі көрсеткіштер: эстетикалық талғам, яғни жасалған критерийлер негізінде белгілі бір өнер туындыларын қабылдау қабілеті және тұлғаның әдеби және эстетикалық мұраттарының болуы [160].

3. Оқырмандық мінез-құлық деңгейі адамның практикалық іс-әрекетінде оқырман мәдениетінің болуы мен даму дәрежесін (әдебиетті тандау, онымен жұмыс істеу, кітапты насихаттау және т.б.), шығармашылық іс-әрекетке баулу дәрежесін, білімді, іскерлікті және дағдыларды дербес оқу саласына көшіруді меңгеру деңгейін көрсетеді.

И.В.Осипова оқырмандық мәдениет деп бірқатар оқу біліктері мен дағдыларының қалыптасуының белгілі бір деңгейін түсінеді: оқуға деген қажеттілік және оған тұрақты қызығушылық; оқырман эрудициясы; оқу дағдылары, мәнерлеп оқу дағдылары; әртүрлі шығармаларды қабылдау қабілеті, қарапайым библиографиялық білім; теориялық-әдеби білімнің қажетті деңгейі; шығармашылық қабілеттер; бағалау және түсіндіру дағдылары; сөйлеу

дағдылары. Бұл ретте, сөйлеу дағдыларын, мазмұны оқырмандық мәдениет белгіленді ретінде негізін қалаушы [161].

С.Н.Паламарь оқырмандық мәдениетті «оқырманның білім, білік және сезім кешенін білдіретін, оқу тақырыбын саналы түрде таңдауды, оқығанды толық және терең қабылдау мен меңгеру мақсатында оның жүйелілігін қамтитын жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің бөлігі» ретінде қарастырады [162].

Оқырмандық мәдениеттің құрамдас бөліктері – адамның жалпы оқуы, әдебиетпен жұмыс істеу, әдеби құбылыстар туралы ауызша және жазбаша сөйлеу, әдеби шығармаларды эстетикалық және эмоционалды деңгейде қабылдау және бағалау мүмкіндігі.

С.Г.Клюеваның анықтамасына сәйкес оқу сауаттылығы – бұл «жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау, олардың мазмұнын әртүрлі мақсаттарға жету үшін пайдалану мүмкіндігі...». Оқу сауаттылығы – бұл жаратылыстану сауаттылығына қарағанда адамның даму деңгейінің маңызды көрсеткіші, өйткені «ол адамның ақпарат алу және өңдеу қабілетін анықтайды» [163].

Сонымен, ғылыми дереккөздерге сүйенсек, өскелең ұрпақ арасында оқуды күшейту үшін мәтінді түсінудің жақсы деңгейіне, одан ақпарат алу қабілетіне, өмірлік шындықтың сәйкестігін көру және бағалау қабілетіне қол жеткізу керек. Оқырмандық мәдениетті қалыптастыру үшін, ең алдымен, оқырманның жұмысы қажет. В.П.Синенко мәдени тұлғаның басқа сипаттамалары арасында оқырмандық мәдениеттің маңыздылығы туралы жазады. Мәдени тұлға, ең алдымен, «өз бетінше ойлайтын, кітапта ұсынылған алдыңғы ұрпақтардың әлеуметтік-тарихи, моральдық-этикалық, рухани-эстетикалық және ғылыми тәжірибесін іріктеп, өндеп, игере алатын болуы керек...» [164].

Жоғарыда қарастырылған әдебиеттер талдауы көрсеткендей, оқырмандық мәдениеттің мынадай құрылымын анықтауға болады [165].

Адамда оқырмандық мәдениеттің болуы оған басқа адамдарды түсінуге, кәсіби қызметте неғұрлым кең маман болуға, басқа халықтар мен мемлекеттердің тарихы мен мәдениетіне қосылуға мүмкіндік береді.

Д.М.Хафизов оқырмандық мәдениет белгілі бір оқу құзыреттілігінің болуымен көрінетін оқу іс-әрекетінің белгілі бір даму деңгейінің сипаттамасы ретінде түсініледі: мәтінді таңдау, оқу және түсіну қабілеті; оқу тақырыбын таңдауды түсіну; дереккөздерде бағдарлау (кітапхана, интернет және т.б.); оқудың жүйелілігі мен дәйектілігі; мәтінді оқуды барынша игеру және терең қабылдау мақсатында бағдарлай білу; оқу негізінде қалыптасқан білім; алынған ақпаратты практикада қолдану және қолдана білу және т.б. [166].

Біздің жұмысымыздың жетекші тұжырымдамасының қорытындысы бойынша студенттерге оқу үрдісін үйрететін ұстаз, оқытушы оқу ісінде де кәсіби маман болуы тиіс. Мұғалімнің кәсіби оқу дайындығын ескере отырып, оның келесі: кітаптарды білу; ешкімнің көмегінен кітаптармен жұмыс істеу мүмкіндігі; кітапқа ақпарат көзі ретінде емес, әңгімелесуші ретінде қарау сынды негізгі компоненттерін бөліп көрсетеміз [167].

Сонымен қатар, оқырмандық мәдениеттің маңызды аспектісі – коммуникативті өрістегі белсенді ұстаным: мәтіндер туралы бағалау пікірлерін қалыптастыру, тарату және қорғау қабілеті, «кітап-оқырман» диадасынан тыс мәтінмен байланысты іс-шараларға қатысуға дайын болу.



Сурет 7 - ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетінің құрылымы

Оқырмандық мәдениет – бұл жалпы мәдениеттің ерекше саласы ретінде көрінетін, жазбаша баспа түрінде бекітілген мәтінге мақсатты және белсенді түрде жүгінуге негізделген, оның ішінде оларды мағыналы қабылдау мен бағалауға негізделген оқу мәдениетінің бөлігі. Студенттердің оқырмандық мәдениетінің құрылымын төмендегі 7-суретте көрсеттік.

Осыған байланысты біз зерттеу міндеттеріне сәйкес, «Оқырмандық мәдениет» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылау үшін ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетінің құрылымын анықтайтын «оқу қажеттілігі», «оқуға тұрақты қызығушылық», «құнды бағдарлы өзбетінше анықтауы», «мінез-құлықтың икемділігі», «мәнді ізденушілік және шығармашылық белсенділік», «жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру» түсініктерінің мәні мен мазмұнын ашуды және оны теориялық тұрғыдан негіздеуді ұйғардық.

Оқу қажеттіліктерінің үш тобы бар.

Бірінші топ – білім беру немесе кәсіби қызмет мақсатында ең төменгі әлеуметтік қажетті мәтіндерді игеру қажеттілігін білдіреді, оның нәтижесі аттестат, диплом, әлеуметтік мәртебе және т.б. алу болып табылады.

Екінші топ – ресми және беделді оқуға деген қызығушылықты қамтиды, мысалы, зияткерлік, саяси, кәсіби қауымдастықтарға, топтарға қатысу; кәсіби біліктілікті арттыру; сән кітаптарды оқу.

Үшінші топ – эмоционалды қажеттілікке, жоғары рухани қарым-қатынаста көрінетін қажеттілікке оқуға деген қызығушылықты дамытуды қамтиды.

Оқу – бұл белсенділік пен қызмет түрі болғандықтан оқырманның мәдениеті, шеберлік пен оқу белсенділігі мен оқуға қажетті білімді білдіреді (сурет 8).

Оқырманның толыққанды белсенділігі қол жетімді кітап ортасын білместен, оқырманның көкжиегін, таңдаулы қарым-қатынас әдетімен, өзі үшін кітап таңдау, оқуға деген қызығушылығыңыз бен қалауын ескерместен және оқу шеңберін қалыптастырмай оқырмандық қызметтің жүзеге асуы мүмкін емес. Бұл оқырманның өзін-өзі тану және әлемді түсіну мақсатымен таңдамалы қарым-қатынасқа деген тұрақты қажеттілігін қалыптастырады.

Оқуға деген қызығушылықтың осы үш негізгі түрі оқшауланбайды, бірақ бір-біріне еніп, «өтпелі», аралас қызығушылықтың аралық турбулентті құбылыстарын құрайды. Мысалы, оқуға деген рефлексивті-рухани қызығушылықты қатар жүретін әсер ретінде жүзеге асыру әлеуметтік шиеленіске әкелуі мүмкін, ал керісінше, беделді оқудың жинақталған тәжірибесі осындай мансапты бұзған кезде рефлексивті-рухани қызығушылыққа айналуы мүмкін және тек нормативті оқуға қызығушылықпен шектелуі мүмкін (сурет 8).



Сурет 8 - Оқырмандық мәдениеттің дәрежесі

Біздің ойымызша, оқырмандық мәдениетінің құндылыққа бағытталған аспектісі ерекше назар аударуға лайық, оған белгілі бір көркем шығармаларды қабылдау, осы туындыларды өз сезімдері, жеке оқырмандардың қызығушылықтары, эстетикалық талғам негізінде бағалау мүмкіндігі кіреді.

Ғылыми дереккөздерінде «құндылық» сөзі философия, әлеуметтану, педагогика және психология ғылымдарындағы негізгі тұжырымдамалардың бірі.

«Құндылық» феноменіне қызығушылық антикалық дәуірден бастау алған. Диоген Лаэртский алғаш рет «құндылық» сөзіне анықтама берген, оның анықтамасы бойынша: «Құндылық, біріншіден кез-келген игілікке тән жәрдемдесіп, өмірге бейімделу, екіншіден, табиғатпен сәйкестендіріп, өмірмен бірге әрекет ететін пайда, үшіншіден, тәжірибеде сатушы тағайындайтын тауардың айырбас бағасы». Сонымен антикалық дәуірдегі философтардың ойынша, құндылық табиғатпен сәйкестендірілген тіршілік етуге бейімделуімен сипатталған, игілікке қол жеткізудің құралы болып саналған [168].

Л.С. Рубинштейннің анықтамасы бойынша, құндылық адам өміріндегі бір нәрсенің маңыздылығы, тек мойындалған құндылық ғана маңызды рөл атқаруы мүмкін [169].

Н.Смелзер «құндылық» ұғымын адам жетістікке жету үшін ұмтылуы тиіс қоғамдағы ортақ мақсат деп түсіндірген [170].

Н.И.Лапин бұл түсінікке мынадай анықтама береді: «Құндылық – фундаменталды нормалардың рөлін атқаратын, жалпыланған мақсаттар мен оларды жетілдіру жолдары. Олар қоғамның интеграциялануын қамтамасыз етеді, адамдарға өмірлік жағдайдағы әлеуметтік мінез-құлықтарын таңдауға көмектеседі» [171].

В.Т.Тугариновтың ойынша, адамдар нені қастерлейді, соның барлығы құндылық деп анықталады. В.П. Тугаринов құндылықтардың екі тобын бөліп қарастырды: Өмір құндылықтары – өмір, денсаулық, өмірдегі қуаныш, адамдармен қарым-қатынас және т.б.; Мәдени құндылықтар – материалдық (техника, баспана, тамақ, киім және т.б.); Әлеуметтік саяси құндылықтар – (қоғамдық тәртіп, қоршаған әлем, қауіпсіздік, бостандық, еркіндік, адамгершілік); Рухани құндылықтар (білім, ғылым, өнер) [172].

Әлеуметтік психологияда «құндылық бағдарлары» түсінігі екі мағынада қолданылады:

- «идеологиялық, саяси, моральдық, эстетикалық және шындық тақырыбын бағалаудың басқа да себептері, оған бағдар беру;
- объектілердің мәніне қарай дифференциациялау әдісі.

Құндылық бағдар әлеуметтік тәжірибені игеру арқылы қалыптасады және жеке тұлғаның мақсат, идеалдар, наным мен мүдделерінде көрініс табады.

Құндылық бағдар – тұлғаның бағытының дамуымен байланысты және адамның өмірге деген, өзіне деген және тұлғалық бағытқа деген көзқарастарын сипаттайды. Психологиялық бағытта «құндылық бағдар» феноменіне көптеген анықтамалар берілген.

Философиялық сөздікте (Мәскеу, 1983ж.) құндылық бағдар ұғымына: «Жеке тұлғаның өмірдегі тәжірибесінен жинақтаған ішкі жан дүниесінің маңызды элементі, адамның саяси, философиялық, адамгершілік сенімі мен күштарлығы, мінез-құлықтың адамгершілік қағидалары» - деп анықтама берілген [173].

Ал ғылыми әдебиеттерде «құндылық бағдар» ұғымына әртүрлі анықтамалар беріледі. Ғалымдардың бір тобы құндылық бағдарды адамның жалпы әлеуметтік бағыттылығы деп қарастырса, екінші бір тобы құндылық бағдарды жеке тұлғаның әлеуметтік құндылықтарға деген субъективті қатынасы деп көрсетеді, ал үшінші тобы «құндылық бағдар» ұғымына психологиялық тұрғыдан түсініктемелер береді. Кейбір зерттеушілер «құндылық» түсінігін белгілі бір сапалы қасиеттердің жеке бөлініп шығуымен түсіндіреді.

В.Н.Мясищевтің пікірі бойынша [174], «Құндылық бағдар – жеке тұлғаның рухани дамуының негізі, жеке тұлғаның қоғамға, белгілі бір топқа, еңбекке, өзіне деген саналы қатынасы» болып табылады.

К.К.Платоновтың пікірінше, «Құндылық бағдар – жеке тұлғаның әлеуметтік тепе-теңдігінің мазмұны мен адам өмірінің эмоционалды дүниесімен байланысты» [175].

В.А.Ядов бойынша, «Құндылық бағдар – жеке тұлғаның қарым-қатынасының неғұрлым күрделі иерархиялық ұйымдасқан құрылым компоненттерін көрсетеді» [176].

Құндылық бағдар – күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс және жеке тұлғаның қарым-қатынас жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ, жеке тұлғаның қызметін бағдарлау және қызметінің мазмұны, адамға жалпыға ортақ көзқарасты айқындайтын, өз алдына, мағынасы мен бағытын көрсете отырып, мінез-құлық сипаты, әрекеттер көрінісі. Сонымен, құндылық бағдар бір жағынан алғанда, жеке тұлғаның нақты іс-әрекетке деген көзқарасы мен іс-әрекетке қатынасын білдірсе, екінші жағынан белгіленген мақсаттар жүйесі. Ол – жоғары деңгейде объектілерді, хал-жағдайды, қажеттілікті, мақсатты таңдауды түсіндіреді, қоғам мен адамдарға жақсылық пен жамандықты, ақиқат пен адасуды, әсемдік пен сүйкімсіздікті, әділеттілік пен әділетсіздікті, рұқсаттылықты, тыйымсалудылықты, мәнді мен мәнсіздікті ажыратуға көмектеседі. Құндылық бағдар адам дамуының ең негізгі факторы болып табылады.

Мінез-құлық икемділігі – жаңа міндеттер мен жағдайларға қатысты туындаған міндеттерді ескере отырып, мінез-құлықты өзгерту қабілеті. Икемділік – бұл адамның жағымды қасиеті. Дененің икемділігінен басқа, біз үшін ойлау, мінез-құлық, қарым-қатынас, эмоционалды интеллект икемділігі маңызды.

Ойлаудың икемділігі – бұл адамның жаңа шешімдерді жылдам іздеу қабілеті. Бұл оңай және саналы түрде шешім қабылдау, оңтайлы нұсқаларды іздеу мүмкіндігі. Бұл адамның бір тапсырмадан екіншісіне тез ауысу қабілеті, мәселені екінші жағынан көру қабілеті, ескі стереотиптер мен сенімдерден бас тарту, кез-келген жағдайда жағымды сәттерді табу.

Икемді адамның сөз саптауы, мәнері, әдемі сөйлеуі қалыптасқан болады. Ол оқуды, тәжірибе жинауды, көп оқуды ұнатады. Ол әрқашан оған, оның дамуына уақыт табады. Бір ойдан екіншісіне оңай ауысады. Ол өзгерістерден қорықпайды, стреске төзімді. Ол әрдайым әртүрлі жағдайларда өзін сенімді сезінеді. Жаңашылдықты, белгісізмен танысуды, тәжірибе жасауды ұнатады. Оған әрдайым жаңа жарқын әсерлер, эмоциялар, жаңа идеялар қажет.

Мінез-құлықтың икемділігі – бұл өмір жағдайларына байланысты өзін-өзі көрсете білу, бағалау, іс-әрекеттің дұрыс нұсқаларын таңдай білу, өзгерістерге тез бейімделу.

Мәнді ізденіс – жеке сөздердің немесе өрнектердің сөздік мағыналарының орнына сұралған сөз тіркестерінің контекстік (семантикалық) мағынасын қолдануға негізделген ақпаратты іздеу әдісі мен технологиясы.

Мәнді ізденісті ақпараттық контексті, пайдаланушының орналасқан жері мен іздеу мақсатын, ауызша вариацияларды, синонимдерді, жалпыланған және мамандандырылған сұрауларды, сұрау тілін және тиісті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін басқа мүмкіндіктерді ескереді.

Мәнді ізденіс технологиясы – ақпаратты іздеудің дәстүрлі түрлеріне қосымша немесе балама ретінде қарастырылады. Google және Bing сияқты

бірқатар ірі іздеу жүйелері семантикалық іздеудің кейбір элементтерін таза күйінде қолданбай пайдаланады.

Мәнді ізденістің мақсаты – пайдаланушының ерекшеліктерін анықтау және оған ең сәйкес нәтижелерді беру.

Мәнді ізденістің өзіне тән белгілері бар: Морфологиялық вариацияларды өңдеу. Синонимдерді дұрыс мәндермен өңдеу. Жалпылауды өңдеу. Тұжырымдамалық жиынтықты өңдеу. Білім қорын өңдеу. Қарапайым тілде қойылған сұраулар мен сұрақтарды өңдеу. Үздіксіз абзацты және ең сәйкес сөйлемді анықтау мүмкіндігі. Бейімделу мүмкіндігі және органикалық прогресс. Статистикалық мәліметтерге, пайдаланушылардың мінез-құлқына және басқа да жасанды құралдарға сүйенбей жұмыс істеу мүмкіндігі. Өз қызметінің нәтижелерін анықтау мүмкіндігі.

Шығармашылық белсенділіктің әдіснамалық негіздерін шетелдік ғалымдар Г.Ю.Айзенк [177], Ф.Баррон [178], М.Вертгеймер [179], Дж. Гильфорд, Е.Р.Торренс [180], С.Медник [181] және басқалар өз еңбектерінде қарастырған. Шығармашылық белсенділік бәріне тән және оның дамуы тәуелсіздіктің дамуымен және даралықтың көрінісімен тығыз байланысты.

В.Г.Иванованың пікірінше, шығармашылық іс-әрекеттің мәні мотивтердің, қажеттіліктердің, іс-әрекеттердің, мүдделердің мақсатты бірлігінде көрінетін және олардың жеке трансформациялық белсенділігінің жоғары деңгейі түрінде көрінетін жеке тұлғаның тұтас сапасы ретінде анықталады [182].

В.С.Безрукова шығармашылық белсенділікті іс-әрекет пен қарым-қатынаста өзіндік, шығармашылық және жаңашылдықта көрінетін жеке қасиет ретінде түсінеді [183].

Н.Н.Нефедеваның ұстанымынан шығармашылық белсенділік өзін-өзі көрсету тәсілі, адам өзінің шығармашылық тәжірибесін зерттеген кезде қоршаған әлемді білу формасы ретінде анықталады, ол кейіннен өзін-өзі дамытудың негізіне айналады [184].

А.Шумилинаның зерттеулерінде [185] шығармашылық белсенділік қажеттіліктерді, мотивтерді, мүдделер мен іс-әрекеттерді мақсатты түрде көрсетуде көрінетін және шығармашылық жағдайларды мағыналы іздеумен сипатталатын тұлғаның тұрақты тұтас сапасы ретінде анықтайды.

Жоғарыда қарастырылған ғалым-зерттеушілердің көзқарастарын қорытындылай келе, жеке анықтама беруді жөн көрдік. «Мағыналы ізденіс пен шығармашылық белсенділік – жеке қызығушылықтың негізінде туындайтын қажетті оқу материалдарын мәнді, әрі мағыналы іздеу мақсатын жүзеге асыруда шығармашылық тұрғыда ұйымдастырылған іс-әрекет.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеудің негізінде, басқа да әрекеттер сияқты, белсенділіктің көздері мен мотивтерінің жүйесі жатыр. Педагогтың өзін-өзі тәрбиелеуінің қозғаушы күштері өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілік болып табылады. Осы тұста қажеттіліктің, яғни, қоғамның педагогқа қоятын және оның бойындағы қалыптасқан кәсіби-тұлғалық даму деңгейіне қойылатын талаптар арасындағы қарама-қайшылығын шешу қажеттілігінен, өзінен-өзі қалыптаспайтынын айта кету керек. Қоғамның педагогқа қоятын талабы «оны

өзін өзгертуге бағытталған жұмысын не ынталандырады, не сол қайшылықты шешу үшін барлық мүмкін емес әрекетке баруға итермелейді». Психологтар мұндай құбылысты компенсаторлық механизмдерге (рационализациялау, инверсия, проекция) балайды.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу негізінде, мұғалімнің іс-әрекетінің негізіндегідей, мотив пен мақсат арасындағы қарама-қайшылық жатыр. Мотивті мақсатқа бағыттауды қамтамасыз ету – яғни, өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілікті тудыру. Осылайша педагогтың өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілігінің болуы кейін тұлғалық белсенділік көздерінен (сенім, парыздық сезім, жауапкершілік, кәсіби ар ождан т.с.с.) қолдау табады. Осының барлығы өзін-өзі жетілдіру бойынша әрекет жүйесін тудырады. Ол кәсіби идеал мазмұнынмен айқындалады. Басқаша айтқанда, педагог педагогикалық әрекетті тұлғалық, терең саналы құндылық ретінде түсіне бастағанда ғана, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі туындайды да, өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі басталады.

Ғылым өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың екі тәсілін белгілейді: біріншісі – өзінің талабының деңгейін жеткен нәти-желермен сәйкестендіру, екіншісі – әлеуметтік салыстырумен, яғни қоршаған орта-ның өзі туралы пікірлерімен сәйкестендіру. Л.С. Рубинштейн бойынша [169,с. 102], кәсіпке деген жалпы тұтастық қарым-қатынас қалыптастыратын дүниетанымдық сезіммен байланысты.

Өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыс пен тәжірибе өзін-өзі тәрбиелеуге қажетті өзінің тұлғалық кәсіби маңызды сапаларын үш бағытта дамытуда саналы жұмыс жасау алғышартын құрайды.

Бірінші бағыт – өзінің жекелік қайталанбас ерекшеліктерін педагогикалық іс-әрекет талаптарына бейімдеу;

Екінші бағыт – кәсіби құзыреттілігін әрдайым жоғарылатып отыру;

Үшінші бағыт – әлеуметтік-адамгершілік және тұлғалық басқа да қасиеттерін үздіксіз дамыту.

Осылайша, зерттеудің осы бөлігін қорытындылай келе, келесі түйін жасауға болады: оқу мәдениеті жеке тұлғаның күрделі интегративті қасиеті ретінде әрекет етеді, ол негізінен таным мәдениеті, жасөспірімнің сәтті дамуы мен оның қоғамда толыққанды өмір сүруі үшін қажет жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің бөлігі болып табылады.

Оқырмандық мәдениет – бұл оқу тәжірибесінің бірлігі, оқуға құндылық қатынасы (оқылғанды таңдауға құндылық қатынасы), оқу құзыреттілігі (мәтінді өз бетінше өңдеу қабілеті: жылдамдық, түсіну тереңдігі, жауап мәтінін құру мүмкіндігі).

Зерттеуші ғалымдардың жоғарыда айтылған ұстанымдарын ескере отырып, студенттердің оқырмандық мәдениеті – жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру мақсатында мағыналық ізденіс пен шығармашылық белсенділікті қамтамасыз ететін, құндылық бағдарын өзбетінше анықтаумен, мінез-құлық икемділігімен сипатталатын үздіксіз, тұтас жүйе (білім, білік, оқуға деген қажеттілік, оған деген тұрақты қызығушылық) деп санаймыз.

Сонымен жоғарыда қарастырылған зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен студенттердің оқырмандық мәдениетінің құрылымы ретінде мағыналық ізденіс бұл мақсат қою мен соған жетудегі мотивацияның болуымен сипатталады, шығармашылық белсенділік жаңаны жасауға бағытталған стандарттан тыс, ерекше іс-әрекет, құндылық бағдарын өз бетінше анықтауды біз тұлғаның әлеуметтік маңызды өмірлік әрекетін жоғары рухани-адамгершілік құндылықтарға негіздеу деп түсінеміз.

Іс-әрекет контекстінде оқырмандық құзыреттілікті дамыту ақпаратты іздеу және талдау, мәтін мазмұнын түсіну және түсіндіру, сондай-ақ бағалау пікірлерін қалыптастыру дағдыларын жетілдіру арқылы білім беру процесінде тікелей жүреді.

Жұмыс үшін мәтіндерді таңдау кезінде кейбір принциптерді сақтау қажет. Атап айтқанда, оқу мәтіндері білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, білім беру мақсаттарына сәйкес келуі керек, танымдық белсенділікті ынталандыруы керек. Жұмысты бастамас бұрын, оқудың мақсатын белгілеп, мәтінде қолданылатын негізгі терминдер мен кілт сөздерді қарастырған жөн. Мәтінмен жұмыс жасау кезінде мұғалім студенттерді үнемі ойлануға, танымдық белсенділікке ұмтылуға итермелеуі керек.

Қорытындылай келе, студенттер мәтіннің мазмұнын және алған білімдерін іс жүзінде қолдану мүмкіндіктерін түсінуі керек.

1.3 Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Бұл параграфтың мақсаты – студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың әдіснамалық тұғырларын айқындау.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпараттық білім беру кеңістігінің мәдени ортасын құру – студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесін ғылыми әдіснамалық тұғырлар тұрғысынан шешуге мүмкіндік береді.

«Электрондық байланыс құралдарының пайда болуымен жаңа дәуір басталады – неотрайболизм, «жаһандық ауыл», адам әлемі қайтадан біртұтас болатын кез, тек жаһандық деңгейде. Байланыс және ақпарат құралдары өзгеруде – ойлау, мінез-құлық және әлеуметтену формалары өзгеруде», - деп тұжырымдайды шетелдік ғалымдар [186].

Студенттер мен жастар арасында оқу мәселесі қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қазіргі студент жастардың оқу деңгейі жоғары білім беру институты, әлеуметтік-мәдени кеңістік, жастардың субъективтілігі, 80-жылдардың аяғы мен XX-XXI ғасырдың басындағы жүйелі өзгерістер жағдайындағы ақпараттық революция жағдайында екіұшты (оң және теріс) өзгеріс жағдайында [187].

Отандық ғалымдар Г.Қ. Нұрғалиева, А.Қ. Құсайынов [188], Ш.Т. Таубаева [189] және т.б. педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық тұғырларының мазмұнын айқындады. Бұл ғалымдар дүниежүзілік тәжірибеге сүйене отырып,

педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық тұғырларының мазмұнын нақтылады.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерде әдіснамалық тұғыр белгілі бір педагогикалық-психологиялық мәселені зерттеудегі қолданылатын ұстанымдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы деп қарастырылады. «Тұғыр» ұғымы педагогикада ғылымның пайдаланатын нақты тәсілі, элементі ретінде қарастырылады. Тұғыр – бұл ғылыми-педагогикалық қызметтің қандайда бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті. Егер «әдіс» ұғымы ғылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынтығы деген анықтама берілсе, «әдіснамалық тұғыр» ұғымы аталмыш тұғырдың зерттеушінің ғылыми-педагогикалық әрекетінің бүкіл кезеңінде пайдаланатынын білдіреді. Зерттеу тұғырларының жиынтығы олардың қолдану дәйектілігі мен логикасын, педагогикалық зерттеуді жүргізу технологиясын анықтайды.

Ғалым педагогтар әдіснамалық бағдар ретінде «тұғыр» ұғымын жиі қолданады. Осы орайда, педагогикалық зерттеулерде жүйелік, жүйелік-қызметтік, кешендік, тұтастық, аксиологиялық, праксиологиялық, әрекеттік, жеке тұлғалық және т.б қолданылады [189,с. 92].

Педагогика ғылымында педагогикалық құбылыстарды зерттеудің мазмұндық ерекшелігіне байланысты әдіснамалық тұғырларды үш топқа бөліп қарастырған. Мысалы, мега, макро, микро әдіснамалық тұғырлар. Мегаәдіснамалық тұғырлар: жаратылыстанулық-ғылымилық және гуманитарлық. Макроәдіснамалық тұғырлар: мәдени, синергетикалық, инновациялық, экологиялық.

Педагогика және психология ғылымдарында әдіснамалық тұғырларға сүйену – әлеуметтік педагогикалық құбылыс, жалпы мәдени өрістегі педагогикалық әрекет ретінде педагог-психологтың зерттеу мәдениетін қарастыруға, білім және ғылым саласында фактілер, құбылыстар, механизмдер мен заңдылықтарды жан-жақты зерттеп, қарастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдай отырып, зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттеріне сәйкес, біз мәдениеттанушылық, аксиологиялық, ақпараттық-цифрландырылған, психологиялық, синергетикалық тұғырларды негізге алып, қарастыруды жөн көрдік. Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуға негіз болатын әдіснамалық тұғырларды келесі сурет арқылы көрсетуді ұйғардық (сурет 9).



Сурет 9 - Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Мәдениеттанушылық тұғыр. Жеке тұлға өзінің саналылығы, ақылдылығы, белсенді іс-әрекеті негізінде қоршаған ортаның дайын заттарын пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар оның өзгеруіне, қоғамның дамуына зор ықпал ете алады. Адамзаттың қоғамдық тарихи даму үдерісінде қалыптасқан материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы мәдениет ұғымымен анықталады.

М.Маклюэннің [190] медиа мәдениеті, ақпараттық қоғам және ақпараттық мәдениет тұжырымдамаларындағы мәтіндердің теңдігін мойындағаннан кейін М.Кастельс [191] ғылыми парадигмада мәдениеттің өзіндік түрін және сәйкесінше оның жетекші технологиясын – мультимедиялық, интерактивті және гипермәтіндік болып табылатын оқу идеясын ұсынады. Қазіргі мәдениетте дәстүрлі белгілері бар оқу, вербалды және әр түрлі аудиовизуалды оқу тәжірибелерімен бәсекелестік жағдайында қызмет етеді.

Мәдениеттанушылық тұғыр – мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделініп, жалпыадамзаттық құндылықтар мен рухани мәдениет нормаларына сәйкес құрылуы тиіс. Мәдениеттанушылық тұрғысынан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани-мәдени дәстүрлер ұлттық кодымыздың негізі болып табылады.

Мәдениеттанушылық тұғыр – қоғамның дамуында білім беру, тәрбиелеу үдерісінде оқырмандық мәдениеттің басымдық сипатқа ие болуы.

Студенттердің тұлғалық мәдениеті зерттеуші-ғалымдардың пікірінше мынандай бағыттарды қамтиды:

- кітаптарды оқу барысында ғылымның жаңа жетістіктері мен тәжірибесін пайдалана білу;

- өздері қызыққан кітаптарды оқуы мен өзбетінше білімін жетілдіру барысында материалдық және рухани құндылықтарды жоғары бағалай білу;

- оқырмандық мәдениеті арқылы жан-жақты дамыған, қызығушылықтары кең, рухани қажеттіліктеріне сай ұстанымдарын қалыптастыру;

- өз Отанының, туған өлкенің даму тарихын, халық салт-дәстүрлерін, ауыз әдебиетін, халық өнерін біліп бағалау;

- студенттердің академиялық қабілеті негізінде мәдениеттің барлық саласынан хабардар болып, ондағы шығармашылықты бағалай білуі (музыка, сәулет өнері, театр, дизайн, би және т.б.);

- әр білім беру бағдарламасының кәсіби даярлау ерекшеліктеріне байланысты өзін-өзі ұйымдастыру, өздігінен даму мәдениетін меңгеруі.

Аксиологиялық тұғыр. Құндылықтар теориясы – нақтылы ғылыми-әдіснамалық таным ретінде және педагогикалық шындықты жаңғыртуда өзінің негізгі аксиологиясы – жалпы адамзаттық мәдени құндылық (заттық және рухани) жайында ілім болып табылады [192].

Аксиологиялық тұғыр – адамның әлемге, өзге адамдарға, өз-өзіне және т.б. қарым-қатынасын ұғынуымен және тұлғалық мағынасымен анықталатын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар. Құндылықтар жүйесі негізінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлы дала елінің мәңгілік ел идеясы негізінде тұлғаның бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады. Ата-баба дәстүрінен бастау алатын ұлттық мәдениет, руханилық адам

бойындағы негізгі құндылықтардың бірі болып табылады. Рухани адамгершілік құндылықтар халқымыздың бойындағы құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарастыруға болады. Көне түркі заманнан бастау алған рухани-адамгершілік құндылықтар тұлға бойындағы ізгілік қасиеттерді қалыптастырады.

Құндылықты тұғыр қамтиды:

1) білім беру ортасында өскелең ұрпақты және ересек адамды индивид, тұлға, даралық және өмір сүру субъектісі ретінде біртұтас зерттеу;

2) жетістік мотивациясы үшін педагогикалық шарттарды құру, білім беру үдерісінің субъектілерінің жетістіктеріне деген қажеттілікті өзектілеу, олардың жоғары нәтижелерге, шығармашылыққа деген ұмтылысы;

3) оқырмандық мәдениетті қайта құрушы іс-әрекетті вариативті ақпараттық білім беру кеңістігі ретінде ұйымдастыру, әрбір даралықтың интеллектуалды және рухани әлеуетін ұйымдастыру;

Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуда құндылыққа бағдарлану – тұлғаның рухани мәдениетінің тиянақты және терең көрінісі. Сондай-ақ, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуда мінез-құлық пен іс-әрекеттің бүкіл барысын көрсетіп, сананың жалпы бағыттылығында жеке тұлғаның бастапқы өнегелілік ұстанымын іске асырады. Оқырмандық мәдениетті дамытудың мақсат-міндеттеріне сәйкес, барлық тәрбиелік ықпалдардан тұратын болғандықтан құндылық бағдар жеке тұлғаның интеллектуалдық деңгейі мен рухани мәдениеттілігінің интегралды көрсеткішін анықтайды.

Психологтар «құндылық» ұғымымен қоғамға қатысты әлеуметтік-тарихи мағынасы мен іс-әрекеттің белгілі бір құбылыстарының жеке тұлғалық мәнісін сипаттайды. Олар құндылық деп, біріншіден, өнегелілік, жеке тұлғаның (адамдар тобының, ұжымның) және оның іс-әрекетінің нәтижесін; ал екіншіден, «құндылық» санаға қатысты адамгершілік пен арман-мұраттары, жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен бақыт ұғымдары сияқты түсініктерді айтады.

Оқу-тәрбие үрдісінде белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу-тәрбие үрдісі – студенттердің бойында тұлғалық құндылықтар жүйесі арқылы оқырмандық мәдениетінің дамуына ықпал етеді. Құндылықты бағдарлау арқылы студент тұлғасының оқу іс-әрекетінде жекелеген құндылықтарды (құндылықтарға бағдарлану қабілеттілігі) бағдар ретінде таңдап алу қызығушылығы (оқырмандық мәдениет), сондай-ақ оларды өзінің жеке әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі. Сонымен, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың мәні – оқу-тәрбие үрдісінде белсенді әрекет етуі үшін қажетті оқу қызығушылығы мен мәдениеттілікке жетелейтін құндылықтарды қалыптастыруда маңызды орын алады.

Синергетикалық тұғыр. «Синергизм» ұғымы – өзара әсер ету, бір-біріне ықпал жасау. Синергия – әр түрлі күштер мен энергия түрлерінің біртұтас әсердегі бір-біріне ықпалды әрекеттесуі болып қарастырылады.

Синергетика (грек, synergitikos – біріккен әрекет) – пәнаралық сипаттағы ғылым саласы; күрделі жүйелердің өзін-өзін ұйымдастыруы туралы ғылым, синергетикалық әдісті саяси ғылымда қолдану саяси өмірде өзін-өзі ұйымдастырудың күрделі тетіктерін зерттеуге көбірек көңіл бөледі; тепе-тең емес ашық жүйелердегі кооперативтік құбылыстарды зерттейді. Синергетика ұғымын 1971 ж. неміс физигі Г.Хакен енгізген [193].

Синергетика – әр түрлі салалардағы көпнұсқалы күрделі жүйелердегі өзіндік ұйымдасу заңдылықтарын қарастыратын жаңа пәнаралық ғылыми бағыт. Ол жүйенің жеке ерекшеліктерін ескерместен, жалпы үлгілер негізінде оның дамуының ортақ механизмдерін ашып көрсетеді. Қазіргі кезде синергетика жаратылыстану саласында ғана емес, әлеуметтану, философия, психология сияқты гуманитарлық салаларда да жиі қолданылады. Синергетикалық көзқарас көп нұсқалы, ықтималдығы мол, өздігінен ұйымдасатын дүниені бейнелейтін, жаңаша ойлау стилінің қалыптасуының негізі болып танылады.

Синергетиканың негізгі функцияларының бірі – оның әдіснамалық және эвристикалық қызметі, яғни зерттеу стратегиясы ретінде қарастырылуы. Синергетика жаңа ғылыми мәселелерді шешуге бағытталғандықтан, зерттеу-ізденіс қызметінің негізгі әдісіне айналады. Егер күрделі жүйелердің жалпы заңдылықтары айқындалса, оның құрылымдалуы мен дамуы туралы болжамдар жасауға болады.

Білім беру мен біліктілік арттыру жүйесіндегі синергетика үш жақты қарастырылады: синергетика білім беру саласы үшін; білім берудегі синергетика; білім беру синергетикасы.

Отандық ғалым педагог Ш.Т.Таубаеваның еңбегінде синергетикалық түсінік туралы жан-жақты қарастырылады. Синергетикалық тұғырда сыртқы әлеммен қуат және заттар алмасып отыратын ашық жүйелерге баса назар аударылады. Жүйе өзін-өзі басқару, ұйымдастыру, дамыту тұрғысынан қарастырылады. Синергетикалық тұғыр – биоәлеуметтік жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру, дамыту жүйесі ретінде қарастырылатын болғандықтан, синергетизм идеялары, синергетикалық тұғырды философиялық-әдіснамалық ұстаным ретінде білім беру және тәрбие жүйелерінде де зерттеуге қолдануға болады [189,с. 97].

Синергетикалық тұғыр – студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту күрделі кешенді, интегративті жүйелі үрдіс болып табылады. Осыған байланысты біз синергетикалық тұғырдың бірқатар ерекшеліктерін айқындауға тырыстық. Мәселен,

Біріншіден, студенттердің басты психологиялық ерекшелігі – үнемі танымдық шығармашылық белсенділікпен ізденісте жүретін қоғамның ірі интеллектуалдық әлеуеттің субъектісі;

Екіншіден, мамандану кезеңінде студент өзінің тұлғалық және кәсіби білімін жетілдіру үрдісінде оқуға деген қажеттілігі мен қызығушылығын, танымдық белсенділігі мен шығармашылық ізденісін арттыру үшін оқырмандық мәдениеттің болуы қажет.

Үшіншіден, студенттердің оқырмандық мәдениеттің дамытуда олардың тұлғалық қасиеттерін: темпераменті, қабілеті, мінез-құлқы есепке алу қажет;

Төртіншіден, студенттердің оқырмандық мәдениеттің дамытуда олардың оқуға деген қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, тұлғалық бағдары мен құндылықтары маңызды орынға ие;

Бесіншіден, студенттердің ақпараттық білім беру кеңістігінде қажетті білім көздерін тандап алу қабілеті мен мағыналы іздеуі, өзбетінше жұмыстармен айналысуы;

Алтыншыдан, жаһандану дәуірінде ақпараттық және цифрландырылған құзыреттілігі қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу және т.б.

Ақпараттық-цифрландырылған тұғыр. Цифрлық дәуір қоғамдық өмірдің барлық салаларында түбегейлі өзгерістер туғызды, адамдардың коммуникативті мінез-құлқының бүкіл жүйесін түбегейлі қайта құрды, бұл әдеби өнімді таныстыру тақырыбына, жанрлары мен формаларына, оқу тәжірибелеріне және оқырмандардың оқу инфрақұрылымына кіретін әртүрлі әлеуметтік-коммуникациялық институттармен өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне әсер етуді бәсеңдетпеді – баспа өнімдері мен жазбаша құжаттарды құруға, сақтауға, таратуға, танымал етуге, оқуды ұйымдастыруға, оқу қызметінің сапасын ынталандыруға және арттыруға арналған институционалдық құрылымдар жүйесі (баспалар, кітап сату мекемелері, кітапханалар, білім беру және ғылыми мекемелер, мұрағаттар, әдеби мұражайлар, театрлар, кинотеатрлар, діни мекемелер, қағаз және электрондық БАҚ, пенитенциарлық мекемелер баспа өнімдерін жазушылардың, баспагерлердің және таратушылардың жүйелері, қоғамдық бірлестіктері, сондай-ақ ресурстардың кең спектрі бар Интернет, кітаппен және оқумен байланысты).

М.Ю. Гудова бұл өзгерістерді басылым, сақтау және әдістерде орын алатын жаһандық өзгерістермен негізді түрде байланыстырады. Бұл трансформациялар мәдени саясатта бұрын жинақталған тәсілдерді жаңғыртуға мүмкіндік бермейді, оның құрамдас бөлігі оқуды және оның дамуын қолдайтын жүйелі жұмыс болып табылады; жоғары Ақпараттық технологиялар дәуірінде түбегейлі өзгерген оқу қызметін, коммуникация жылдамдығының үдемелі өсуін және бос уақыт қызметінің түбегейлі өзгерген құрылымын зерделеу негізінде жаңа стратегиялық және тактикалық шешімдер қажет [153, с. 92].

Ақпараттық-цифрландырылған оқыту идеясы негізінде әртүрлі оқу пәндері бойынша автоматтандырылған оқыту жүйесі (АОЖ) қолданылады. АЦОЖ өзегі авторлық жүйе деп аталынатын оқытушы жасаушыға мәліметтер базасына өз оқу материалын енгізуге және арнайы авторлық тілдің немесе оны зерттеудің басқа алгоритм құралдарының көмегімен бағдарламалауға мүмкіндік береді. АЦОЖ өкілдеріне тән бағдарламалық оқыту технологиясына сай құрылған, ұзақ уақыт шетелде PLATO жүйесінде, біздің елімізде АЦОЖ ЖОО, Қазақстандық ЖОО-да, мысалы, Платонус бағдарламасы. Компьютерлік оқыту және қазіргі заманғы техникалық құралдармен бағдарламалық оқыту жүйесі және Интернеттің ғаламдық желісі ақпараттық – білім беру ортасы түсінігін жаңа мазмұндық мағынамен толықтырады. «Виртуалды лаборатория»,

«виртуалды экскурсия», «виртуалды сынып», «виртуалды студенттік қала», «виртуалды университет» сияқты түйінді ұғымдар қалыптасты. Бұлардың барлығы ақпараттық білім беру ортасы ұғымын жинақтап қорытындылауы мүмкін. Виртуалды университеттердің (ВУ) пайда болғанына 10 жылдай уақыт өтті. Бұл онжылдық ВУ көмегімен білім беру ресурстарын бөлу дәуірі болды, ол ақпараттық инфрақұрылымды кеңейту шамасы бойынша желінің дамуында өзіне виртуалды сынып, студенттік орталық, кітапхана және т.б. енгізеді [153, с. 92].

Сандық дәуір ақпаратты қабылдаудың жаңа стилін белгілейді, онда минималды уақыт ішінде ақпараттың максималды мөлшерін қабылдау тәсілдерін іздейтін «миды қайта форматтау» пайда болады: оқырман «диагональ бойынша» беттерді жылдам қарап, мәтінді айналдырып, кілт сөздерді оқшаулайды.

Желі қолданушылары мәтіндерді дәйекті және әдістемелік түрде оқымайды, оларды сканерлейді: олар қажетті ақпараттың маңыздылығын және ақпараттың басқа көлеміне бірден ауысу үшін мазмұнның ықтимал маңыздылығын бағалауға болатын жеке фрагменттерді алады.

2006 жылы алғаш рет жүргізілген Nielsen Norman Group зерттеуінің нәтижелері бойынша, оны пайдалану бойынша сарапшы Якоб Нильсен жасаған, интернет парақтары латын әрпінің F (fast) түрінде оқылады: мазмұнның жоғарғы жағындағы көлденең қозғалыстан кейін тағы бір осындай қозғалыс сәл төмен, содан кейін жоғарғы жиектен төменгі жаққа тік жылжу болады, пайдаланушы, әдетте, барлық ақпарат көлемінің 20%-ын игереді және үлкен параграфтардан аулақ болады. Бір қызығы, мұндай айналдырудың тарихи тамыры ғасырлар тереңдігіне кетеді, және бүгінгі таңда зерттеушілер электронды мәтіннің ықтимал бастаушысы XVI ғасырда ойлап табылған кітап дөңгелегі, ақпаратты іздеу және өңдеудің алғашқы техникалық құралдарының бірі. Сонымен қатар, интернет-оқу орталық пен перифериядан, бөлінбейтін шекаралардан айырылған, ақпаратты ұсыну мен түсіндіруде бірнеше иерархиялық кіру және шығу нүктелеріне ие сызықты емес ризоматикалық сипатқа ие болады. Интернетте оқырман гипермәтіндік сілтемелерді шарлау арқылы оқу траекториясын өзі құруы керек, бұл танымдық жүктемені күшейтеді және алынған ақпаратты білімге аударуды қиындатады. Желідегі сілтемелерді ойланбай басу, ақпарат арналарының шексіз лезде ауысуы қабылдауды фрагментті, клипті етеді, оқуды тереңдетуге және аналитикалық түсінуге арналмаған, тек үстірт ақпараттық қабаттарды оқиды.

Ақпараттық-цифрландырылған білім беру кеңістігінде оқырмандық мәдениетті дамытуға қойылатын талаптар:

- дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу, табу;
- сандық, интернет жүйелері арқылы алынған ақпараттарды өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай алу;
- сандық, мәтіндік және визуалдық ақпаратпен және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа да қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметті жүйелеу;

- заңдылықтар мен үрдістерді зерттеу;
- модельдер мен модельдеуді пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу, сонымен қатар жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиялық таныстырылымдар құру үшін біріктіру, басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда сандық ақпараттың икемділігін толығымен пайдалану;
- электронды байланыс арқылы басқа білім алушылармен және оқытушылармен ынтымақтаса онлайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысып, қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;
- интерактивті тақтаны белсенді оқытуға техникалық қолдау көрсету мақсатында қолдану;
- аяқталған жұмыс бойынша мектептің шеңберінде немесе одан тыс жерде мультимедиялық таныстырылым жасау [153].

Психологиялық тұрғыда – студенттердің оқырмандық мәдениетінің дамуын психологиялық құрылым сипаттайды: танымдық және тұлғалық жағынан анықтауға бағытталады.

Тұлғалық тұрғы – бұл студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуды зерттеуде тұлғалық аспектке сүйенуді көздейтін тұғыр. Бұл тұғырға негізделген зерттеуде адам – әлеуметтік-тарихи дамудың өнімі ретінде танылады. Оқырмандық мәдениетінің мазмұнының құрылымын жасауға негізделген тұлғалық тұғырдың қалыптасуы үшін маңызды мінездемелерді көрсететін жеке қасиеттерге: тұлғаның бағдарына, оның құндылықтық ұстанымдарына, өмірлік жоспарларына, алдына қойған мақсаттарына және әрекетте және мінез-құлықтағы басым мотивтеріне тірек ретінде түсіндіріледі. Тұлға мәселесі бірнеше ғылымдардың (философия, психология, педагогика, әлеуметтану және т.б.) зерттеу нысаны. Философияда тұлға таным және іс-әрекеттің субъектісі ретінде, психологияда ол сапалық қасиеттердің, психикалық үдерістердің (мінез-құлық, темперамент, қабілет және т.б.) жиынтығы ретінде, педагогикада оқыту және тәрбиелеу, қалыптастыру нысаны ретінде, әлеуметтануда қоғам өміріндегі әрекеттік салалардың зерттеу пәні ретінде қарастырылады. Тұлғаның құрылымы – тұлғалық қасиеттерден тұратын, белгілі мінез-құлықты және темпераментті айқындайтын, сондай-ақ маңызды қасиеттерді құрайтын жеке биологиялық қасиеттердің жиынтығы. Психологиядағы тұлғаның гуманистік теориясы өзін-өзі белсендіруге бағытталған туа біткен талпынысты тұлғаның дамуының негізі ретінде қарастырады. Гуманистік теория шеңберінде, тұлға ол – өзін-өзі жетілдірудің нәтижесі ретіндегі «Мен», адамның ішкі әлемі болып табылады және тұлғаның құрылымы – «шынайы мен» және «жетілген мен» екеуінің өзара қатынасы, сондай-ақ өзін-өзі жетілдірудің қажеттіліктерінің дамуының жеке деңгейі [194].

Тұлғалық тұрғы – оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің бойындағы оқырмандық мәдениетінің жан-жақты дамуына мүмкіндіктер туғызуы. Мұнда цифрландыру жағдайында студенттердің оқырмандық мәдениеті бойынша өзара байланысты түсініктер, идеялар және іс-әрекет тәсілдері жүйесіне сүйену, студент тұлғасының өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру үдерісіне қолдау

көрсету, оның дербестігін дамыту. Тұлғалық ықпал тұрғысынан оқу-тәрбие процесінде цифрландырылған оқыту жүйесінің талаптарын есепке ала отырып, әр студенттің жас ерекшеліктерімен қатар, даралық ерекшеліктері: мінез-құлқы, өзінің туа біткен темпераментіне, байланысты әрекет ете отырып, оның бойындағы оқырмандық мәдениетін дамытуға ықпал ету.

Тұлғалық тұлғар – студентті оқу-тәрбие үрдісінің субъектісі ретінде әлеуметтендіруді, оның тұлғалық қасиетін жоғары деңгейде дамытуды көздейді. Тұлғаның психикалық процестері мен қасиеттерін қозғалысқа түсіру – оның оқырмандық мәдениетін дамытудың бірден-бір жолы. Осыған орай, оқу-тәрбие үдерісінде тұлғаның жеке басына назар аударылып, олардың танымдық қызығушылықтарына, икемділіктері мен қабілеттіліктеріне орай, әр түрлі деңгейде тапсырмалар іске асырылады: қарапайым, күрделі, креативті, деңгейлік және өзбетіншелік [194,с. 105].

Білім берудегі тұлғалық тұлғар – оқу-тәрбие үрдісіндегі әрбір білім алушы тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде қабылдауды көздейді. Педагогикалық сөздіктерде оқу-тәрбие үрдісіндегі тұлғалық бағдар тұлғары деп педагог-психологтың білім алушыны тәрбиелік ықпалдың саналы, жауапты субъектісі ретінде қабылдайтын бірізді қатынасын атайды. Психологиялық-педагогиялық әдебиеттерде К.К. Платонов, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Б.Г. Ананьев т.б. ғалымдар еңбектерінде жеке тұлға ұғымына түрлі зерттеулер жүргізіліп, анықтамалар берілген. Тұлға мәселесін зерттеуде Б.Г. Ананьев «іс-әрекет субъектісі» деген ұғымды пайдаланады. Субъектілік адамды оның психикалық дамудың ең жоғары сатысы болып табылатын санасы арқылы басқа тіршілік иелерінен ажырататын басты белгісі. Өзінің саналы іс-әрекеті арқылы адам қоршаған ортаны өзгерте алады. Сондықтан, субъект дегеніміз іс-әрекет ете алу қабілеті бар саналы жеке тұлға. Тұлға – қоғамдық қатынастардың субъектісі, яғни, оның қоғамға әсер ете алуы, оның әлеуметтік іс-әрекеті мен белсенділігі.

Танымдық немесе когнитивті тұлғар (ағылш. cognitive – танымдық). Когнитивті психологияның ережелеріне негізделген және оқыту процесінде сана принципін сүйенуді, белгілі бір оқу тобының оқушыларына тән әртүрлі когнитивті стильдерді және олар қолданатын оқу стратегияларын ескеруді қамтамасыз ететін оқыту тұлғарын айтамыз. Бұл тұлғарға сәйкес студент оқытушының оқу іс-әрекетінің объектісі ғана емес, ең алдымен оқу процесінің белсенді қатысушысы болып табылады.

Когнитивті психология негізінде жасалған оқыту тәсілі. Бихевиористік көзқарасқа қарсы пайда болды. Оның авторлары Дж. Брунер және Риверс (Rivers, 1989). Осы тұлғар шеңберінде тілді үйренудің негізі сана принципін түсінуге негізделген психикалық процестер мен әрекеттер жатыр деген тұжырым. Бұл тәсіл сонымен қатар оқушылардың оқу әрекеттерін саналы түрде ұйымдастыру қабілетіне негізделген. Осы тұлғардың негізінде келесі ережелер жатыр:

1) оқыту тек ережелерді қабылдауға және механикалық жаттауға негізделмеуі керек, студенттерді материалды меңгеру стратегияларын қолдана

отырып, зерттелетін құбылыстардың мәнін білудің белсенді процесіне тарту керек;

2) студенттер оқырмандық мәдениеттің белсенді қатысушылары болуы тиіс, бұл ретте олардың мүдделері мен есте сақтау мен қабылдаудың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет;

3) Оқу процесі тек жеке ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік тұрғыдан да сипатта болады, егер студенттер нақты әлемдегі сияқты бір-бірімен және оқытушымен қарым-қатынас жасаса, осы себепті студенттерді сабақ кезеңінде бір-бірін өзара тану және түсіну және ынтымақтастық процесіне тарту керек.

Заманауи нейропсихологтардың зерттеулері дәлелдегендей, «когнитивтік акт оқуға ғана негізделіп қоймай, сезімдерге, көру және дәм сезу сезімінің негізінде қалыптасады. Бұл акт визуалды да, тактильді де» [115]. Кітапты материалдық объект ретінде моторлы және сенсорлық қабылдау мәтінді танымдық өңдеумен тығыз байланысты және оқырманның ойлау функцияларын ынталандырады, оқу процесінің дамуының табиғи логикасын бекітеді: сезімнен – қабылдауға, қабылдаудан – ұсынуға, ұсынудан – түсінуге. Баспа кітабынан электронды кітапқа ауысу біздің түсінуіміздің тереңдігіне және мәтінге енуімізге әсер етеді.

Танымдық тұғырдағы мұндай процестер басымдыққа ие болғанымен, оқытудың басқа тәсілдерімен олардың рөлі айтарлықтай әртүрлі дәрежеде көрінеді:

а) ереже деңгейінде (сөйлеу автоматизмінің қалыптасуына әкелетін ережеге сәйкес сөйлеу әрекеттерін орындау);

б) мән деңгейінде (оқушылардың тілдік бірліктердің мағынасын және оларды қарым-қатынас процесінде пайдалану тәсілдерін түсінуі);

в) сөйлеу қызметі деңгейінде (ойға сәйкес сөз құра білу);

г) әлеуметтік деңгейде (мәлімдеменің мазмұнын білу, оның функциялары: кеңес, өтініш, қарсылық және т.б.);

д) мәдени деңгейде (студенттердің айтылымның ана тілінде сөйлейтіндердің әлеуметтік-мәдени нормаларына қаншалықты сәйкес келетінін түсінуі);

е) рефлексивті деңгейде (өз жұмысының тиімділігін бағалау, ең қолайлы оқыту стратегияларын таңдау мүмкіндігі).

Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуда оқу жұмысы мен белгілі бір білімдер жүйесін меңгеруде сана мен зейіннің маңызы өте зор. Студенттер әрекетінің басты, жетекші түрі – оқудағы еңбек. Мұның өзі көп уақытты алып, зор ақыл-оймен ерік-жігерді талап етеді. Оқу еңбегі, негізінен, интеллектуалды еңбек, ол оқу қызметіне қажетті рухани және моральдық қасиеттерді, мінез-құлықтың әдеттері мен дағдыларын қалыптастыруға елеулі әсер етеді. Кітапты оқу арқылы қоғам студенттерге өзінің ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді. Сонымен бірге жеткіншек білім жүйелерін меңгереді, сөйтіп, өзін практикалық іс-әрекетке дайындайды. Білім жүйесін меңгеру арқылы адам ой және дене еңбегінің тетіктерін жақсы түсінеді, оларды жан-жақты біле түсуге мүмкіндік алады. Студенттердің оқырмандық мәдениетін

дамытудағы танымдық белсенділігі сыртқы және ішкі белсенділіктерге бөлінеді. Сыртқы белсенділік студент бойынан байқалатын сыртқы көріністер. Ал ішкі белсенділік – студенттің ойлау қабілетімен тікелей байланысты.

Сонымен, біз жоғарыда студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары бойынша қарастырылған зерттеулерді негізге ала отырып, оларды жүйелеп, кесте арқылы көрсетуді ұйғардық.

Кесте 3

Тұғырлар	Сипаты	Ұстанымы
1	2	3
Мәдениеттанушылық	Қоғамның дамуында білім беру, тәрбиелеу үдерісінде оқырмандық мәдениеттің басымдық сипатқа ие болуы	Көпмәдениеттілік көптілділік, коммуникативтілік
Аксиологиялық	Студент тұлғасының оқу іс-әрекетінде жекелеген құндылықтарды (құндылықтарға бағдарлану қабілеттілігі) бағдар ретінде таңдап алу қызығушылығы (оқырмандық мәдениет), оларды өзінің жеке әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі	Бағалаушылық, жетістікке жету, мақсаттылық, жауапкершілік
Ақпараттық-цифрландырылған	- Дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу, табу; - Сандық, интернет жүйелері арқылы алынған ақпараттарды өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай алу және т.б.	Ақпараттарды өңдеу, цифрлық, мағыналы ізденіс,
Психологиялық	Студенттердің оқырмандық мәдениетінің дамуын психологиялық құрылым: танымдық және тұлғалық жағынан анықтау. Оқу мәдениеті мен үдерістерді, білім беруді демократияландыру, гуманитарландыру, компьютерлендірудің бағыты ретінде, сонымен бірге оқытуды және білімгерлердің оқу еңбегін дараландырудың бағыты.	Танымдық, тұлғалық, диагностикалық
Синергетикалық	Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту күрделі кешенді, интегративті жүйелі үрдіс	Жүйелілік, кешендік, тұтастық

Кестеден, біз әрбір әдіснамалық тұғырдың мәні мен мазмұны студенттердің оқырмандық мәдениетіне деген қатынасы, ұстанымы арқылы анықталатындығын байқауға болады. Сонымен, «оқырмандық мәдениет» ұғымын синергетикалық тұғыр тұрғысынан талдауымыз – бұл тек жеке ғылымның зерттеу мәселесі емес, сондай-ақ, ол бірқатар филология, философия, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдарының интеграция шеңберінде дамиды және осы ғылымдардың өзара байланысы негізінде өзінің маңыздылығын арттырады деп тұжырым жасауға болады. Олай болса, бұл

мәселе – әрбір студенттің тұлғалық және кәсіби дамуына, оқырмандық мәдениеттің жүйелі, кешенді, интегративті дамуы үшін мәдениеттің қалыптасуына қоғамдағы барлық ғылым салалары зерттеушілерінің үлесінде екендігі сөзсіз. Жоғарыда қарастырылған мәселелерді түйіндей келе, ұлттың зияткерлік деңгейі – оның дамуы мен өркендеуінің тұрақтылығы, елдің бәсекеге қабілеттілігі қоғамдағы жас ұрпақтың оқу деңгейі мен сапасын тікелей анықтайды. Студенттер арасында оқу сапасын арттырудың басты міндеттері – оқырмандық мәдениетін қалыптастыру, оқуға деген қызығушылықты арттыру (ең алдымен классика), оқу және ақпараттық мәдениетті дамыту. Бұл жастардың негізгі өмірлік мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді: оқыту, кәсіби қызметті игеру, өзін-өзі тәрбиелеу, тұлғаның дүниетанымдық, адамгершілік негіздерін қалыптастыру; оқуды оқымайтын немесе нашар оқитын студент жастар ортасына жылжыту.

2 ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚЫРМАНДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ЖҮЙЕСІ

2.1 Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту бойынша отандық және шетелдік тәжірибелердің мазмұны

Бұл параграфтың мақсаты – студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту бойынша отандық және шетелдік тәжірибелердің мазмұнын талдау.

Ұлттық сауаттылық қорының зерттеулерінің деректеріне сәйкес, Ұлыбритания 16-65 жастағы ересек халықтың 14,9%-ында (5,1 млн адам) функционалдық сауаттылық дағдылары жоқ жалғыз экономикалық дамыған ел болып табылады. Ұлыбританиядағы ересек тұрғындардың 40% сауаттылығы 11 жастағы оқушылардың деңгейіне сәйкес келеді.

Бұл жағдай елдің экономикалық бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығына нұқсан келтіреді, экономикалық және мәдени теңсіздікті тудырады. Көп жағдайда кедейліктің салдарынан сауатсыздық ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Осыған байланысты 2014 жылы Ұлттық сауаттылық қоры балалар мен ересектердің оқу жағдайын жақсартудың жаңа стратегиясын ұсынды.

Сауаттылық мәселелерімен айналысатын жетекші қайырымдылық ұйымдарын біріктіретін ұлттық сауаттылық форумында Қор елде сауаттылықты таратудың төрт бағытын ұсынды:

1. Балалардың тілді ерте меңгеруін «баптау» және өмірінің алғашқы жылдарында сауаттылық дағдыларын жақсартуды қамтамасыз ету.

2. Мектептерде оқу, жазу және сөйлеуді тиімді оқыту.

3. Балаларға ләззат алу үшін мәтіндерді оқу үшін мазмұнға әмбебап қол жетімділікті ұйымдастыру.

4. Оқушылардың қажетті сауаттылық дағдыларын қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесі мен бизнес саласы арасындағы серіктестік қатынастарды дамыту.

Соңғы онжылдықта Ұлыбритания сауаттылықтың жай-күйіне алаңдады. Елде балалар мен жасөспірімдер оқуының жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық зерттеулер жүргізіледі [195].

Ұсынылған жоспарға сәйкес 2020 жылға қарай бес жасқа дейінгі барлық балалар тілдік және базалық сауаттылықта күтілетін деңгейге жетеді:

2025 жылға қарай әрбір 11 жастағы оқушының орта мектепте өз әлеуетін іске асыру үшін қажетті сауаттылық дағдылары қалыптасады;

2032 жылға қарай әрбір жас орта мектепте білімін сауаттылық дағдыларымен аяқтайды, бұл оның әлеуетіне сәйкес келеді және оған жұмысқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2015 жылы Білім министрлігі жаңа міндеттер қойды: 9-10 жастағы балалардың оқу сауаттылығы деңгейін жақсарту (PIRLS халықаралық зерттеулерінің деректері бойынша оқу көрсеткіштері бойынша Еуропа елдері арасында алтыншы орынға ие болған). Ведомство «Оқу: келесі қадамдар» атты жаңа жоспарды жариялады, онда жаңа шаралар, соның ішінде оқушылардың

оқу сауаттылығының төмен көрсеткіштері бар бастауыш мектептерді қолдау бағдарламасы, жаңа кітап клубтарын құру, кітапханаларға баруды ұлғайту баяндалады. Содан кейін министрлік ата-аналарға баласының алғашқы бес жыл ішінде қалай оқып, дамып жатқанын түсінуге көмектесетін жаңартылған нұсқаулықтың ашылғанын жариялады.

1990 жылдардың аяғында Ұлыбритания үкіметі «Ұлттық оқу жылы» деп аталатын науқанды бастады. Бұл компанияның мақсаты елдегі сауаттылық стандарттары мен оқырмандық мәдениетінің деңгейін арттыру болды. Жалпы бюджеті 800 мың фунт стерлинг болатын 80-нен астам түрлі жобалар қаржыландырылды. Осы жобалар шеңберінде мынадай шаралар көзделген: ерте жастан бастап оқуға баулу; балалардың оқуға деген сүйіспеншілігін дамыту және білім алуға ұмтылу; бос уақытты өткізудің қызықты және заманауи тәсілі ретінде оқуды жайғастыру. 1996 жылы Ұлыбританияда ұлттық сауаттылық стратегиясын жүзеге асыру 250 мектеп пен жүздеген мұғалімдерден тұратын жылдық ұлттық жоба болды. Кейіннен 1999 жылы мектеп бағдарламасына елеулі өзгерістер енгізілді, барлық мектептерде күнделікті міндетті оқу сабақтары енгізілді; білім беруге инвестициялар ұлғайтылды. Атап айтқанда, Reading Is FUNdamental (RIF, UK), (Оқу – бәрінің негізі) бағдарламасы әзірленді; бағдарлама балалар мен жасөспірімдерге оқу арқылы өзін-өзі тануға көмектесуге бағытталған [196].

Ұлыбританияда ұлттық оқу жоспарын орындау құралдары: мұғалімдерді даярлау мен қайта даярлауда сауаттылыққа оқытудың жаңа курстарын енгізу және қолда бар курстарды жаңғырту; ата-аналармен күн сайын баласымен кемінде 20 минут оқуға және отбасылық оқу жобаларына қатысуға міндетті болатын келісімшарттар жасасу; мұғалімдер мен оқушылар үшін жазғы мектептер құру болды.

Орта мектепке арналған бағдарламалар оқу мен жазуға назар аудару тұрғысынан қайта қаралды, көптеген мектептерде жаңа лауазым енгізілді және эксперимент кезінде келген оқу кеңесшілері мектептерде оқуға баулитын мұғалімдер ретінде қалды. Британ үкіметінің күш-жігерін білім беру құрылымдарымен, кітап қауымдастығымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және жеке компаниялармен біріктіру нәтижесінде елдегі халықтың кең ауқымын танымал ету және оқуға тарту үшін ауқымды науқан бағдарламасын жасауға мүмкіндік туды.

Сауаттылық және оқуға кіріспе АҚШ-тағы білім берудің басым бағыты болып табылады. 1983 жылы АҚШ-та функционалды сауатсыздық мәселелеріне арналған «Ұлтқа қауіп төнуде» баяндамасы дайындалды. Осы кезден бастап оқу мәселесі үнемі назарда болды. 1985 жылы мемлекеттік бағдарлама қабылданды, онда «американдық демократияны сақтау және дамыту үшін Американы шұғыл түрде оқырмандар ұлтына айналдыру керек» делінген. 1989 жыл «Жас оқырман жылы» деп жарияланды. АҚШ-тағы оқуды алға жылжытудың кейінгі ұлттық науқандарының мысалдары: «Өмір бойы оқырман жылы», «Жаңа әлемдерді біліңіз – оқыңыз!», «Кітаптар өмірді өзгертеді», «Болашағыңды жаса – оқы!», АҚШ білім департаментінің,

американдық кітапханалар қауымдастығының және бірқатар компаниялардың бірлескен бағдарламасы, «Қазір: оқы, жаз», бастауыш сынып оқушыларына арналған, «Оқырмандар тобын құрайық» (1997-2000), «Америка тарихын айтайық» [197].

Оқуды дамытуға мемлекеттік қамқорлықтың тағы бір мысалы – Финляндия үкіметінің қызметі. Халықаралық салыстырмалы зерттеуге сәйкес, PISA – Program of International student assessment (2000, 2003, 2006) Фин жасөспірімдері Еуропадағы ең жақсы оқырмандар болып табылады. Дегенмен, оқуға тарту бойынша жалпыұлттық жұмыс жалғасуда. Финляндияның ұлттық білім беру коллегиясының (ФҰБК) басым жобасы ретінде жүзеге асырылатын оқуға тарту бойынша ең ұзақ мерзімді және маңызды бағдарламалардың бірі Оқырман Финляндия 2001-2004 бағдарламасы болып табылады [198].

Бұл жобаның басты міндеті – орта және жоғары мектеп оқушыларының оқу және жазу қабілеттерін жетілдіру, сондай-ақ олардың әдеби білім деңгейін арттыру болды. Соңғы жылдары қол жеткізген жоғары нәтижелерге түсінік бере отырып, Финляндия өкілдері мынадай факторларды атайды: мұғалімнің жоғары әлеуметтік мәртебесі, мұғалімнің дайындығын жаңғырту, кез келген пән оқытушысының мәтіндік қызметке – оқу мен жазуға назары; мектепте «Оқу мұғалімі» лауазымын енгізу. Бұл 10-12 жас аралығындағы балалардың жасына жоғары назар аудару, бұл мамандардың пікірінше оқуға қатысу үшін өте маңызды; мектептегі барлық сабақтарда, соның ішінде мәтіндік іс-әрекеттерді оқуға және жазуға (сауаттылыққа) назар аудару; күннің екінші жартысында қолдау оқу бағдарламалары арқылы бос уақытында еркін, бос уақытты оқуға баулу; оқу сапасының критерийлері бойынша оқуды үнемі бақылау. Ерекшеленген факторлар кез келген елде оқуды дамытудың ұлттық жалпы мемлекеттік немесе жергілікті бағдарламаларын жобалау үшін негіздердің бірі болуы мүмкін. Ұсынылған материалдар оқу мен сауаттылықты дамыту бойынша ұлттық бағдарламаларды жүргізу мектептегі білім беру жүйесінде елеулі өзгерістерге алып келеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бүгінде Жапония балалардың оқу белсенділігін қолдау туралы арнайы заң қабылданған, балалармен жұмыс істейтін – балалар (көпшілік), мектеп және басқа да оқулар мен кітапханаларды қолдаудың ауқымды ұлттық саясаты жүзеге асырылған әлемдегі жалғыз ел болып табылады. Біздің көзқарасымыз бойынша, осы Заңның көптеген ережелері бүгінде ерекше өзекті [199].

Жапонияның Ұлттық парламенттік кітапханасының бөлімшесі ретінде Халықаралық балалар әдебиеті кітапханасын құру туралы шешім қабылдау алғашқы маңызды іс-шаралардың бірі болды. Тағы бір маңызды бастама 1997 жылы 1953 жылғы мектеп кітапханалары туралы Заңға түзетулер енгізу болды, оған сәйкес 12-ден астам сыныптары бар барлық мектептер 2003 жылдың сәуіріне дейін мектеп кітапханашыларын тағайындауы керек еді. Мектеп кітапханаларын кітаптармен және жабдықтармен толықтыруды жақсарту бойынша басқа да шаралар қабылданды. 1999 жылғы тамызда Жапония Парламентінің Жоғары және Төменгі палаталары 2000 жылды Ұлттық балалар

оқу жылы деп жариялау туралы шешім қабылдады. Бұл балалар оқуын қолдау үшін үлкен қоғамдық қозғалыстың пайда болуына әкелді.

Ұлттық балалар оқу жылы аяқталған кезде, көптеген адамдар балалар оқуына қолдау көрсету үшін күш салуды жалғастыру керектігін айтты.

«Буккроссинг – бұл кітап пен оқуға арналған ойын элементтері бар тағы бір» сәнді интернет-жоба. Оның негізгі принципі: «оқы-басқаға бер», ал ұраны - «бүкіл әлемді кітапханаға айналдырамыз». Жобаның шарттары бойынша кітапты алдымен арнайы сайтта тіркейді, содан кейін қоғамдық орында қалдырады. Кітап тауып алған оқырман оны осы сайтта тіркейді, бұл оның болашақ тағдырын қадағалауға мүмкіндік береді.

«Қауіпсіз сөрелер» кітапханаларда, дүкендерде, дәмханаларда, оқу орындарында орнатылады. Мұндай сөреден кез-келген адам әдебиетті ала алады, бірақ барлық кітаптар оны тіркей алмайды. Көптеген кітапханалар, оқу орындары, дүкендер, кофеханалар, клубтар осы ойынның әр түрлі нұсқаларын пайдалана отырып буккроссингке қатысады. Осылайша, көптеген мекемелерде кітап алмасу орындары пайда болады, онда әркім өз кітабын қалдыра алады және/немесе сөреде ұсынылған кез келген басылымды таңдай алады.

Нәтижелі блоктың мазмұны: компоненттері, деңгейлері, диагностикалық әдістер, күтілетін нәтиже.

И.В.Шулер, Т.В.Лазутина көзқарасымен келісе отырып, біз студенттердің оқырмандық мәдениетінің дамытуды оның компоненттерінің (құндылық-бағдарлық, танымдық, тиімді-практикалық, шығармашылық) оң өзгерістерін білдіретінін атап өтті:

Құндылық-бағдарлық компонент – бұл ақпараттық өзара әрекеттесу жүзеге асырылатын, оқу мотивациясы анықталатын құндылық бағдарларының жүйесі (оқу танымдық, коммуникативті, көркемдік және эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру тәсілі ретінде әрекет етеді).

Танымдық компонент – қазіргі заманғы ақпараттық ағынның құрылымы мен жанрлық әртүрлілігін, жазбаша ақпараттық ресурстардың (дәстүрлі және электрондық ресми, ғылыми, оқу, анықтамалық, көркем-публицистикалық басылымдар, интернеттің ақпараттық ресурстары: web-беттер, web-сайттар) ерекшелігін, дәстүрлі сызықтық мәтін түрінде жазбаша ақпаратты ұсыну нысанының ерекшелігін, сондай-ақ сызықты емес мәтіндерді білуді қамтиды – гипермәтіндер мен мультимедиа-текстер, жеке және кәсіби мақсаттарда жазбаша ақпаратты іздеу және іріктеу, түрлендіру және пайдалану әдістері мен алгоритмдерін білу, библиография негіздерін білу.

Тиімді-практикалық компонент – ақпараттық дерекқорларды, дәстүрлі және электрондық кітапханалардың анықтамалық-ақпараттық қорларын пайдалану дағдыларымен; қажетті ақпараттық және библиографиялық дереккөздерді анықтау және оларды пайдалану дағдыларымен; жазбаша ақпаратты түрлендіру, оны кең әлеуметтік-мәдени контексте қолдану, оның ішінде оқырмандық байланыстарды орнату және дамыту барысында қолдану дағдыларымен ұсынылған.

Шығармашылық компонент – оқу нәтижелерін ұсыну формаларының әртүрлілігі мен мазмұндылығында, оларда автордың даралығының айқындылығында (эмоционалдық, бейнелік, бірегейлік), жазбаша мәтіндер негізінде ақпараттық өзара іс-қимыл процесіндегі бастамашылдық пен ашықтықта көрініс табады [238, с. 151].

Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі – мақсатты, тұтас және басқарылатын педагогикалық үдерістің бейнесі ретінде түсіндіріледі, онда құрамдас бөліктердің жиынтығы ЖОО-дағы білім беру жағдайында оқырмандық мәдениеттің әрбір компонентінің құрылымына кіретін дағдылардың тұрақты кешенін алуға ықпал етеді.

А.Н. Леонтьевтің [21, с. 174] негіздемесіне сүйенсек, ол – мотивтің дамуы пәндік шындықты өзгертетін іс-әрекет шеңберін өзгерту және кеңейту арқылы жүретінін ескере отырып, оқу процесінде жазбаша ақпарат көздерінде ұсынылған мәдени тәжірибені игерудің әр түрлі формалары мен әдістері қамтамасыз етілуі керек

Ақпарат ағынының үнемі өсуі мен күрделенуі, телекоммуникациялық технологиялар мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында жүзеге асырылатын қазіргі білім беруде оқу қызметін қайта құру қажеттілігі туындайды – жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған ақпаратты іздеудің, іріктеудің, ұйымдастырудың және түсіндірудің жеке маңызды тәсілдерін игеру, өзінің табиғи қабілеттері мен дарындылығын дамыту, пайда болу және жасау, мағынаны түсіну және іздеу негізінде шындықты әр түрлі дамытуға қабілетті мәдениетті жасаушы, жеке тұлға, бар тәжірибеге «бейімделіп» қана қоймай, сонымен қатар оқу барысында жеке мәдени ұстанымды дамыта алады.

Б.Г. Ананьевтің пікірі бойынша [41, с. 339] студенттің жеке басының психологиялық дамуы – карама-қайшылықтардың пайда болуы мен шешілуінің диалектикалық процесі, сыртқы, ішкі, өзін-өзі жылжыту, белсенді жұмыс, интеграцияның ауқымы мен деңгейлері бойынша өсу-психологиялық құрылымдардың қалыптасуы және олардың күрделі синтезі.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, университетте оқу процесінде оқырмандық мәдениетті дамыту Н.А. Алексеевтің жеке тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамасында ұсынылған жеке даму механизмдеріне негізделген [259] – рефлексия (сананың өз-өзіне айналуы), даралау (адамның экзистенциалды мәнінің көрінісі) және стереотипизация (жеке тұлғаны жалпы мәдени мінез-құлық пен іс-әрекетке «енгізу»).

Жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетін дамыту үшін студенттердің мағыналы іздеу және шығармашылық белсенділігі маңызды.

Оқуға деген қызығушылықты дамыту бойынша балалармен жұмыс С.Л. Рубинштейн [169, с. 720] еңбектерінде баяндалған іс-әрекетке көзқарас пен диалогтық тәрбиенің негізгі принциптеріне негізделуі керек:

- оқушының жас және жеке даму кезеңдерін есепке алу принципі;
- «жақын даму аймағын» анықтау және онда балалар мен ересектердің бірлескен қызметін ұйымдастыру қағидаты;
- оқырмандық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған кез келген қызмет түрлерін жоғары ынталандыру қағидаты;
- оқушы қызметінің міндетті рефлексиялық принципі;

- қызметтің әртүрлі нысандарын басқаруды ұйымдастырудағы ынтымақтастық қағидаты;

- диалогтық принцип.

Төменде біз жоғары оқу орны студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың компоненттері мен көрсеткіштерін кестеде ұсынуға тырыстық (кесте 7) [260].

Кесте 7 - ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың компоненттері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Көрсеткіштері	Диагностикалық әдістемелер
Мотивациялық-құндылықтық компоненті	<ul style="list-style-type: none"> - оқуға ынталандыру және оқу мақсатын қоюдағы дербестік; - оқуға деген қажеттілік, оған тұрақты қызығушылық; - құндылық бағдарын өз бетінше анықтауға қызығушылық; - жеке және кәсіби салаларда шығармашылық өзін-өзі танытуға ұмтылу. 	Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы, В.Э.Мильман
Когнитивті-танымдық компонент	<ul style="list-style-type: none"> - қазіргі заманғы ақпараттық ағынның құрылымы мен жанрлық әртүрлілігін, жазбаша ақпараттық ресурстардың ерекшелігін білу; - жазбаша ақпаратты іздеу және іріктеу, түрлендіру және пайдалану әдістемелері мен алгоритмдерін білу; - ақпаратты іздеу технологияларын жүйелі білу және проблеманы шешу үшін ақпарат көздерін өз бетінше тандай білу; - эмоционалды эмпатиямен, сыни талдаумен сүйемелденетін мәтін мазмұнын терең, дәл, анық және толық түсіну және «иемдену». 	«Кітап оқитын жастар» сауалнамасы
Нәтижелі-практикалық компонент	<ul style="list-style-type: none"> - өзіндік оқу тәжірибесін бағалау және талдау қабілеті; - жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру мақсатында мағыналық ізденіс және шығармашылық белсенділік қабілеті; - әлеуметтік-тарихи тәжірибені мақсатты түрде алу, қайта өңдеу және игеру дағдылары; - рефлексивті ойлау әдістерін меңгерген: тоқтату, еске түсіру, оқшаулау, қарама-қайшылықтар мен ұқсастықтарды іздеу, сәтті орындалған қызметке ұқсас іс-әрекеттер, нәтижелер мен мақсаттарды салыстыру, түзету. 	Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі, А.В.Карпов, В.В.Пономарева

Сонымен қатар, біз студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың үш деңгейін анықтадық:

Төмен деңгей жалпы болып саналады және студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту, ақпарат көздерінің негізгі түрлері мен негізгі түрлер туралы идеяларды қалыптастыру қажеттілігі туралы хабардар болуын қамтиды және олардың маманның басшылығымен ақпарат көздерімен жұмыс істеу қабілетімен сипатталады.

Орта деңгей оқырмандық мәдениеттің негіздерін практикада қолдану қажеттілігіне бағдарланумен сипатталады. Бұл белгілі бір міндетке сәйкес


ақпарат көздерін таңдауды жүзеге асыруды, жазбаша ақпаратты іздеу және іріктеу, түрлендіру және пайдалану әдістемелері мен алгоритмдерін білуді қамтиды.

Оқырмандық мәдениеттің жоғары деңгейі оны қалыптастыру қажеттілігімен, ақпаратты іздеу технологиялары туралы жүйелі біліммен және мәселені шешу үшін ақпарат көздерін өзбетінше таңдау қабілетімен, рефлексивті ойлау әдістерін меңгерген: тоқтату, еске түсіру, оқшаулау, қарама-қайшылықтар мен ұқсастықтарды іздеу, сәтті орындалған қызметке ұқсас іс-әрекеттер, нәтижелер мен мақсаттарды салыстыру, түзетумен сипатталады.

Диагностикалық әдістер: тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Э.Милман), авторлық сауалнама, «Оқитын жастар» сауалнамасы, рефлексия деңгейін анықтау әдістемесі (А.В.Карпов, В.В. Пономарева).

Күтілетін нәтиже: студенттердің оқырмандық мәдениеті: жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру мақсатында семантикалық іздеу және шығармашылық белсенділікті қамтамасыз ететін құндылық бағдарын, мінез-құлық икемділігін дербес анықтаумен сипатталатын үздіксіз білім берудің тұтас жүйесі (білім, білік, оқуға деген қажеттілік, оған тұрақты қызығушылық).

Сонымен, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін бір жүйеге келтіріп, 12-суреттен көруге болады.



Сурет 12 - Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық -мазмұндық моделі

Осылайша, жоғары оқу орнында оқу процесінде жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетінің дамыту сөзсіз студенттердің оқу іс-әрекетін түзетумен, оны белсенді оқыту формаларында да, студенттердің өзіндік жұмыстары кезінде де кешенді жүзеге асырумен байланысты.

Жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетін дамытудың негізі – барлық жеке салаларды – танымдық, құндылық-бағдарлау, коммуникативті, шығармашылық, көркемдік өзекті ету болып табылады.

Сонымен, жоғарыда айтылғанды түйіндей келе, жоғары оқу орнының студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды және компоненттері мен көрсеткіштері анықталды. Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің мазмұны бойынша жүзеге асыру 3-тарауда қарастырылады.

3 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚЫРМАНДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ

3.1 Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың анықтау эксперименті

Бұл параграфтың мақсаты – жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту бойынша анықтау экспериментін жүргізу.

Осыған байланысты, зерттеу мәселесі бойынша студенттердің оқырмандық мәдениеті дамуының бастапқы деңгейін анықтау мақсатында студенттер мен оқытушылар арасында сауалнама жүргізілді. Біз тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 5В010300–Педагогика және психология мамандығының 2; 3 курс 44 студентінің қатысуымен жоғары оқу орнының біртұтас педагогикалық үрдісіне 2020-2022 оқу жылында жүзеге асырылды (эксперименттің айқындаушы, қалыптастырушы, бақылау кезеңдері). Сонымен қатар бақылау тобы ретінде «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс (3 жылдық) және «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс (4 жылдық) студенттерінің қатысуымен эксперименттің айқындаушы және бақылау кезеңдері жүзеге асырылды. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығынан барлығы 41 студент қатысты. Жалпы тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа 85 студент қатысты.

Айқындаушы эксперименттің мақсаты – студенттердің оқырмандық мәдениетінің бастапқы деңгейін бағалау және оны дамыту қажеттілігі туралы шешім қабылдау болды, ол үшін сауалнамалар анықталды.

Айқындаушы кезеңде зерттеу мәселесіне сәйкес google.forms платформасында сауалнама әзірленіп, студенттер арасында өткізілді:

- *«Кітап оқитын жастар» авторлық сауалнамасы;*

- *Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы (В.Э.Мильман) [261];*


- *Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі (А.В.Карпов, В.В.Пономарева) [262].*

Төменде басымдықты эксперименттік топқа беріп, авторлық сауалнаманың нәтижелерін қарастыруға тырыстық. 5В010300 – Педагогика және психология мамандығының студенттеріне «Сүйікті кітап авторын атаңыз» сұрағының қорытындысына тоқталсақ: ең көп оқитын автор ретінде қазақстандық ақын-жазушы М.Әуезовты – 11 студент көрсетсе, Абай Құнанбаевты – 6 респондент, және ең аз оқитын жазушы ретінде Ильяс Есенберлинді – 1 ғана респондент атаған (кесте 8).

Кесте 8 - «Сүйікті кітап авторын атаңыз» сұрағының нәтижесі

5B010300 – Педагогика және психология мамандығының студенттерінің жауабы	Сүйікті кітап авторын атаңыз
Абай Құнанбаев	6
М.Мақатаев	3
Дейл Карнеги	3
Луйза Хей	4
М.Әуезов	11
Ильяс Есенберлин	1
Әзілхан Нұршайықов	5
Джим Лоулесс	2
Брайан Трейси	3
Ә.Кекілбаев	2
М. Дулатов	2
Әзілхан Нұршайықов	2

Жоғарыда көрсетілген нәтижені диаграмма түрінде беруге тырыстық, (сурет 13). Бұл жерде жоғары бағанды көрсетіп тұрған жазушылар мен ақындар шығармашылығы: М.Әуезов, А.Құнанбаев, Ә.Нұршайықов. Тарихи романдарға қызығушылық таныту айқын болы тұр.



Сурет 13 - «Сүйікті кітап авторын атаңыз» сұрағының қорытынды көрсеткіштері

Сауалнаманың екінші «Сіздің сүйікті өнер түріңіз» сұрағының жауаптарын қарастырсақ, ең көп дауыс жинаған өнер түрі:


- Би – 18 студент атап көрсеткен,
- Өн айту – 10 адам таңдаса, аса маңызды жауап ретінде
- Кітап оқу – 9 студент көрсеткен.

Сонымен қатар, қолөнермен айналысатын 3 студент барын анықтадық (кесте 9).

Кесте 9 – «Сіздің сүйікті өнер түріңіз» сұрағының көрсеткіштері

5B010300 – Педагогика және психология мамандығының студенттерінің жауабы	Сіздің сүйікті өнер түріңіз.
Ән айту	10
Билеу	18
Кітап оқу	9
Сурет салу	5
Тәттілер пісіру	6
Қолөнер	3

Кестедегі сауалнаманың нәтижесін келесі диаграмма арқылы көруге болады (сурет 14).



Сурет 14 - «Сіздің сүйікті өнер түріңіз» сұрағының салыстырмалы көрсеткіштері


Келесі біздің зерттеуімізге маңызды жәйттардың бірі – «Сізде үйде жеке кітапханаңыз бар ма? Ол қандай бөлімдерден тұрады?» деген сұраққа жауап алу болды. Нәтижесін төмендегі 10-кестеден байқауға болады:

- бар – 2 студент; жоқ – 43 студент жауап берген. Сонымен қатар, студенттер үй кітапханасының бөлімдері ретінде: классика – 1 адам, діни – 2 адам, әдеби – 1 студент, психология – 2 респондент жауап берген.

Кесте 10 - «Сізде үйде жеке кітапханаңыз бар ма? Ол қандай бөлімдерден тұрады?» сұрағының көрсеткіштері

Респондент жауаптары	Сізде үйде жеке кітапханаңыз бар ма? Ол қандай бөлімдерден тұрады?
Бар	2
Жоқ	43
Классика	1
Діни	2
Әдеби	1
Психология	2


Кестедегі сауалнаманың нәтижесі келесі 14-диаграммада беріледі.



Сурет 15 - «Сізде үйде жеке кітапханаңыз бар ма? Ол қандай бөлімдерден тұрады?» сұрағының салыстырмалы көрсеткіштері

Маңызды сұрақтардың бірі «Сіз үйде мерзімді басылымдарды жазасыз ба? Қандай басылымдар?» деген сауалына сауалнамаға қатысқан барлық 51 студент - «жоқ» деп жауап берген.

Эксперименттің келесі этапында «Сіз үйде мерзімді басылымдарды жазасыз ба? Қандай басылымдар?» сұрағының салыстырмалы көрсеткіштерінің нәтижесі төменде берілген.



Келесі «Сіздің сүйікті кітабыңыз» сұрағының нәтижесін талдасақ, көп жинаған дауыс саны бойынша: «Абай жолы» романы – 9 студент көрсетсе, «Махаббат қызық мол жылдар» – 9 студент атаған және жалпы «әдеби кітаптар» деп – 7 респондент жауап берген. Ең аз дауыс жинаған кітап ретінде «1001 бақыт туралы тарих» – 1 адам; «Бақытсыз Жамал» – 3 адам; «12 сәттілікке жету себептері» – 2 адам көрсеткен.

Аталмыш сұрақтың нәтижесін төмендегі кестеде көрсеттік (кесте 11).

Кесте 11 – «Сіздің сүйікті кітабыңыз» сұрағының нәтижесі

Респондент жауаптары	Сіздің сүйікті кітабыңыз
Абай жолы	9
Діни	5
Психологиялық	5
Мотивациялық	4
Тарихи	3
Романдар	3
Махаббат қызық мол жылдар	9
1001 бақыт туралы тарих	1
Бақытсыз Жамал	3
12 сәттілік себептері	2
Әдеби	7

Төменде 16-суретте «Сіздің сүйікті кітабыңыз» сұрағының салыстырмалы нәтижесін көруге болады.



Сурет 16 - «Сіздің сүйікті кітабыңыз» сұрағының салыстырмалы нәтижесі

Студенттердің кітап оқуға жұмсайтын уақтыларын келесі сұрақ арқылы анықталды. «Сіз оқуға қанша уақыт жұмсайсыз (күніне/аптасына)?» деген сауалға «әр кезде әрқалай» деп 22 студент жауап берген.

Көңілге қонымды жауаптардың бірі – «Күніне 30 бет, Уақытқа байланысты» деп – 2 студент жақсы көрсеткіш көрсеткен.

Сонымен қатар, «Аптасына 1 күн» деп – 11 студент жауап берсе, «Бос уақытымда» деп – 9 студент жауап берген. Жауаптардың көрінісін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 12 – «Сіз оқуға қанша уақыт жұмсайсыз (күніне/аптасына)?» сұрақтың көрсеткіштері

Респондент жауаптары	Сіз оқуға қанша уақыт жұмсайсыз күніне/аптасына)?
Әр кезде әрқалай	22
Күніне 30 бет, уақытқа байланысты	2
Аптасына 4-рет	4
Аптасына 1 күн	11
2 аптада 1рет	3
Бос уақытымда	9

Бұл сұрақтың салыстырмалы көрсеткіштерін диаграмма арқылы берсек «әр кезде әр қалай» деген жауап басымды болым тұр. Жоғары бағанды көрсетіп тұрған жауаптарда нақтылық жоқ, яғни білімалушылардың оқумен жиі айналыспайтындығын айтады.




Сурет 17 - «Сіз оқуға қанша уақыт жұмсайсыз (күніне/аптасына)?» сұрағының салыстырмалы көрсеткіштері

Келесі сұрақтар тұлғаның шығармашылық белсенділігіне арналады. «Сіз шығармашылықпен айналысасыз ба? Қандай түрі? Қашаннан бері?» сұрағының көрсеткіштерін талдасақ басым көпшілігі-«Жоқ» деп – 39 студент жауап берген, «Қолөнермен айналысамын» деп – 6 студент, «Сурет саламын» деп - 4 респондент және уақыт болғанда деп – 2 студент жауап берген (кесте 13).

Кесте 13 – «Сіз шығармашылықпен айналысасыз ба? Қандай түрі? Қашаннан бері?» сұрағының көрсеткіштері

Респондент жауаптары	Сіз шығармашылықпен айналысасыз ба? Қандай түрі? Қашаннан бері?
Жоқ	39
Сурет саламын	4
Қолөнермен айналысамын	6
Уақыт болғанда	2

Жоғарыда берілген сауалнаманың нәтижесін диаграмма арқылы көрсетуді ұйғардық.



Сурет 18 - «Сіз шығармашылықпен айналысасыз ба? Қандай түрі? Қашаннан бері?» сұрағының салыстырмалы көрсеткіштері

Анықтау эксперимент кезеңінде мақсатты сұрақтардың бірі студенттердің кітап оқуға деген қызығушылығының төмендігін білдіреді. «Бос уақытыңызды неге арнайсыз?» деген сауалға басым көпшілігі – 17 студент «Өзіме ұнайтын іспен айналасамын» деп жауап берген, 9 студент – отбасыма десе, 8 студент – әлеуметтік желілерге деген және 4 ғана студент – кітап оқимын деп жауап қайтарған. Әрине бұл көрсеткіш бүгінгі жастар-студенттердің кітапқа, оқу іс-әрекетіне деген төмен көрсеткіш деп санауға болады. Сонымен қатар, жауаптардың ішінде «Үй шаруасымен» айналысам деп – 5 студент, достарыма – 5 студент және кондитер (торт пісірумен) деп – 3 респондент жауап берген (кесте 14).

Кесте 14 - «Бос уақытыңызды неге арнайсыз?» сұрағының көрсеткіштері

Респондент жауаптары	Бос уақытыңызды неге арнайсыз?
Өзіме ұнайтын іспен айналысамын	17
Үй шаруасымен	5
Кітап оқимын	4
Отбасыма	9
Достарыма	5
Кондитер (торт пісіру)	3
Әлеуметтік желілер	8

Кесте көрсеткіштері диаграмма түрінде мынадай болып келеді.



Сурет 19 – «Бос уақытыңызды неге арнайсыз?» сұрағының салыстырмалы көрсеткіштері


Сауалнаманың соңғы сұрағына тоқталсақ, «Қазір оқып жатқан кітапты (авторды) атаңыз» дегенге аса өкінішті жауап ретінде басым көпшілігі – 28 студент «Қазір оқып жүрген жоқпын» деп жауап берген, одан кейін «Түйсігіңмен ойлай біл» – 4 студент көрсетсе, М.Әуезов деп көрсеткен – 3 респондент, Дейл Карнеги деп көрсеткен – 3 студент болды (кесте 15).

Кесте 15 – «Қазір оқып жатқан кітапты (авторды) атаңыз» сұрағының нәтижесі

Респондент жауаптары	Қазір оқып жатқан кітапты (авторды) атаңыз.
Кәзір оқып жүрген жоқпын	28
Ә.Кекілбаев	1
М.Лабковский	1
Абайдың өлеңдері	2
Адамзаттың асыл тәжі	2
Періштелердің өлімі	1
Абай жолы 2 том М.Әуезов	3
Сесилия Ахерен	1
Бай әке, Кедей әке	1
Түйсігіңмен ойлай біл	4
Дейл Карнеги	3
Нейл Смелзер	2
Сара Джио «Все цветы Парижа»	1
З. Фрейд Психоанализге кіріспе	1

Кестеден байқағанымыздай, респонденттердің жауабы кейбір оқырмандар көзқарасының кендігін, танымдық қызығушылығын танытады. Олар көркем әдеби кітаптарды оқумен қатар, ғылыми әдебиеттермен де айналысады (Дейл Карнеги және т.б.)

Кестедегі көрсеткіштерді төмендегі диаграммада берілген (сурет 20).



Сурет 20 – «Қазір оқып жатқан кітапты (авторды) атаңыз» сұрағының салыстырмалы көрсеткіші

Келесі кезекте «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е. Мильман)» әдістемесін пайдаландық. Әдістеме мақсаты – жеке тұлғаның тұрақты тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді: жалпы және шығармашылық белсенділік, қарым-қатынасқа деген ұмтылыс, жайлылық пен әлеуметтік мәртебені қамтамасыз ету және т.б. Нұсқаулық ретінде келесілерді түсіндірдік: Сіздің алдыңызда өмірдің ұмтылыстары мен адам өмірінің кейбір аспектілері туралы 14 мәлімдеме бар. Жауаптардың 8 нұсқасының (а, б, в, г, д, е, ж, з) әрқайсысы бойынша оларға деген қарым-қатынасты тиісті торларда

жауаптар үшін бланкінің әрбір бекітудің мынадай бағаларының бірін қою арқылы білдіруді сұраймыз: «+», «-» осымен «келісемін», «=» «-» «қашан қалай», «-» «жоқ», «келіспеймін», «?» «білмеймін». Тез жауап беруге тырысыңыз, жауаптар туралы ұзақ ойланбаңыз; сұрақтарға дәйекті түрде жауап беріңіз, 1а-дан 14з-ға дейін, ұяшықтарды шатастырмауға тырысыңыз. Барлық жұмыс 20 минуттан аспауы керек.

Мотивациялық профиль түрлері: Прогрессивті – даму мотивтері деңгейінің қолдау мотивтерінен айтарлықтай асып кетуімен сипатталады: бұл түрі жұмыста немесе оқуда жетістікке жеткен адамдарда басым болады. Сондай-ақ, әлеуметтік бағытталған ұстанымы бар адамға тән.

Регрессивті – прогрессивті қарама-қарсы және дамудың мотивтерінен қолдау мотивтерінің жалпы деңгейінен асып түсуімен сипатталады. Ең айқын түрде тізбектелген түрде көрінеді профиль сызығының солдан оңға қарай төмендеуі. Көбінесе үлгерімі нашар оқушылар арасында кездеседі.

Импульсивті – үш айқын шыңы бар профиль сызығының күрт өзгеруімен сипатталады, оқушылар мен студенттерге тән. Айтарлықтай саралауды және әртүрлі мотивациялық қарама-қайшылықты көрсетеді тұлғаның жалпы құрылымындағы факторлар.


Экспрессивті – елеулі айырмашылықтармен сипатталады, екі шыңы бар профиль сызығы: бұл түрі мотивациялық факторлардың белгілі бір селективті саралануын көрсетеді, қолдау және дамыту топтары бойынша бөлек мотивтер. Бұл жеке тұлғаның екпінінің экспрессивті түрімен белгілі бір корреляцияны анықтайтындығына байланысты (Л.А.Гройсманның айтуы бойынша), яғни деңгейдің жоғарылауы арқылы субъектінің ұмтылысымен өзін-өзі растау.

Тегістелген – өте тегіс сипатталады, айқын көтерілу мен түсусіз төмен әсерлі профильді сурет; бұл жағдайда бір шыңның болуы профильдің жалпақ сипатын тұтастай өзгертпейді, жеке тұлғаның мотивациялық иерархиясының жеткіліксіз саралануын, оның кедейлігін көрсетеді. Бұл мектеп оқушыларында жиі кездеседі, әсіресе нашар оның жасына қарай төмендеу үрдісі байқалады.

Аталмыш көрсеткіштер бойынша 5В010300-«Педагогика және психология» мамандығының студенттерінің нәтижелеріне тоқталсақ, онда регрессивті профильдің басым екенін көруге болады: «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау әдісі (В.Е.Мильман бойынша кесте 16)»

5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (3жыл)	Студенттер саны
Прогрессивті	4
Регрессивті	7
Импульсивті	4
Экспрессивті	3
Тегістелген	2

Қорыта келе, диагностикалық тест нәтижелерін талдайтын болсақ, алынған барлық шкалалар көрсеткіштерінің арақатынасына сүйене отырып, мотивациялық және эмоционалды профильдің белгілі бір түрлерін ажыратуға болады. Олар келесі диаграммада берілген (сурет 21).



Сурет 21 – Мотивация профиль бойынша салыстырмалы көрсеткіштер «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

Біздің зерттеуімізге құнды болып келетін эмоционалды профиль. Мұнда тұлғаның жағымды және жағымсыз эмоцияларының ерекшеліктері қарастырылады.

Стеникалық – эмоционалды артықшылықтарда да, көңіл-күйдің мінез-құлқында да стенизмнің үстемдігімен сипатталады. Ол субъектінің белсенді эмоционалды тәжірибеге және қиын жағдайларда тұрақты, сындарлы, басқарылатын позицияға бейімділігін көрсетеді. «Прогрессивті» мотивациялық профильмен және іс-әрекеттегі жетістікпен нақты байланысты. Ерлерде әйелдермен салыстырғанда көбірек байқалады.

Астеникалық – индикаторлар мен эмоционалды артықшылық пен көңіл-күйдің мінез-құлқынан асып түсуімен сипатталады. Субъектінің гомеостатикалық жайлылыққа, гедонистік типтегі эмоционалды тәжірибеге, сондай-ақ қиын жағдайларда өзін-өзі басқара алмауына бейімділігін көрсетеді қорғаныс механизмдерінің әртүрлі түрлерін көрсетуге бейімділік. «Регрессивті» мотивациялық профильмен нақты байланысты.

Аралас стеникалық – көңілсіз мінез-құлық және астенизм эмоционалды артықшылықтармен сипатталады. белгілі бір эмоционалды сфера ішіндегі көп бағытты білдіреді. Жастарға ең тән, «импульсивті» мотивациялық профильдің сипаттамасымен байланысты.

Эмоционалды профиль бойынша «Педагогика және психология» мамандығы студенттерімен арнайы зерттеу жүргізілді. Бұл жұмыстың нәтижесі 17-кестеде берілген.

Кесте 17 – Эмоционалды профиль бойынша көрсеткіштер, 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (3жыл)

5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (3жыл)	Студенттер саны
Стеникалық	8
Астеникалық	3
Аралас стеникалық	7
Аралас астеникалық	2

Эмоционалды профиль бойынша диаграмма көрсеткіштері мынадай болып келеді.




Сурет 22 - Эмоционалды профиль бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (3 жыл)

Тәжірибелік-эксперимент зерттеуінің барысында «Педагогика және психология» мамандығы, 2 курс (4 жыл) білім алушыларының жауаптары ерекше құнды болды. Осы орайда, регрессивті профильдің басым екенін, импульсивті және прогрессивті түрлері де нақты бар екенін байқауға болады (кесте 18).

Кесте 18 – Мотивация профиль бойынша көрсеткіштер, 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (4 жыл) «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (4 жыл)	Студенттер саны
Прогрессивті	7
Регрессивті	10
Импульсивті	8
Экспрессивті	4
Тегістелген	2

Жоғарыдағы кестедегі нәтижелерді төменде 23-суретте диаграмма түрінде бейнелеуге тырыстық.



Сурет 23 – Мотивация профиль бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (4 жыл). «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау


Келесі кезекте эмоционалды профиль бойынша кестедегі нәтижелерге назар аударсақ, тұлғаның жағымды және жағымсыз эмоцияларының ерекшеліктері айқын көрінеді (Кесте 19).

Кесте 19 – Эмоционалды профиль бойынша көрсеткіштер, 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (4 жыл)

«Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»


5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (4жыл)	Студенттер саны
Стеникалық	17
Астеникалық	4
Аралас стеникалық	8
Аралас астеникалық	2

Кестеден байқағанымыздай, 2 курс (4 жыл) студенттерінде стеникалық эмоцияның басымдылығын салыстырмалы деңгейде анықтауға болады.




Сурет 24 – Эмоционалды профиль бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (4 жыл) «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

Эксперименттік топтағы 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (4 жыл) және 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (3жыл) студенттерінің «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е. Мильман)» әдістемесі бойынша Мотивациялық профильдің салыстырмалы көрсеткіштерінен прогрессивті, регрессивті, импульсивті, экспрессивті және тегістелген түрлері бойынша біршама өзгерістерді 24-суреттен көруге болады.



Сурет 25 – Мотивациялық профиль бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (4жыл) және 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (3жыл). «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

Сонымен қатар, эмоционалды профиль бойынша өзгерістерді 25-суреттен көруге болады.




Сурет 26 – Эмоционалды профиль бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (4жыл) және 5В010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (3 жыл).

Зерттеудің анықтаушы кезеңінде «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)» әдісі бойынша «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс (3 жылдық) және «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс (4 жылдық) студенттері қатысты. Бұл бағыттағы жұмыстың салыстырмалы көрсеткіштерінің нәтижесі төмендегі кестеде және диаграммада берілген.

Кесте 20 – Мотивациялық профиль бойынша көрсеткіштер, ӘПЖӨ, 3 курс (3 жыл).
«Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е. Мильман)»

ӘПЖӨ, 3 курс (3жыл)	Студенттер саны
Прогрессивті	4
Регрессивті	1
Импульсивті	3
Экспрессивті	1
Тегістелген	0



Сурет 27 - Мотивациялық профильдің салыстырмалы көрсеткіштері, ӘПЖӨ, 3 курс (3жыл)
«Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау» (В.Е.Мильман)

Екінші эмоционалдық профиль бойынша нәтижені 21-кестеден және 28-суреттен көруге болады.

Кесте 21 – Эмоционалды профиль бойынша көрсеткіштер, ӘПЖӨ, 3 курс (3жыл) «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

ӘПЖӨ, 3 курс (3жыл)	Студенттер саны
Стеникалық	3
Астеникалық	1
Аралас стеникалық	5
Аралас астеникалық	0




Сурет 28 - Эмоционалды профиль бойынша көрсеткіштер, ӘПЖӨ, 3 курс (3 жыл)
«Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

ӘПЖӨ мамандығы, 3 курс (4 жылдық) студенттерінің мотивациялық профилі бойынша жауаптары төмендегі кесте мен диаграммада берілген.

Кесте 22 – Мотивация профиль бойынша көрсеткіштер, ӘПЖӨ, 3 курс (4жыл) «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

ӘПЖӨ, 3 курс (4жыл)	Студенттер саны
Прогрессивті	7
Регрессивті	9
Импульсивті	9
Экспрессивті	5
Тегістелген	1




Сурет 29 - Мотивациялық профилінің салыстырмалы көрсеткіштері, ӘПЖӨ, 3 курс (4 жыл). «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

Бұл мамандық студенттері эмоционалдық профилдің бағытында келесі нәтижелерге жетті (Кесте 23, сурет 29).


Кесте 23 - Эмоционалдық профиль бойынша көрсеткіштер, ӘПЖӨ, 3 курс (4 жыл). «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

ӘПЖӨ, 3 курс (4жыл)	Студенттер саны
Стеникалық	18
Астеникалық	5
Аралас стеникалық	7
Аралас астеникалық	1



Сурет 30 - Эмоционалдық профиль бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, ӘПЖӨ, 3 курс (4 жыл). «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінде зерттеуге алынған «Педагогика және психология» мамандығы, 2 топтың студенттерін тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау бойынша салыстырмалы көрсеткіштерінің нәтижелері келесі диаграммада айқын беріліп тұр.(сурет 31).




Сурет 31 – Мотивациялық профиль бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, 5В010300 – «Педагогика және психология» 2 курс (3жыл)/ ПжП, 2 курс (4жыл): «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

Сонымен қатар, зерттеудің диагностикалық кезеңінде «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы, 2 топтың студенттерін тұлғаның эмоционалдық профилі бойынша салыстырмалы көрсеткіштерінің нәтижелері диаграмма арқылы берілген (сурет 32).




Сурет 32 – Эмоционалдық профиль бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, ӘПЖӨ, 3 курс (3жыл)/ ӘПЖӨ, 3 курс (4жыл). «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

Зерттеуіміздің мақсатына сәйкес, 5В010300 – «Педагогика және психология» және «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтары студенттеріне «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)» әдістемесін қолдана отырып, олардың мотивациялық профилінің салыстырмалы көрсеткіштерін келесі диаграммадан көруге болады.



Сурет 33 – Мотивациялық профилінің салыстырмалы көрсеткіштері, 5В010300 – «Педагогика және психология», ӘПжӨ «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

«Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)» әдістемесін қолдану арқылы екі мамандық: 5В010300 – «Педагогика және психология» және «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» студенттерінің эмоционалдық профилі бойынша салыстырмалы көрсеткіштері диаграммамен бейнеленді (сурет 34).



Сурет 34 - Эмоционалдық профиль бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, ӘПжӨ және 5В010300 – «Педагогика және психология». «Тұлғаның мотивациялық құрылымын диагностикалау (В.Е.Мильман)»

Студенттердің оқырмандық мәдениетінің дамуын анықтау мақсатында «Рефлексивтілік деңгейін анықтау» әдістемесі» (А.В.Карпов, В.В.Пономарева) жүргізілді. Бұл әдістеменің технологиясы: Нұсқаулық. Сіз техниканың бірнеше мәлімдемесіне жауап беруіңіз керек. Жауаптар бланкісінде бекіту нөміріне қарама-қарсы сіздің жауабыңыздың нұсқасына сәйкес келетін санды қойыңыз: 1-мүлдем дұрыс емес; 2-дұрыс емес; 3-керісінше дұрыс емес; 4-білмеймін; 5-керісінше дұрыс; 6-дұрыс; 7-өте дұрыс. Жауаптар туралы ұзақ ойланбаңыз. Есіңізде болсын, бұл жағдайда дұрыс немесе бұрыс жауаптар болуы мүмкін емес. Бірінші жауап дұрыс. Жиналған ұпайлар бағалану көрсеткіштерін келесі кестеден байқауға болады.

Кесте 24 – «Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша бағалану көрсеткіштері


Көрсеткіштер	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жиналған ұпайлар	80 және төмен	81-100	101-107	108-113	114-122	123-130	131-139	140-147	148-156	157-171	

Осы кестеде берілген көрсеткіштерді басшылыққа ала отырып, «Педагогика және психология» мамандығы студенттерінің рефлексивтілік деңгейі анықталды. Оны келесі 25-кестеден байқауымызға болады.

Кесте 25 – «Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша көрсеткіштер

5B010300 – «Педагогика және психология», 2 курс (3жыл)	Студенттер саны
7 немесе 7-ден жоғары қабырғалар – жоғары рефлексивтілікті көрсетеді	3
4-тен 7-ге дейінгі қабырғалар – орташа рефлексивтілікті көрсетеді	7
4-тен төмен қабырғалар – рефлексивтіліктің дамуының төменгі деңгейі	10

5B010300 – «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс 3 жылдық студенттерінің рефлексивтілік деңгейі анықталып, оның салыстырмалы көрсеткіштері келесі сурет арқылы берілген (Сурет 35).



Сурет 35 - «Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша салыстырмалы көрсеткіштер

Зерттеуге алынған 5B010300 – «Педагогика және психология» мамандығы, 2 курс 4 жылдық студенттерінің «Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша көрсеткіштерін келесі 26-кесте мен 35-суреттен байқауымызға болады.

Кесте 26 – «Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша көрсеткіштер

ПжП, 2 курс (4жыл)	Студенттер саны
7 немесе 7-ден жоғары қабырғалар-жоғары рефлексивтілікті көрсетеді	4
4-тен 7-ге дейінгі қабырғалар - орташа рефлексивтілікті көрсетеді	11
4-тен төмен қабырғалар -рефлексивтіліктің дамуының төменгі деңгейі	16




Сурет 36 - «Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, 5B010300 – «Педагогика және психология»

Зерттеу логикасына сәйкес, бақылау тобы респонденттерінен «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2 курс 3 жылдық студенттерінің рефлексивтілік деңгейін анықтау мақсатында алынған нәтижелер келесі 27-кестеде берілген және 37-суретте бейнеленген.

Кесте 27 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы, бақылау тобының «Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша көрсеткіштері

ӘПЖӨ, 3 курс (3жыл)	Студенттер саны
7 немесе 7-ден жоғары қабырғалар-жоғары рефлексивтілікті көрсетеді	1
4-тен 7-ге дейінгі қабырғалар - орташа рефлексивтілікті көрсетеді	3
4-тен төмен қабырғалар - рефлексивтіліктің дамуының төменгі деңгейі	6



Сурет 37 - «Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, ӘПЖӨ

Сонымен қатар, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы, 3 курс 4 жылдық студенттерінің рефлексивтік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген әдістеменің нәтижелерін 28-кестеде және 38-суретте көрсетілген.

Кесте 28 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы, 3 курс 4 жылдық студенттерінің «Рефлексивтік деңгейін анықтау әдісі» бойынша көрсеткіштері

ӘПЖӨ, 3 курс (4жыл)	Студенттер саны
7 немесе 7-ден жоғары қабырғалар – жоғары рефлексивтілікті көрсетеді	4
4-тен 7-ге дейінгі қабырғалар – орташа рефлексивтілікті көрсетеді	10
4-тен төмен қабырғалар – рефлексивтіліктің дамуының төменгі деңгейі	17




Сурет 38 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы, 3 курс 4 жылдық студенттерінің «Рефлексивтік деңгейін анықтау әдісі» бойынша көрсеткіштері

Сонымен қатар, «Педагогика және психология» мамандығы, 2 курс (3-4 жылдық) студенттерінің рефлексивтік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген зерттеулердің салыстырмалы нәтижелерін келесі 29-кестеден және 39-суреттен байқауымызға болады.

Кесте 29 – «Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша көрсеткіштер, ПжП 2 курс (3-4 жыл)

ПжП 2 курс (3-4 жыл)	ПжП, 2 курс (3жыл)	ПжП, 2 курс (4жыл)
7 немесе 7-ден жоғары кабырғалар-жоғары рефлексивтілікті көрсетеді	3	4
4-тен 7-ге дейінгі кабырғалар - орташа рефлексивтілікті көрсетеді	7	11
4-тен төмен кабырғалар -рефлексивтіліктің дамуының төменгі деңгейі	10	16




Сурет 39 - «Рефлексивтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, ПжП 2 курс (3-4 жыл)

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша студенттердің рефлексивті деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген әдістемелердің көмегімен салыстырмалы көрсеткіштерді 30-кестеден және 39-суреттен байқауымызға болады.

Кесте 30 – «Рефлексивтік деңгейін анықтау әдісі» бойынша көрсеткіштер, ӘПЖӨ 3 курс (3-4 жыл)

ӘПЖӨ 3 курс (3-4 жыл)	ӘПЖӨ, 3 курс (3жыл)	ӘПЖӨ, 3 курс (4жыл)
7 немесе 7-ден жоғары қабырғалар – жоғары рефлексивтілікті көрсетеді	1	4
4-тен 7-ге дейінгі қабырғалар – орташа рефлексивтілікті көрсетеді	3	10
4-тен төмен қабырғалар – рефлексивтіліктің дамуының төменгі деңгейі	6	17




Сурет 40 - «Рефлексивтік деңгейін анықтау әдісі» бойынша көрсеткіштер, ӘПЖӨ 3 курс (3-4 жыл)

Зерттеуіміздің анықтаушы эксперименті барысында студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың шынайы деңгейін анықтау мақсатында пайдаланған «Рефлексивтік деңгейін анықтау әдісі» бойынша ӘПЖӨ және ПЖП мамандықтары студенттерінің салыстырмалы көрсеткіштері 31-кесте мен 41-суретте берілген.

Кесте 31 – «Рефлексивтік деңгейін анықтау әдісі» бойынша көрсеткіштер, ӘПЖӨ және ПЖП

ӘПЖӨ және ПЖП	ӘПЖӨ, 3 курс (3жыл)	ПЖП, 2 курс (3жыл)	ПЖП, 2 курс (4жыл)	ӘПЖӨ, 3 курс (4жыл)
7 немесе 7-ден жоғары қабырғалар – жоғары рефлексивтілікті көрсетеді	1	3	4	4
4-тен 7-ге дейінгі қабырғалар – орташа рефлексивтілікті көрсетеді	3	7	11	10
4-тен төмен қабырғалар – рефлексивтіліктің дамуының төменгі деңгейі	6	10	16	17



Сурет 41 - «Рефлективтілік деңгейін анықтау әдісі» бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, ӘПЖӨ және ПЖП

Сонымен, тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының диагностикалық кезеңі барысында пайдаланған әдістемелер нәтижелері эксперименттік топта да бақылау тобында да орташадан төмен деңгейін көрсетті.

Зерттеуге алынған ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетінің даму деңгейін диагностикалық эксперимент арқылы жүзеге асырылды. Бұл бізге эксперимент нәтижелерін бағалауға ғана емес, студенттерді өзіне-өзі диагностикалау жүргізуге бағыт-бағдар алды. Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының бастапқы кезеңінде алынған нәтижелерді талдау студенттердің оқырмандық мәдениетінің жалпы даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. ЖОО оқу үрдісінің жүйесіне сәйкес, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесін нақты шешімін табуда қиындықтар туындағандығын байқатады. Бұл БББ-дағы элективті пәндердің оқу нәтижелері аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардың мазмұнын студентке бағдарланған етіп жаңаша түрде ұйымдастыруға кері әсерін тигізеді.

Келесі параграфта біз студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы сынақтан өткізу, зерттеудің тиімділігін арттыру үшін әдістемелерді қарастырамыз.

3.2 Жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту әдістемесінің мазмұны

Параграфтың мақсаты – ЖОО студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту әдістемесінің мазмұнын анықтау. Бұл ЖОО-да студенттердің болашақ кәсіби маман ретінде өзін-өзі өзектендіру ерекшеліктерін, цифрландыру жағдайында оқырмандық мәдениет тәжірибесімен ұштастыра отырып, дамытуды көздейді. Осыған байланысты біз зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес, «Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту» атты кешенді бағдарламасының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру.

ЖОО студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мақсатында, ең алдымен, біз шетелдік жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарындағы пән кешендерін талдап, олардың ерекшеліктерін көрсетуге тырыстық (кесте 32).

Кесте 32 – Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мақсатында шетелдік жоғары оқу орындарының таңдау пәндері

Пән атауы	Мамандық	Жоғары оқу орны
1	2	3
Основы культуры чтения/ Оқу мәдениетінің негіздері	44.03.01-Педагогикалық білім беру/Педагогическое образование, Профиль подготовки – Иностранный язык, бакалавриат 1 курс 2 семестр, вариативная часть	Н.Г.Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университеті//Саратовский государтсвенный университет им. Н.Г.Чернышевского, Саратов, 2016. Ресей
Формирование основ читательской культуры дошкольников и младших школьников/ Мектепке дейінгі және кіші мектеп жас оқушыларының оқырмандық мәдениетін қалыптастыру негіздері	44.03-05-Екі дайындық бейінімен педагогикалық білім беру/Педагогическое образование с двумя профилями подготовки: Дошкольное образование и начальное образование	Самаралық мемлекеттік әлеуметтік-педагогикалық университет/Самарский государственный социально-педагогический университет, 2018.Ресей
Формирование читательской культуры младших школьников/ Кіші мектеп жас оқушыларның оқырмандық мәдениетін қалыптастыру	01-02-01-Бастауыш білім беру/ Начальное образование	Максим Танка атындағы Белорус мемлекеттік педагогикалық университеті//Белорусский государственный педагогический университет имени Максима Танка, 2019.Беларусь
Оқырмандық іс-әрекет практикумымен әдеби оқу әдістемесі	образование с двумя профилями подготовки: Дошкольное образование и начальное образование, Предметно-методический модуль	институты// Ставропольский государственный педагогический институт, 2021. Ресей
Теория и практика читательской деятельности/ Оқырмандық іс-әрекет теориясы мен практикасы	050100.65-Педагогикалық білім беру/ Педагогическое образование, профиль подготовки-начальное образование	Алысшығыс мемлекеттік әлеуметтік-гуманитарлық академия// Дальневосточная государственная социально-гуманитарная академия, 2011. Ресей

32-кестенің жалғасы

1	2	3
Формирование читательской грамотности на уроках и во внеурочное время/ <i>Сабақта және сабақтан тыс уақытта оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру</i>	44.03-05- <i>Екі дайындық бейінімен педагогикалық білім беру</i> Педагогическое образование с двумя профилями подготовки: Русский язык и литература	<i>Сургуттік мемлекеттік педагогикалық университеті//</i> Сургутский государственный педагогический университет, 2020. Ресей

Кестеден байқағанымыз, Ресей және Беларусь мемлекетінің жоғары оқу орындарында «Педагогикалық білім беру» мамандығында студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мақсатында «Оқырмандық іс-әрекет теориясы мен практикасы», «Оқу мәдениетінің негіздері» сияқты таңдау пәндері оқытылады.

Жоғары оқу орны студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту үшін біз, сонымен қатар, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 5В010300 - «Педагогика және психология» мамандығының оқу бағдарламасына талдау жасап, мүмкіндіктерін қарастыруды жөн көрдік.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар 2020-2022 оқу жылына сәйкес келген соң осы көрсетілген оқу жылында 5В01030 - «Педагогика және психология» мамандығының оқу жоспарындағы келесідей пәндер жиынтығын байқадық (кесте 33).

Кесте 33 – 5В010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқу жоспарының мүмкіндіктері (3 курс 4 жылдық)


Пән атауы	ECTS, семестр	Жүргізетін пән оқытушысы
XXI ғасыр педагогикасы	5 ECTS, 6 семестр	Абсатова М.А.
Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары	6 ECTS, 6 семестр	Абсатова М.А.

Кестеде көрсетілген пәндерге сәйкес бізге оқу үрдісіне студенттерге еш кедергісіз үйлесімді кірігу мақсатында тиімді нұсқа ретінде «Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» таңдау пәні аясында жұмыстар жүргізуге тырыстық.

Біз «Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту» атты кешенді бағдарламасын жасадық, ол төмендегі 1-сызбада берілген.

«Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту» атты кешенді бағдарлама «Педагогика және психология»; «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту мақсатында жүргізіледі және оны келесі сызба арқылы көрсетуге болады.

Сызба 1 – «Болашақ педагогтардың оқырмандық мәдениетін дамыту» атты кешенді бағдарламасының бағыттары



Кешенді бағдарламада ұсынылған бағыттардың әрқайсысы арнайы міндеттерімен, жұмыс түрлерімен ерекшеленеді және түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Сондықтан қалыптастыру эксперименті кезеңінде студенттердің іс-әрекеттері әр бағытта толықтырылып, оқырмандық мәдениет дағдылары жетілдіріліп отырды.

Қалыптастыру кезеңінде жоғарыда аталған «Болашақ педагогтардың оқырмандық мәдениетін дамыту» атты кешенді бағдарламаның бағыттарымен «Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделді» өзара байланыстырып, іске асырылды. Мәселен,

Бірінші пәндік бағыт. Мақсаты – ЖОО-да студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту. Бұл бағыт бойынша эксперименттің негізгі міндеті – студенттердің «Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» атты элективті курс арқылы оқырмандық мәдениетін дамытуға бағыттау болды. Өйткені, осы пән арқылы студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту маңызды болып келеді.

Пәндік бағыт бойынша цифрландыру жағдайында оқу-тәрбие үрдісінде «Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» пәнін жүргізу барысында зерттеу авторы студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуға ықпалы зор екендігіне көз жеткізді.

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде жетекші болып «Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» атты элективті пән болды. Негізгі міндеті болып студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту болды.

Зерттеудің негізгі әдістері – бақылау, сұхбат, талдау, сұхбат. Аталған бағыттардың мазмұнын жүзеге асыруға бөлінген жалпы сағат саны – 6 кредит. Пәндік бағытта – 6 кредит, дәріс – 30 сағат, семинар – 30 сағат, студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы – 45 сағат, студенттердің өзіндік жұмысы – 45 сағат.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыстардың қалыптастыру кезеңінде «Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» атты элективті пәнінен оқу-әдістемелік кешен дайындауға қатыстық және осы пән бойынша семинар, СӨЖ, ОБСӨЖ сабақтарында білім алушылардың оқу нәтижелеріне негізделген құзыреттіліктеріне Дублин дескрипторлары арқылы талдау жасадық. Мысалы, түсіну, қолдану, іске асыру және т.б. Осыған байланысты біздің эксперимент кезеңіндегі нақты іс-әрекетіміз жоғарыда аталған «Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту» элективті пән бойынша семинар, СӨЖ, ОБСӨЖ тақырыптарын құрастыру және оны іске асыруға бағытталды. Оны келесі кестеден көруге болады (Кесте 11).

Аталмыш жұмыстардың ішінде аса маңыздысы бізге «Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» элективті пәні 5В010300 – «Педагогика және психология» мамандығының студенттеріне арналады. Осы пәннің оқу бағдарламасының мазмұнына толықтырулар мен өзгерістер енгіздік және оны 34-кесте арқылы көрсетуді ұйғардық [202].

Кесте 34 – «Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» элективті пәннің оқу бағдарламасының мазмұнына ендірілген практикалық сабақтар тақырыптары

Апта /күні	БББ практикалық сабақтардың тақырып атауы	Толықтырулар мен өзгерістер енгізілген практикалық сабақ тақырыптары	Сағат саны
1	2	3	4
1	Білім беруді дамытудың тенденциялары	Отандық және шетелдік білім беру жүйесіндегі оқырмандық мәдениет: мәні мен мазмұны	2
2	Білім мен тәрбие берудің ұлттық идеологиялық бағыттары	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы	2
3-4	Бала құқықтары туралы конвенция	Оқырмандық мәдениетті дамыту – жаһандану мәселесі ретінде	2
5	Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің мақсаттары, міндеттері	Оқырмандық мәдениеттің ұлттық идеологиялық бағыттары	2
6-7	Халықаралық құқықтық актілер және білім беру мен зерттеулерде еуропалық интеграцияны дамыту бойынша құжаттар	Дүниежүзілік оқырмандық мәдениеттің даму тенденциялары	2
8	Құқықтық кеңістіктегі білім беру.	Білім беру кеңістігінде оқырмандық мәдениетті дамытудың заңнамалық негіздері	2
9	Білім беруге қатысты құқықтық қарым-қатынас ұғымдары және олардың ерекшеліктері	Құқықтық қарым-қатынас мәдениетін дамытудың әдіс-тәсілдері	2
10-11	Білім беруді басқару: ұғымдар, мақсаттар, қағидалар, субъектілер	Цифрландыру жағдайында білім беруді басқарудың заманауи әдіс-тәсілдері	2
12-13	Педагог мәртебесі ҚР Заңын талқылау	Оқырмандық мәдениетті дамытудың мотивациялық әдіс-тәсілдері	2
14	Білім берудегі педагогтың рөлі	Болашақ педагогтардың оқырмандық мәдениетін дамытудың диагностикалық әдіс-тәсілдері	4
	Барлығы		30

Кестеден оқу бағдарламасындағы элективті пәннің практикалық сабақтарының мазмұнына студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуға бағытталған бірқатар маңызды тақырыптар қамтылғандығын байқауымызға

болады. Мәселен, Отандық және шетелдік білім беру жүйесіндегі оқырмандық мәдениет: мәні мен мазмұны; Оқырмандық мәдениетті дамыту – жаһандану мәселесі ретінде; Білім беру кеңістігінде оқырмандық мәдениетті дамытудың заңнамалық негіздері; Оқырмандық мәдениетті дамытудың мотивациялық әдіс-тәсілдері; Болашақ педагогтардың оқырмандық мәдениетін дамытудың диагностикалық әдіс-тәсілдері және т.б.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде «Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» элективті пәнінен практикалық сабақтарда студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мақсатында 2.3 параграфта қарастырылған құндылық-бағдарлық, тиімді-практикалық компоненттер мен мәдениеттанушылық, аксиологиялық тұғырларға сүйене отырып, ғылымилық, ұйымдастыру принциптерін басшылыққа ала отырып, проблемалық оқыту технологиялары, дамыта оқыту технологиясы, ақпараттық-қатынастық технологиялар, **миға шабуыл**, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы кеңінен пайдаланылды. Қолданылған әдістемелердің тиімділігі мен болашағы жайында 3.3 параграфта айқындалады.

Қалыптастыру эксперименті барысында кешенді бағдарламаның екінші бағыты – танымдық болып табылады. Бұл бағыттың негізгі құндылығы – студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту жұмыстары «Кітап – табысқа апарар жол» пікірсайысы арқылы жүзеге асырылады. Студенттер пән олимпиадаларына, викториналық байқауларға және т.б. қатысу барысында олардың қабілеті, мінезі, темпераменті және тұлғалық бағыт-бағдары көрініс береді.

«Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» атты элективті пәннің мазмұнына студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуды танымдық-практикалық жағынан құндылығын арттыру үшін білім алушылардың өзіндік жұмыстарына қосымша тақырыптар енгізілді. Төмендегі 35-кестеде студенттердің өзіндік жұмысы немесе тапсырмалар жиынтығын ұсынамыз. Әрбір тапсырманың мазмұнына сәйкес бақылау нысанын да көрсетілген.

Кесте 35 – «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» элективті пәннің оқу бағдарламасының мазмұнына ендірілген СӨЖ тақырыптары

Тапсырмалардың мазмұны	Бақылау нысаны	Апта/ сағаты
Жобалау және жүргізу. «Оқырман жетістіктерінің күнделігі»	Оқырман жетістіктерінің күнделігі	1/3
Пайдаланушының оқу сөздігін жасау	Пайдаланушының оқулық сөздігі	1/5
Арнайы таңдалған мәтінді зерттеу (А.В.Петровский «тұлға болу», В.В.Краевский «Білім беру мақсаттарының иерархиясы» және т.б.) және шолу жасау	Рецензия құрастыру	1/7

35-кестенің жалғасы

1	2	3
Арнайы таңдалған мәтінді зерттеу (А.С.Макаренко «Педагогикалық поэма», Л.Пантелеев, Г.Белых «Шкид Республикасы» және т.б.) және олардың әрқайсысына оқырман шолуын құрастыру.	Оқырман пікірін қалыптастыру	1/8
Абай Құнанбаевтың «Қара сөздерінің» психологиялық-педагогикалық мазмұнын талдау, авторлық және жеке ұстанымдарын анықтау.	Мәтінді талдау. Жеке позицияны анықтау	1/11
«Оқитын адам – табысты адам» айдарына мәтін-ақпаратты дайындау	Ақпарат мәтінін дайындау	1/12
«Шығармашылық жазу шеберханасы»	Эссе	1/14

Кестеден, біз студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту жұмыстарының практикалық маңыздылығын арттыруға бағытталған жобалау жұмыстары, ғылыми мәтінді жазу, талдау, дайындау мен зерттеудің мүмкіндіктері мен нысандары жайында қамтылғандығы байқалады.

Оқырмандық мәдениеттің әлеуетін студенттердің өзіндік жұмысында ескеру қажет, оған қазір жоғары оқу орындарында оқу уақытының көп бөлігі арналады. Мысалы, жоғарыда аталған зерттеу аясында студенттер оқу курсының үзінділерінің жобаларын әзірлеуді мақсатты түрде ұйымдастырады.

Дереккөздерді өзбетінше таңдау негізінде: ғылыми монографиялар, мақалалар, иллюстрациялар, білім беру интернет-ресурстары және т.б. – студенттер өздерінің оқу іс-әрекеттерінің нәтижелерін ұсынудың әртүрлі түрлерін жасайды (оқырмандардың пікірлері, әдеби шолулар, дайджесттер, эсселер, тесттер, кроссвордтар және т.б.).

«Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» элективті пәнін өту барысында СӨЖ сабақтарында ақпараттық-қатынастық технологиялар, **миға шабуыл**, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы, топтық пікірталас, тренингтер, эссе, флешмоб пен буккроссинг формалары арқылы студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік берді[258]. Аталған оқыту формалары негізінен интерактивті жағдайда өтілуі ойластырылды.

Педагогтардың жаңашылдық әдістері мен технологияларды меңгеруі білім саласын жаңғыртудың негізгі саласының бірі. Оның түпкі мақсаты – студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың негізінде оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру болып табылады.

Студенттердің оқырмандық мәдениетінің даму жағдайын рефлексивті талдауда мәселелер бойынша субъектілерді қарастыруға, содан кейін мүмкін жауаптардың нұсқаларын ұсынуға қажетті бірқатар сұрақтар қоюды анықтайды. Рефлексияның қалыптасуы келесі сұрақтардың көмегімен жүргізілді: «Неге олай?», «Бұл тапсырмада не жайлы ойластыру қажет?», «... бұл қалай болды?», «Бұл қиындықты қалай жеңуге болады?» және т.б.

Студенттердің «Мен нені қалаймын?», «Маған не кедергі?» ішкі диалогы тұрақты бағдарға айналуы тиіс. Бұл сұрақтарға жауаптар өз-өзімен келісімді орнатуға, мінез-құлықтың рефлексиялық стратегиясын жасауға көмектеседі. Жеке тұлғаның оқырмандық мәдениетін дамыту үшін студенттердің оқу іс-әрекетін түзету және оқу процесіне тиісті өзгерістер енгізуді қажет екенін 3.1 параграфта анықталды. Осы мақсатты кешенді бағдарламаның екінші бағытында жүзеге асыру көзделді және цифрландыру жағдайына сәйкес пәнді оқыту барысында оқытушымен бірлесе жасалатын студенттің өзіндік жұмысы тақырыптарына қосымша толықтырулар енгізілді (Кесте 36).

Кесте 36 – «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» элективті пәннің оқу бағдарламасының мазмұнына ендірілген СОӨЖ тақырыптары

Тапсырмалардың мазмұны	Бақылау нысандары	Апта/ сағаты
1	2	3
«Заманауи педагогтың оқырмандық мәдениеті» атты эссе жазу	Эссе	1/3
Мұғалім үшін нормативтік-құқықтық базаның тізімін жасау	Ауызша сауалнама	1/4
Курстың үздік оқырманы	Пікірталас	1/7
«Оқу өнері» тақырыбына жоба дайындау	Таңдалған тақырып бойынша жобаны қорғау	1/8
Оқу мәдениетін дамыту үшін мұғалімнің интернетті пайдалану мәселесі бойынша баяндама жасаңыз: артықшылықтары мен кемшіліктері	Әзірleme	1/9
Оқырмандық мәдениетті дамыту үшін жаттығулар мен әдістерді таңдаңыз. Ауызша презентация дайындаңыз.	Әдістер папкасы, ауызша сауалнама	1/11
Қолданбалы зерттеу жүргізіңіз – білім алушылардың оқырмандық мәдениетінің деңгейін анықтаудың психологиялық диагностикасын жүргізіңіз. Ауызша презентация дайындаңыз.	Қолданбалы зерттеу. Презентацияны қорғау	1/13

Жоғарыдағы кестеден біз заманауи педагогтардың оқырмандық мәдениетінің дамуына ықпал ететін танымдық және цифрландырылған әдіс-тәсілдердің маңызылығына назар аударылып, қамтылғандығы байқауымызға болады.

«Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы аясында студенттерді оқуға тартудың инновациялық технологияларымен танысады. Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту (Ч.Темпл, Д.Огл), «Сауаттылық өркендейтін мектеп» (Н.Н.Сметанникова), «ЕЖОО: ең жақсы оқыту – оқу» (В.А.Бородина), «Қуанып оқу» (Н.Б.Захарованың жетекшілігімен), «Ойлы оқу» (Е.В.Посашкова).

Тең позициялар, қарым-қатынастың рефлексивті-диалогтық стилі – осы принциптерге сүйене отырып, сабақтарда ұжымдық іс-әрекет құрылады.

Рефлексивті-диалогтық стиль оқытушыға оқудың мүмкін болатын қиындықтары туралы теориялық материалды ұсынуға, ал оқырманға өз қиындықтарының шекарасын анықтауға, оларды диагностикалауға, зерттеуге, оқу қиындықтарын қалай түзетуге және жоюға болатындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда әдістердің негізгі міндеті – зияткерлік сезімді ынталандыру (тандану, қызығушылық және т.б.). *Сұрақ-дамытушылық әңгіме әдісі* бұл жағдайда ең сәтті болып көрінеді. Бұл әдістің мәні эмоционалды, сенсорлық саланы белсендіру арқылы интеллектуалды рефлексияның «қосылуын» бағалау және сұрақ-жауап түрінде туындайтындығына байланысты.

Оқырманның мақсат қою әдісі – мұғалімнің ұсынған жиынтығынан оқырманның мақсаттарын таңдауды қамтиды. Студенттер мақсаттарды кейіннен егжей-тегжейлі таңдап, мақсаттарды талқылап, олардың шынайылығын тексереді. Оқырмандарды жоспарлау әдісін жүзеге асыру кезінде студенттерге ұсынылған мәтіндерге қатысты оқу әрекеттерін жобалау ұсынылды.

«Мінез-құлықты оқыту» және рефлексивті-аналитикалық әңгіме әдістері – студенттердің сәтті іс-әрекеті жағдайын құрудың маңызды құралы болып табылады. Белгіленген әмбебап әдістер бақылау және өзін-өзі бақылау әдістерін белсенді қолдануға негізделген және жалпы тиімді болуы мүмкін.

Бұл әдістер студенттер үшін маңызды дағдылардың дамуын ынталандырады: өз бетінше шешім қабылдау, оқу іс-әрекетін жоспарлау, оның нәтижелеріне талдау жасау. Ерекше нәтижелі әдіс – пікірталас.

Мазмұнды пікірталас – кез-келген қиындық туралы, оның қиындықтары туралы әңгіме болуы мүмкін. Басқа адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, адам өз-өзімен сөйлесуді үйренеді. Қате әдісі немесе «Мен қиындықтармен бетпе-бетпін» қателіктерге деген теріс көзқарасты өзгертуді, оны конструктивті пайдалануға ауыстыруды қамтиды.

Сонымен, кешенді бағдарламаның екінші бағыты – танымдық бағыттың нәтижелі жүзеге асуы үшін студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделіндегі танымдық компонент пен ақпараттық-цифрландырылған, психологиялық тұғырларға сүйене отырып, тұлғаның үздіксіз дамуы мен өзін-өзі ұйымдастыру принциптерін басшылыққа ала отырып, эссе, пікірталас, таңдалған тақырып бойынша жобаны қорғау, қолданбалы зерттеу әдістерінің кеңінен пайдаланылды.

Үшінші бағыт – шығармашылық болып табылады. Бұл бағыттың негізгі құндылығы мынада: студенттердің оқырмандық мәдениетіне қажетті шығармашылық сапаларды дамытуға бағытталады. Осыған байланысты біз тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде «*Оқырман шеберханасы*» клубын ұйымдастыру арқылы жүзеге асыруға тырыстық. Клуб жұмысының әдістемелік мазмұны жүйеленіп, төмендегі кесте арқылы беруді жөн көрдік.

Кесте 37 – «Оқырман шеберханасы» клубы жұмысының әдістемелік мазмұны

«Оқырман шеберханасы» клубы жұмысының әдістемелік мазмұны		
<p><i>Мақсаты:</i> Студенттердің оқырмандық мәдениетіне қажетті шығармашылық сапаларды дамыту.</p> <p><i>Міндеттері:</i> Тұлғаның зияткерлік, ақпараттық, құндылық-бағдарлы, шығармашылық, коммуникативті қасиеттерінің дамуына ықпал етеді және болашақ педагогтардың кәсіби дайындығы мен жалпы мәдени дамуын үйлестіруге мүмкіндік береді.</p>		
Түрлері	Технологиялары, әдіс-тәсілдері	Ұйымдастыру формалары
<p>1. Дәстүрлі кітапхана және оқырмандық зал;</p> <p>2. Электронды кітапхана және электронды оқу залы: материалдардың библиографиялық сипаттамасы, иллюстрациялар, фотосуреттер, карталар, кітап мұқабалары және т.б.;</p> <p>3. Виртуалды кітапхана: портреттер, суреттер, фотосуреттер, жеке шығармалардың толық мәтіндері, дыбыстық жазбалар, мультимедиялық технологиялар және т.б.</p>	<p><i>Технологиялары:</i> Ақпараттық-логикалық; шешендік және коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру; компьютерлік және мультимедиялық; проблемалық оқыту; оқу, жазу, сөйлеу, тыңдаудың жүйелік байланыс технологиясы; зияткерлік технологиялар; электрондық технологиялар;</p> <p><i>Әдіс-тәсілдері:</i> флешмоб пен буккроссинг, қауіпсіз сөрелер, психологиялық жұмыс әдісі және т.б.</p>	<p>Отбасылық оқуды ұйымдастыру; электронды көрмелер, виртуалды экскурсиялар, слайд-дәрістер, шеберлік сыныптар, әдеби конкурстар, іскерлік оқу; әдеби ойындар; кездесулер; әдеби дискуссиялық клубтар, online-сабақтар және online-конференциялар, топтық кеңестер т.б.</p>

Кестеден, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуды шығармашылық, синергетикалық тұғырлармен және шығармашылық компонентпен байланысып тұрғандығы байқалады.

«Оқырман шеберханасы» клубы жұмысын ұйымдастыру бағытының мақсаты: Студенттердің оқырмандық мәдениетіне қажетті шығармашылық сапаларды дамыту.

Біздің елімізде бүкіл әлемдегі сияқты оқырмандық мәдениетті қалыптастыру мен дамытудың негізгі орны – кітапхана. Қазіргі оқырманның сұраныстарына назар аударып отырып, мұнда ақпараттық-іздеу қызметін жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалады, баспа және электронды ақпарат құралдарындағы ақпаратқа қол жетімділік, байланыс арналары мен құралдарының әртүрлілігі ұсынылады.

Міндеттері: Тұлғаның зияткерлік, ақпараттық, құндылық-бағдарлы, шығармашылық, коммуникативті қасиеттерінің дамуына ықпал етеді және болашақ педагогтардың кәсіби дайындығы мен жалпы мәдени дамуын үйлестіруге мүмкіндік береді.

«Оқырман шеберханасы» клубы жұмысының түрлері: Дәстүрлі кітапхана және оқырмандық зал; Электронды кітапхана және электронды оқу залы: материалдардың библиографиялық сипаттамасы, иллюстрациялар,

фотосуреттер, карталар, кітап мұқабалары және т.б.; *Виртуалды кітапхана*: портреттер, суреттер, фотосуреттер, жеке шығармалардың толық мәтіндері, дыбыстық жазбалар, мультимедиялық технологиялар және т.б.

Семантикалық іздеу қызметін ынталандыру үшін студенттердің өз білімінің жетіспеушілігі және дәстүрлі және электронды деректер көздерден ақпаратты нәтижелі іздеу және таңдау қажеттілігі туындаған жағдайларды жасаған жөн (мысалы, оқу немесе ғылыми мәтінге түсініктеме беру тапсырмаларын орындау кезінде, автордың позициясын бағалау қажет болған кезде осы мәселе бойынша ғылымдағы басқа тәсілдермен салыстыру қажет, сондай-ақ жазбаша көздерден іздеу жағдайында – ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиетте және т.б. зерттелетін құбылысты немесе процесті растау және сипаттау үшін қосымша дәлелдер).

Қазіргі уақытта кітапханалардың интернет кеңістігінде электронды кітапханалар бойынша виртуалды экскурсиялар, слайд-дәрістер, шеберлік сыныптары, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және игеру бойынша курстар, мультимедиа-ақпаратты қарау, әдеби конкурстар және т.б. өткізіледі.

Интернет-іс-шараларды, мысалы, электронды кітапханалар дайындау кезінде компьютерлік және мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктері қолданылады. Электрондық кітапханалар гипермәтін қағидаты бойынша құрылады, материалдардың библиографиялық сипаттамасы, иллюстрациялар, фотосуреттер, карталар, кітап мұқабалары және т.б. міндетті түрде ұсынылады. HTML форматындағы виртуалды кітапханалардың мысалы – дизайнға мұражайлық көзқараспен сипатталатын Британдық кітапхананың көрмелері. Бұл көрмелерде иллюстрациялық материалдар (портреттер, суреттер, фотосуреттер және т.б.), жеке шығармалардың толық мәтіндері, дыбыстық жазбалар, мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктері кеңінен қолданылады.

Озық технологиялар мен интерактивті желілік кеңістіктің қарқынды дамуы жағдайында Қазақстан Республикасында электрондық басылымдардың саны артып келеді, дәстүрлі кітапханалар мен кітап саудасы кәсіпорындарының сайттары құрылуда, цифрлық кітапханалар, электрондық әдеби форумдар, кітап клубтары, қоғамдастықтар пайда болуда, бұл электрондық кітап нарығының жаңа әлеуметтік-мәдени құбылыстарының, оқырман интернет-аудиториясының пайда болуына, жаңа оқырман құндылықтары мен басымдықтарының және жаңа оқырмандардың пайда болуына әкелуде.

Технологиялары: Ақпараттық-логикалық; шешендік және коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру; компьютерлік және мультимедиялық; проблемалық оқыту; оқу, жазу, сөйлеу, тыңдаудың жүйелік байланыс технологиясы; зияткерлік технологиялар; электрондық технологиялар;

Маманның ақпараттық-логикалық, шешендік және коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру технологиясы (МАЛШКМ) (И.В. Усачева). Оқу, жазу, сөйлеу, тыңдаудың жүйелік байланыс технологиясы. Бұл технологияны қолдану кезінде оқу ғылыми мәтіндерін түсіну, логикалық білімді түсіну

(анықтамалар беру, нәтижелерді шығару, жалпылау, ақпаратты жіктеу), лингвистикалық білімді игеру (ана, шет тілдерін білу, өз ойын жеткізе білу, символдар арқылы ақпаратты қысу және кеңейту, графикалық, анықтамалық кітаптармен, сөздіктермен жұмыс істей білу) маңызды [263].

Оқудың арқасында қазіргі адам негізгі зияткерлік технологияларды игереді, тұлға ретінде дамиды, жеке әлеуметтік тәжірибені байытады. Оқу – бұл әлемдік мәдениет құндылықтарын игерудің жетекші тәсілі, адамның мәдени құзыреттілігіне ие болу және қоршаған әлеуметтік шындықтағы өмірге дайындық құралы. Оқу мәдениетін дамыту бойынша инновациялық қызметтің негізгі міндеттері – оқырмандардың белсенділігін арттыру және ынталандыру үшін дәстүрлі емес технологиялар мен әдістерді әзірлеу.

Дәстүрлі және электрондық ақпараттық көздермен жұмыс істеу дағдылары мен біліктерін дамыту бойынша арнайы ұйымдастырылған іс-шаралар оқуға деген қызығушылықты арттыруға, оқырман белсенділігінің деңгейін ынталандыруға, балалар мен ересектердің әлеуметтік-мәдени белсенділігін арттыруға әсер етеді. Электрондық технологияларды жеке тұлғаның іздеу және аналитикалық қасиеттерін қалыптастыру құралы ретінде де, оқу құзыреттілігін дамыту құралдарының бірі ретінде де қарастыруға болады.

Тұлғаның оқырмандық мәдениетін дамыту проблемалық оқыту негізінде де жүзеге асырылуы керек. Адамның ақыл-ой белсенділігі белгілі білім, таным әдістері мен олардың негізінде жаңа фактілер мен құбылыстарды түсіндіре алмау арасындағы қайшылықты анықтау жағдайында белсенді болатыны белгілі.

Электрондық технологиялар виртуалды мәдениетті қалыптастыру үшін түбегейлі өзгеше кеңістікке айналуға. Қазірдің өзінде желіде өз ресурстарын сандық кітапханаларда, толық мәтінді мәліметтер базасында, интернет-конференцияларда, форумдарда, арнайы әдеби сайттарда шоғырландыратын орта құрылуға.

Әдіс-тәсілдері: флешмоб пен буккроссинг, қауіпсіз сөрелер, психологиялық жұмыс әдісі және т.б.

Қазақстандық кітапханаларда психологиялық жұмыс әдісі жиі қолданылады, онда штаттық психолог оқырмандарға кеңес береді, оқу мотивтерін және тұлғаның эмоционалды-психикалық ерекшеліктерімен туындаған көркемдік қажеттіліктерін анықтауға көмектеседі. Бала оқырмандардың мәдениетін дамыту мамандары қоғамдық кітапханаларда оқуды жылжытудың арнайы бағдарламаларын әзірлеу және жоспарлау үшін арнайы бөлімдер құру қажет деп санайды.

ҚР балалар мен жасөспірімдер кітапханаларының жұмысында оқырмандық құзыреттілік пен оқуға деген сүйіспеншілік деңгейін арттыру бойынша іс-шараларды өткізудің дәстүрлі нысандары, сондай-ақ ақпараттық-ағартушылық қызметті ұйымдастыруда түбегейлі жаңа тәсілдері қолданылады.

Ұйымдастыру формалары: Отбасылық оқуды ұйымдастыру; электронды көрмелер, виртуалды экскурсиялар, слайд-дәрістер, шеберлік сыныптар, әдеби конкурстар, іскерлік оқу; әдеби ойындар; кездесулер; әдеби дискуссиялық

клубтар, online-сабақтар және online-конференциялар, топтық кеңестер т.б. Отбасылық оқуды ұйымдастыру және қолдау шаралары; балалардың іскерлік оқуы; конкурстар; викториналар; әдеби ойындар; аймақтық және республикалық жазушылармен және қызықты адамдармен, сондай-ақ шетелдік қонақтармен кездесулер; түрлі-түсті презентациялар және т.б. Оқырмандармен жеке және бұқаралық жұмыстың ең тиімді түрлері әдеби дискуссиялық клубтар, оқырмандардың қызығушылықтары бойынша клубтар, әдеби студиялар, кіріктірілген сабақтар, online-сабақтар және online-конференциялар, топтық кеңестер, тақырыптық экскурсиялар, жетекші ЖОО оқытушылары оқитын дәрістер, сондай-ақ шеберлік сыныптар болып табылады. Жеке көзқарас танымдық қызығушылықтар шеңберін құруға және балалардың да, ересектердің де зияткерлік және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырудың тиімді «әдеби» бағдарламасын жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы кітапханаларға ақпараттық өнімдердің тұрақты нарығын қалыптастыру және жалпы елде оқудың мәдениеті мен беделін арттыру мақсатында маркетингтік тәсілді қолдану тән. Н.Р.Вакулич кітапханалық маркетингті «осы сұраныстар мен оларды қанағаттандыру жолдарын зерттеу арқылы пайдаланушылардың сұраныстарын қанағаттандыру арқылы кітапханашылардың жұмыспен қамтылуын шектеу және оларды іске асыру мақсатында кітапханалық тауарлар мен қызметтер өндірісін қалыптастыруға және ұлғайтуға ықпал ететін шығармашылық басқарушылық қызметтің бір түрі» деп түсіндіреді. Оқырман сұранысын зерттеудің маркетингтік тәсілі оқырмандардың қажеттіліктерін, сұраныстарын, мүдделерін мұқият және жан-жақты зерделеуге, олардың нәтижелерін талдауға библиографиялық, кеңес беру, әдістемелік, ақпараттық ресурстарды құру бойынша жұмысты түзетуге мүмкіндік береді. Бұл кітапханаларға қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда тиімді жұмыс істеуге және бағдарлауға мүмкіндік береді» [263].

Интернет пен әлеуметтік желілер қоғамдық жұмылдырудың жаңа, бұрын белгісіз тетіктерін құруға, атап айтқанда, флешмоб пен буккроссинг көмегімен көптеген адамдарды ұйымдастыруға мүмкіндік берді [264].

Флешмоб – бұл сән теориясына сәйкес, оның негізгі құндылықтарының бірі болып табылатын ойын қызметі. Бұл жағдайда сәнді ойын мүмкіндіктері оқу дағдарысы проблемасына назар аудару үшін қолданылады: кітапқа, оқуға, кітапханаға деген қызығушылықты қалыптастыру. Сондықтан әлемдік кітап қауымдастығы флешмоб жастардың оқырмандық белсенділігін ынталандырудың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі ретінде белсенді пайдаланады.

Буккроссинг – бұл кітап пен оқуға арналған ойын элементтері бар тағы бір» сәнді интернет-жоба. Оның негізгі принципі: «оқы-басқаға бер», ал ұраны - «бүкіл әлемді кітапханаға айналдырамыз». Жобаның шарттары бойынша кітапты алдымен арнайы сайтта тіркейді, содан кейін қоғамдық орында қалдырады. Кітап тауып алған оқырман оны осы сайтта тіркейді, бұл оның болашақ тағдырын қадағалауға мүмкіндік береді.

«Қауіпсіз сөрелер» кітапханаларда, дүкендерде, дәмханаларда, оқу орындарында орнатылады. Мұндай сөреден кез-келген адам әдебиетті ала

алады, бірақ барлық кітаптар оны тіркей алмайды. Көптеген кітапханалар, оқу орындары, дүкендер, кофеханалар, клубтар осы ойынның әр түрлі нұсқаларын пайдалана отырып буккроссингке қатысады. Осылайша, көптеген мекемелерде кітап алмасу орындары пайда болады, онда әркім өз кітабын қалдыра алады және/немесе сәреде ұсынылған кез келген басылымды таңдай алады.

Бүгінгі таңда оқу мәдениетін және қоғамдық кітапханалар жұмысының тиімділігін арттыру мәселелері көптеген алдыңғы қатарлы зерттеушілердің еңбектерінде көрініс табады. Сонымен, Санкт-Петербург мәдениет университетінің кітапханалық-ақпараттық қызмет кафедрасының меңгерушісі Асқарова В.Я. оқырмандардың кітапхана қызметі туралы түсініктерін өзгертуге әсер ететін кітапхана жұмысының келесі перспективалы инновациялық бағыттарын анықтайды [201, 186.]:

- балалар мен жасөспірімдер әдебиетін ересек ұйымдастырушыларға ақпараттық және психологиялық-педагогикалық қолдау, ата-аналарға, мұғалімдерге балалар мен жасөспірімдер оқуына арналған әдебиеттерді іріктеу және әр түрлі жастағы топтардың оқырмандық белсенділігін ынталандыру бойынша кеңес беру;

- балалар мен жасөспірімдер әдебиетінің ағынын сараптау, жеке және топтық библиографиялық ұсынымдық құралдарды қағаз және электронды түрде құрастыру;

- балалар мен жасөспірімдерді мәтінмен аналитикалық-синтетикалық жұмысқа оқыту; оқудың тиімді стратегияларын зерделеу бойынша курстарды ұйымдастыру;

- библиотерапиялық қызмет, оның негізгі мақсаты кітап пен оқу арқылы өмірлік проблемаларды, психологиялық жарақаттарды жеңуге көмектесу;

- оқу қызметінің түрлі аспектілерін мониторингілеу, зерттеу, диагностикалау.

Алынған зерттеу нәтижелеріне сәйкес, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту барысында, ең алдымен, жастардың оқуға деген мотивациясын арттыру басымдыққа ие екенін айту керек. Біздің ойымызша, жоғары оқу орындарында оқу техникасы бойынша семинар, кездесулер және курстар ұйымдастырылуы қажет, ол өз кезегінде білім алушыларды жылдам оқуға әдеттендіреді. Жоғары оқу орны кітапханалары бай контентпен жабдықталуы тиіс, яғни студент кез келген кітапқа қол жетімді бола алатындай, кез келген жаңа басылымдарды дер кезінде ала алатындай [266].

Сонымен, жоғарыда қарастырылған мәселелер параграфты тұжырымдауға мүмкіндік берді:

- Шетелдік ЖОО-дағы «Педагогикалық білім беру» мамандығында «Оқырмандық іс-әрекет теориясы мен практикасы», «Оқу мәдениетінің негіздері» сияқты таңдау пәндерінің оқырмандық мәдениетті дамыту мақсатында оқытылатындығы анықталды;

- Зерттеу базасындағы 5B010300 – «Педагогика және психология» мамандығының оқу бағдарламасына талдау жасалып, мүмкіндіктері қарастырылды;

- Зерттеудің мақсатына сәйкес, «Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту» атты кешенді бағдарламаның үш бағыты бойынша: пәндік, танымдық, шығармашылық қарастырылды. Қоғамдағы студенттердің зияткерлік әлеуеті оқырмандық мәдениеттің деңгейін арттырумен байланысты екендігі дәлелденді.

- Қалыптастыру кезеңінде «Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту» атты кешенді бағдарламаның бағыттары 2.3 параграфтағы «Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделімен» өзара байланыстырып, іске асырылды.

- «Педагогтың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» атты кешенді бағдарламаның пәндік бағытына семинар сабақтарының мазмұнына толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Студенттерді оқырмандық мәдениетін дамытудың әдіс-тәсілдері, құралдары мен формалары тиімді пайдаланылады. Мұндай сабақтар барысында студенттер хабарламалар жасау, ойларын толықтыру, талдау, өзіндік талдау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік алады. Семинар сабақтарында білім алушылар оқытудың белсенді әдістерін тиімді қолдана отырып, өзіндік талдау, сыни ойлау, ой қорыту, жинақтау, өзінің жеке пікірін қорғау арқылы әрбір тақырыптың мазмұнын терең меңгереді.

- Кешенді бағдарламаның танымдық бағыты бойынша «Кітап – табысқа апарар жол» пікірсайысы арқылы жүзеге асырылады. «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» атты элективті пәннің мазмұнына студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуды танымдық-практикалық жағынан құндылығын арттыру үшін білім алушылардың СӨЖ, ОБСӨЖ сабақтарына қосымша тақырыптар енгізілді. СОӨЖ; СӨЖ сабақтарында білім алушылар мәселені талқылауға қатысу барысында алған мәліметтеріне әрі қарай тереңдей түсу, ол білімдерді өз бетінше толықтыру, теориялық білімді тәжірибемен салыстыру сияқты мәселелер қарастырылды.

- Үшінші шығармашылық бағытта студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту жұмыстары «Оқырман шеберханасы» клубын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды. «Оқырман шеберханасы» клубын ұйымдастыру жұмысының әдістемелік мазмұны жүйеленді.

Осы айтылғандардың тәжірибелік жұмыстар барысындағы тиімділігін эксперимент кезіндегі бақылау және эксперимент топтарындағы көрсеткіштер нәтижелері келесі 3.3 параграфта қарастырылады.

3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері мен болашағы

Бұл параграфтың мақсаты – тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелерін және болашағын айқындау. «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру» элективті курсының тиімділігін жүзеге асыруға бағытталды. Біздің зерттеуіміздің эксперименттік жұмысын ұйымдастыру барша әлемде болып жатқан пандемия жағдайында

жүзеге асырылды. Студенттердің оқырмандық мәдениетінің шынайы деңгейін анықтауда біз көбінесе онлайн платформаларды пайдаландық. Онлайн форматында іске асырылған сауалнама жастардың құндылық бағдарлары мен оқырман белсенділігі арасындағы өзара байланысты орнатуға, сондай-ақ оқырман іс-әрекетінің ерекшеліктерін ашуға, олар үшін неғұрлым маңызды арналар мен сәннің әлеуметтік-психологиялық тетіктерін белгілеуге, оқырман іс-әрекетін ынталандырудағы интернет-технологиялардың рөлін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеуіміздің бағдарламасына сәйкес студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы үш бағытта дайындалды. Бірінші бағыт – пәндік бағытта «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру технологиялары» элективті пәні арқылы; Екінші бағыт – танымдық бағытта «Оқырман шеберханасы» клубының жұмысы; Үшінші бағыт «Кітап – табысқа апарар жол» пікірсайысы сияқты жұмыстар ұйымдастырылып, өткізілді. Қалыптастырушы эксперимент барысында ұйымдастырылған кешенді бағдарлама жоспарына сәйкес психодиагностикалық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік жұмыстар мен іс-шаралар жоғары оқу орны студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуда біршама оң өзгерістерге қол жеткізгенімізді байқатты.

Бақылау экспериментінде анықтаушы мен қалыптастырушы эксперимент көрсеткіштерін талдай келе, нақты өзгерістерді сипаттау мақсатында математикалық өңдеу арқылы дәлдігін есептеуді жөн көрдік.

Зерттеуімізде қолданылған әдістемелерден алынған нәтижелердің таралушылық деңгейі IBM SPSS Statistics v26 бағдарламасында Колмогоров-Смирнов критерийі арқылы тексерілді (кесте 38). Нәтижесінде 3 компоненттің де таралушылық деңгейі қалыпты емес екендігі анықталды. Параметрлік емес мәліметтер жиынтығы үшін Уилкосонның Т-критерийі қолданылған. Зерттеу барысында қалыптастырылған болжамдар (гипотеза):

X_0 = екі таңдама арасында айырмашылық жоқ

X_1 = екі таңдама арасында айырмашылық бар.

Төменгі 38, 39 кестелер мен диаграммада мотивациялық-құндылық, когнитивті-танымдық, нәтижелі-практикалық компоненттер бойынша өңделген статистика және студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мотивациялық-құндылықтық компоненті) берілген.


Кесте 38 - Колмогоров-Смирнов критерийінің мәндері

Компонент	Колмогоров-Смирнов критерийінің мәндері			
	Статистика		p-мәні	
	Дейін	Кейін	Дейін	Кейін
мотивациялық-құндылықтық	152	169	0,13	,003
когнитивті-танымдық	152	230	,012	,000
нәтижелі-практикалық	224	167	,000	,003

Кесте 39 - Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мотивациялық-құндылықтық компоненті)

Деңгейлер	БТ, %		ЭТ, %	
	Экспер.дейін	Экспер. кейін	Экспер. дейін	Экспер.кейін
жоғары	7 (18%)	7 (18%)	8 (17%)	15 (34%)
орташа	15 (36%)	15 (36%)	15 (35%)	19 (43%)
төмен	19 (46%)	19 (46%)	21 (48%)	10 (23%)

Мотивациялық-құндылық компонент бойынша бақылау мен эксперименттік топтарындағы студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгерісін 42, 43 суреттерден байқауға болады.



Сурет 42 - Бақылау тобындағы студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мотивациялық-құндылықтық компоненті)

Егер бақылау тобында көздеп тұрған компоненттің көрсеткіштері өзгермесе, эксперимент тобында мақсатты жүргізген зерттеу жұмысының оңды нәтижесі айқын көрініп тұр.



Сурет 43 - Эксперимент тобындағы студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мотивациялық-құндылықтық компоненті)

Мотивациялық – құндылықтың компонент бойынша студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгерісі **М (орташа)** мәнінің эксперименттен кейін өзгеруінен айқын байқауға болады (кесте 40). Сонымен қатар **p<0,05** болғандықтан, нәтиже статистикалық мәнді, яғни элективті курс және басқа да жұмыстар өз тиімділігін дәлелдеді деген тұжырым жасауға болады.

Кесте 40 - Мотивациялық-құндылықтық компоненті бойынша студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерін Уилкоксонның Т-критерийі арқылы тексеріс нәтижесі

	М	s	p - мәні
Экспериментке дейін	12,45	5,912	,000
Эксперименттен кейін	15,45	6,828	


Когнитивті-танымдық компоненті бойынша студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасын 41 кесте мен 44,45 суреттерде көрсетуге тырыстық.

Кесте 41 - Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасы (когнитивті-танымдық компоненті)

Деңгейлер	БТ, %		ЭТ, %	
	Экспер. дейін	Экспер. кейін	Экспер. дейін	Экспер. кейін
жоғары	6 (15%)	6 (15%)	6 (13%)	9 (20%)
орташа	13(32%)	13 (32%)	13 (30%)	22 (50%)
төмен	22 (53%)	22 (53%)	25 (57%)	13 (30%)



Сурет 44 - Бақылау тобындағы студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасы (когнитивті-танымдық компоненті)



Сурет 45 - Эксперимент тобындағы студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасы (когнитивті-танымдық компоненті)

Жоғарыдағы кестелер мен сызбаларда сандық көрсеткіштердің айырмашылығы бақылау және эксперимент топтары бойынша берілген. Эксперимент жүргізілген топтарда зерттеу барысында болжамдаған нәтижелер прогрессивті сипатқа ие болып тұр. Бұған тағыда бір дәлел төмендегі 42 кестеде когнитивті-танымдық компоненті бойынша студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлері Уилкоксонның Т-критерийі арқылы жасаған оңды нәтижесі.

Кесте 42 - Когнитивті-танымдық компоненті бойынша студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерін Уилкоксонның Т-критерийі арқылы тексеріс нәтижесі



	M	s	p - мәні
Экспериментке дейін	11,11	5,270	,000
Эксперименттен кейін	14,05	5,771	

Когнитивті-танымдық компонент бойынша студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгерісі **M (орташа)** мәнінің эксперименттен кейін өзгеруінен айқын байқауға болады. Сонымен қатар **p<0,05** болғандықтан, нәтиже статистикалық мәнді, яғни элективті курс және басқа да жұмыстар өз тиімділігін дәлелдеді.

Нәтижелі-практикалық компонент бойынша студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасын 43 кесте мен 45 суреттен көре аламыз. Осы тұрғыдағы салыстырма эксперимент тобының оң динамикасын дәлелдеп тұр.

Кесте 43 - Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасы (нәтижелі-практикалық компонент)

Деңгейлер	БТ, %		ЭТ, %	
	Экспер. дейін	Экспер. кейін	Экспер. дейін	Экспер. кейін
жоғары	8 (20%)	8 (20%)	7 (15%)	11 (25%)
орташа	14 (33%)	14 (33%)	11 (26%)	19 (43%)
төмен	19 (47%)	19 (47%)	26 (59%)	14 (32%)



Сурет 46 - Бақылау тобындағы студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасы (нәтижелі-практикалық компонент) және Эксперимент тобындағы студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгеру динамикасы (нәтижелі-практикалық компонент)

Нәтижелі-практикалық компоненті бойынша студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерін Уилкоксонның Т-критерийі арқылы тексеріс нәтижесі 44 кестеден байқай аламыз. Бұл жерде эксперимент тобы нәтижесінің өсуі анықталған

Кесте 44 - Нәтижелі-практикалық компоненті бойынша студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерін Уилкоксонның Т-критерийі арқылы тексеріс нәтижесі

	M	s	p - мәні
Экспериментке дейін	11,00	4,993	,000
Эксперименттен кейін	13,84	5,540	

Нәтижелі-практикалық компонент бойынша студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту деңгейлерінің өзгерісі **M (орташа)** мәнінің эксперименттен кейін өзгеруінен айқын байқауға болады. Сонымен қатар **p<0,05** болғандықтан, нәтиже статистикалық мәнді, яғни элективті курс және басқа да жұмыстар өз тиімділігін дәлелдеді.

Бақылау эксперимент қорытындыларында студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту жоғарыда көрсетілгендей нақты өзгерістермен сипат алды.

Сонымен, осы тараудағы эксперимент нәтижесі көрсеткендей, жоғарыдағы диаграммалар мен кестелердегі мәліметтер эксперимент тобында біршама өзгерістердің болғандығын сипаттайды. Оқыту үрдісіне енгізілген кешенді бағдарлама жоспарына сәйкес психодиагностикалық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік жұмыстар мен іс-шаралар өз тиімділігін дәлелдеп, зерттеу мақсаты қол жеткізуге мүмкіндік бере алды.

Интернет-іс-шараларды, мысалы, электронды көрмелерді дайындау кезінде компьютерлік және мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктері қолданылады. Электрондық көрме гипермәтін қағидаты бойынша құрылады, материалдардың библиографиялық сипаттамасы, иллюстрациялар, фотосуреттер, карталар, кітап мұқабалары және т.б. міндетті түрде ұсынылады. HTML форматындағы виртуалды көрменің мысалы – дизайнға мұражайлық көзқараспен сипатталатын Британдық кітапхананың көрмелері. Бұл көрмелерде иллюстрациялық материалдар (портреттер, суреттер, фотосуреттер және т.б.), жеке шығармалардың толық мәтіндері, дыбыстық жазбалар, мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктері кеңінен қолданылады.

Сонымен қатар, кітап ескерткіштерін цифрландырудың арнайы бағдарламаларын және «аударылатын беттер» жүйесін қолдану көрмеге қатысудың ақпараттылығына, әсемдігіне және өзіндік әсеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқуды дамытуға көмектесетін электрондық ресурстар.

Пайдаланушылардың интернетті мазмұнды толтыруға деген қызығушылығының артуы кітапханаларға, кітап шығару және кітап сату ұйымдарына электрондық кеңістікті ауқымды жарнамалық науқандарды өткізу, Жаңа кітаптар, электрондық интернет өнімдері, көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттандыру үшін ақпараттық алаң ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Жастардың оқырмандық мәдениетін дамытуға және отандық әдебиеттерді насихаттауға бағытталған тағы бір маңызды инновациялық тәсіл – бұл кітапханалардың әлеуметтік кеңістігін ұйымдастыруға деген көзқарас. Бұл ұғымға біз кітапхана кеңістігінің сыртқы және ішкі мазмұнын, сондай-ақ дизайн, сәулет саласындағы мамандардың, психологтардың, имиджмейкерлердің, маркетинггерлердің және кітапхана қызметкерлерінің жұмыстарының нәтижелерін енгізу.

«Отбасылық оқу» ұғымы жалпы өмірде де, академиялық ортада да белсенді қолданылады, бірақ оның нақты анықтамасы жоқ. Жалпы алғанда, отбасылық оқу дегеніміз – бұл әдетте ересектер мен балалар арасындағы тұрақты қарым-қатынасты, кітаптарды бірге оқып, кез-келген формада (ауызша, жазбаша, ойын) талқылауды білдіреді. Отбасылық оқуды тек балалар мен ересектер кітаппен байланысты қарым-қатынаспен шектеудің қажеті жоқ деп болжаймыз; фразалық, негізінен, кітап арқылы делдал болған барлық отбасы мүшелерінің өзара әрекеттесуін білдіруі мүмкін. «Отбасылық оқумен» қатар, «бірлескен оқу» термині де жиі қолданылады. Бұл анықтамада «отбасы» ұғымының негізгі тұжырымдамасының болмауына қарамастан, бірлесіп оқу көбінесе «ересек – бала – кітап» триадасында өзара әрекеттесуді білдіреді, оның негізгі мотивациясы сауаттылықты оқытумен, сөздік қорын кеңейтумен,

интеллектуалды дамумен қатар, бірлескен өмір тәжірибесі арқылы тығыз ұрпақтар арасындағы байланыстарды қалыптастыру болып табылады. Сонымен бірге, бірлесіп оқу көбінесе басқа әлеуметтік институттардың өкілдерін (балабақшада, мектепте, кітапханада, оқу клубында және т.б.) қатыстыра отырып, отбасылық оқу шеңберінен шығады.

Бақылау кезеңінде жоспарланған іс-әрекеттердің орындалуында:

- эксперименттік және бақылау тобы студенттерінің шығармашылық қабілеттерінің қалыптасқандығының жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталды;

- тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелерін сандық және сапалық талдау арқылы жүзеге асырылды.

Сонымен, осы тараушадағы эксперимент нәтижесі көрсеткендей, жоғарыдағы суреттер мен кестелердегі мәліметтер эксперимент тобында біршама өзгерістердің болғандығын сипаттайды. Оқыту үрдісіне енгізілген кешенді бағдарлама жоспарына сәйкес психодиагностикалық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік жұмыстар мен іс-шаралар өз тиімділігін дәлелдеп, зерттеу мақсаты қол жеткізуге мүмкіндік бере алды.

Цифрландыру жағдайында университет студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту бойынша анықтау экспериментін жүргізудің *негізінде мынадай тұжырым жасадық:*

- ЖОО-ның оқыту жүйесінде студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту үшін заманауи білім беру бағдарламаларына, психологиялық-педагогикалық диагностикалық әдістер мен инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануымен байланысты болады;

- цифрландыру жағдайында студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту маңызды, әрі күрделі үрдіс болып табылатындықтан, студенттердің бойынан оқу мәдениеті, оқуға деген қызығушылық, танымдық ізденімпаздық болуы қажет;

- заманауи студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытуда интернет-іс-шараларды, электронды, виртуалды көрмелерді (кітаптердің библиографиялық сипаттамасы, иллюстрациялар, фотосуреттер, карталар, кітап мұқабалары және т.б.) кеңінен падаланып компьютерлік және мультимедиялық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін қарастыру қажет (дыбыстық жазбалар, мультимедиялық технологиялар, кітап ескерткіштерін цифрландырудың арнайы бағдарламалары және «аударылатын беттер» жүйесі, оқуды дамытуға көмектесетін басқада электрондық ресурстар), көрмеге қатысудың ақпараттылығына, әсемдігіне және өзіндік әсеріне қол жеткізу;

- ЖОО-да ыңғайлы үйлесімді психологиялық ахуал мен өзбетінше білім алу кеңістігі – студенттердің оқырмандық мәдениетінің дамуына жағдайлар жасауды көрсетеді;

- шығармашылық қабілет – студенттің бойындағы тұлғалық қасиетті көрсететін болғандықтан, кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің жас және дара ерекшеліктерді есепке алу қажет;

- ЖОО-да заманауи оқыту жүйесінде ақпараттық-цифрландырылған технологияларды кеңінен пайдалану арқылы студенттердің рефлексиясын және оқырмандық мәдениетін сақтауды арттыру қажет.

Сонымен параграфты қорытындылайтын болсақ, біз ұсынған құрылымдық-мазмұндық модель, оны іске асырған кешенді бағдарлама, әр түрлі әдістер зерттеу мәселеміз ЖОО-дағы оқу-тәрбие жүйесінде өзекті екендігіне күмән келтірілмейді. Заманауи студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытуда мақсатты жұмыс-бұл жастардың жалпы интеллектісін арттыру шеңберіндегі қажетті зерттеу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Маманның кәсіби құзыреттілігін дамытудың ең тиімді әдісі – білім беру, зерттеу және кәсіби қызметте нақты және толық ақпараттық негіз құру мақсатында оқудың сөйлеу әрекетін жүзеге асыру. Әр түрлі авторлардың ақпараттық көздеріне үнемі жүгініп, оқырман ақпаратты жинай, жинақтай, жаңарта алады, ақпаратты салыстыра, талдай алады.

Қазіргі жағдай ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына қарамастан, жастарды оқуға және кітапқа жақындатпайды, керісінше тарих барысында адам жасаған материалдық және рухани құндылықтардан, ең алдымен мәдениет, ғылым және білім саласындағы жетістіктерден алыстатады. Сананың рационалды-тұтынушылық түрі қалыптасуда, алдыңғы ұрпақтар жасаған мәдени мұраны сақтауға және көбейтуге қабілетті адамгершілік тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай нашарлауда. Сондықтан деструктивті әлеуметтік құбылыстардың өсу қаупі алдында оқуды қорғау, оған деген қызығушылықты сақтау мемлекеттік маңызы бар бірқатар міндеттерге айналады.

Оқу адамға зияткерлік қанағат әкеледі, қиялын байытады, адамға еркіндік пен жеке дамуға мүмкіндік береді, өмір сапасын жақсартуға ықпал ететін, қазіргі ұрпақтың оқырмандық мәдениетін қалыптастыратын, мәдени мұраны сақтайтын және көбейтетін маңызды білім беру және ақпараттық ресурс болып табылады.

Оқу қазіргі заманғы жас адамға қажет, оның рухани жолы ішкі ресурстарын өзін-өзі түсінуге, әсіресе ішкі әлемі мен жеке басын түсінуге, тарихтағы рөлі мен мақсатын, жақсылық пен жамандық тұрғысынан басқа адамдармен қарым-қатынасын түсінуге жұмылдыру қабілетінен басталады. Бұл шығармашылық ізденісте рухани дамыған тұлға қалыптасады, ол өзінің тағдыры үшін ғана емес, жақындарының тағдыры үшін де, өзі өмір сүретін елдің тағдыры үшін де жауапкершілік ала алады.

Зерттеу барысында жасалған теориялық талдаулар мен алынған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар негізінде төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1. Жоғары оқу орнының студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту мынадай әдіснамалық тұғырлар негізінде жүзеге асады: мәдениеттанушылық, аксиологиялық, ақпараттық-цифрландырылған, психологиялық, синергетикалық.

2. Жоғарыда көрсетілген әдіснамалық тұғырлар негізінде біз, студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуда мынадай қағидаларға сүйендік: ғылымилік, іс-әрекетті ұйымдастыру, тұлға дамуының үздіксіздігі, қолжетімділік, өзін-өзі ұйымдастыру.

3. Зерттеу барысында контент-талдау арқылы студенттердің оқырмандық мәдениетінің мәні анықталды: *Студенттердің оқырмандық мәдениеті – өзіндік және кәсіби өзін-өзі жетілдіру мақсатында мағыналық ізденіс және шығармашылық белсенділікті қамтамасыз ететін, құндылық бағдарын өз*

бетінше анықтаумен, мінез-құлық икемділігімен сипатталатын үздіксіз, тұтас жүйе (білім, білік, оқуға деген қажеттілік, оған тұрақты қызығушылық).

4. Диссертациялық зерттеу барысында жоғары оқу орындары студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамытудың моделі жасалды, модельдің құрамдас бөліктері ретінде мақсаттық (мақсат, міндеттер), әдіснамалық (әдіснамалық амалдар, қағидалар), (мазмұны, формалары, әдістері) және нәтижелік (компоненттер, көрсеткіштер, деңгейлер және нәтиже) блоктар қарастылып, оларға сәйкес әр блоктың мазмұны ашылды.

5. Студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытудың кешенді бағдарламасы дайындалып: «Педагогтардың мектептегі нормативтік құжаттары және оны жүзеге асыру» элективті курсы, «Оқырман шеберханасы» клубының жұмысы, «Кітап – табысқа апарар жол» пікірсайысы және т.б. жұмысы ұйымдастырылып, тиімділігі эксперимент арқылы тексерілді. Элективті курс негізінде жүргізілген эксперименттер қосымша әдебиеттермен жұмыс жасауда студенттердің өзіндік жұмыстарын дамытуға мүмкіндік берді. Психология мен педагогика бағытындағы әдебиеттермен жұмыс, Абайдың Қара сөздерінің педагогикалық құндылығын анықтау және сол сияқты т.б. тапсырмалар тиімділігін көрсетті, білімалушылардың қызығушылығын оятты, дүниетанымын кеңйтті. Жалпы әзірленген диагностикалық құралдар эксперименттік топта студенттердің оқырмандық мәдениетін дамытуда сапалы өзгерістерді байқатты.

Зерттеу нәтижелерін саралай келе, жоғары оқу орнының студенттерінің оқырмандық мәдениетін дамыту мақсатында төмендегідей ұсыныстар берілді:

- ЖОО-ның факультет көлемінде студенттердің оқырмандық мәдениетін дамыту мәселесі төңірегінде оқытушыларға арналған семинарлар мен біліктілігін арттыру курсы ұйымдастырылса;

